А.М.БУДИКОВА, техника ғылымдарының кандидаты,

Э.А.КАШАКОВА, магистрант,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Аннотация

Мақалада шөгінді топырақтың зертханалық зерттеу жұмыстары келтірілген. Соңғы он жылдықта көптеген зерттеушілер физикалық және механикалық (берік және деформацияға ұшырайтын) лессті топырақтың өзгергіштігін байқаған және бұл өзгерісті инженерлік есептеулерде ескеру керектігін айтады.

Лессті топырақтың өзгергіштігін анықтау үшін Қазақстанның оңтүстік бөлігіндегі топырақ қабаты алынып, салыстырмалы анализ жасалды. Зертханалық зерттеу жұмыстары сарғыш шөгінді топырақты суландыруға дейін және кейінгі нәтижесі бойынша физика-механикалық қасиетін анықтауға негізделді.

Зертханалық зерттеу жұмыстарының негізіне лессті топырақтың өзгергіштігі, уақыт факторының әсері, деформацияға ұшырауы т.с.с. процестерді анықтау кіреді. Бұл әдістер лессті топырақтың ылғал күйі мен өзгеріске ұшыраған деформациясы аралығындағы жікті анықтауға көмектеседі.

Зерттеу нәтижелерін саралай келе, лессті топырақтың өзгергіштігі физикалық қана емес, сонымен қатар суландырудан кейінгі беріктік және деформация сипаттамаларының өзгергенін де айтуға болады. Лессті балшықтың (саздақ) ылғалдылығы сусіңірімділік деңгейінің шегіне жеткенде, топырақтың ілінісу (жабысу) күші нөлге жетіп, ішкі үйкеліс 1,6 есе азайған. Лессті топырақтың өзгергіштігі су құрылысында ерекше байқалады. Топырақ құрылымының бұл өзгерісі және оның нақты анықталмауы салдарынан, су құрылысында болатын орын ауыстырулардың шамасын статистикалық және болжамдық негізде ғана анықтайды.

Кілт сөздер: негіз, лессті топырақ, қысым, сығылу, шөгінді топырақ, топырақтың компрессиялық модулі.

Аннотация

В статье предлагается лабораторные исследования просадочных грунтов. В последнее десятилетие многие исследователи отмечали значительную изменчивость физических и механических (прочностных и деформативных характеристик) лёссовых грунтов и необходимость учета этого обстоятельства в инженерных расчетах.

Для проведения сравнительного анализа изменчивости свойств лёссовых грунтов юга

Казахстана нами были проведены лабораторные исследования физико-механических свойств лёссовых просадочных грунтов до и после их замачивания.

Преимуществом лабораторного исследования является возможность изучения ожидаемых процессов с учетом пространственной изменчивости лёссовых грунтов, фактора времени, деформированного состояния и т.д. Эти методы обеспечивают получение материала в объеме, необходимом для статистической обработки данных с целью выявления корреляционных зависимостей между изменениями влажностного режима лёссовых грунтов и их деформируемостью.

Анализируя полученные результаты, можно сказать, что лёссовые грунты характеризуются изменчивостью как физических, так и прочностных и деформативных характеристик после их замачивания. При повышении влажности лёссового суглинка до полного водонасыщения значение силы сцепления уменьшилось практически до нуля, а угол внутреннего трения – в 1,6 раза. Изменчивость характеристик лёссовых грунтов в основаниях гидросооружений после их замачивания является объективным качеством лёссовых просадочных грунтов. В свою очередь большая изменчивость свойств грунтов и невозможность их однозначного описания является одной из предпосылок, обуславливающих необходимость определения величины перемещений гидросооружений и их лёссовых оснований на статистической и вероятностной основе.

Ключевые слова: основание, лёссовые грунты, давление, сжатие, просадочные грунты, компрессионные модули грунтов.

Annotation

The article suggests a laboratory study of soil subsidence. In the past decade, many researchers have noted considerable variability of physical and mechanical (strength and deformability characteristics) loess soils and the need to take this into consideration in engineering calculations.

For a comparative analysis of the variability of the properties of loess soils of southern Kazakhstan we have conducted laboratory studies of physical and mechanical properties of loess soil subsidence before and after soaking.

The advantage of laboratory research is the ability to study processes taking into account the expected spatial variability of loess soils, the time factor, strain state, etc. These methods provide a receipt of the material to the extent necessary for the statistical data in order to identify correlations among the changes in the loess soil moisture regime and their deformability.

Analyzing the results, we can say that the loess soils are characterized by varying both physical and strength and deformability characteristics after soaking. With increasing humidity loess loam to full water saturation value traction decreased to almost zero, and the angle of internal friction - 1.6 times. Variability of loess soils in the grounds of hydro after soaking is an objective quality collapsible loess soils. In turn, the large variability of soil properties, and they can not be unambiguous description is one of the prerequisites that would warrant a determination of the value of hydraulic movements and their loess bases on statistical and probabilistic basis.

Key words: the base, loess soils, pressure, compressive, subsiding soils, compression modules soil.

Сары топырақты дымқылдандырғанда қатты кристалды байланыстар ериді, су үлдірінің ажырау әрекеті дамиды, бөлшектер арасындағы сулы-коллоидтік байланыстың беріктігі төмендейді, ал ол топырақтың тығыздалуына әкеледі. Тығыздалу процесінен кейін салыстырмалы түрде сары топырақтың бетіндегі қабаты 2-2,5м-ге дейін отырады.

Топырақтың отыруын одомерге су жіберумен компрессиялық сынақ арқылы анықтайтын ε_{st} салыстырмалы шөгуге бағалайды. Сынақ нәтижесі бойынша тығыздау кезінде өзгеру сипаты мен қысымынан үлгі биіктігіне тәуелді кесте құрылады, содан кейін осы қысым кезінде салыстырмалы шөгіндіні табады:

$$\varepsilon_{st} = (h_{n,p} - h_{sat/p}) / h_{n,g} \quad (1)$$

$h_{n,p}$ - құрылысты салудан кейінгі осы тереңдіктен күткен қысым кезіндегі табиғи ылғалдылықтағы топырақ үлгісінің биіктігі; $h_{sat/p}$ - суланып болған шөгуден кейінгі үлгі биіктігі; $h_{n,g}$ - осы z тереңдікте $p_1 = \sigma_{z,g}$ табиғи қысымдағы сынама биіктігі.

Топырақты $\varepsilon_{st} > 0,01$ шөгінді деп есептейді. ε_{st} шамасы қатып қалу деңгейіне байланысты болады. Азғантай қысымда сары топырақты мүлдем шөгінді емес дейді. Алайда бастапқы шөгінді қысымды тәжірибелі қазаншұңқырға су құю жолымен анықтаған дұрыс. Ол үшін өсімдік жамылғысын алады және оларға тәжірибе алаңында құлатуды жүзеге асырады. Алаң орталығына терең маркаларды қондырады және сары құм қабатының барлығы ылғалданғанша қазаншұңқырға су жібереді. Қазаншұңқыр көлемі жоспардағы сыналатын топырақтың шөгінді қабатының қалыңдығынан кіші болмауы тиіс.

Қосымша дымқылдау шамасында сары топырақ тек қазаншұңқыр түбінде ғана отырмайды, сонымен қатар оның айналасында да болады. Осы шөгу 1-суретіне сәйкес жарықтар мен кертпелердің пайда болуында топырақтың созылуымен жүреді. Көлденең қабатталған тұрақтылықты терең маркалар көмегімен өлшеу топырақтың өзінің салмағы әсерінен отыра бастайтын тереңдікті белгілеуге мүмкіндік береді. Бұл қысым p_{st} бастапқы отыру қысымы болып табылады. Осы қысым p_{st} көп болған сайын, шылатылған кезде топырақ мықты болады.

Бұл тәжірибе топырақтың шөгу түрін белгілеуге мүмкіндік береді:

I типі - топырақтың өзінің салмағы әсерінен барлық қабаты 5см отырады (көбінесе топырақтың сулану кезінде отыруы сыртқы салмақ әсерінен дамиды).

II типі - топырақтың өзінің салмағы әсерінен барлық қабаты 5см-ден аса отырады.

Көптеген шаң-сазды топырақтар ылғалды қабық түрінде бөліктердің үстінде судың сіңірілуіне байланысты ылғалдылықтың өзгеруімен өзінің көлемін өзгертеді. Бөліктердің бір-біріне жақын орналасуында су тепе-теңдік жағдайға қол жеткізу үшін топырақтың суды толық сіңіруіне дейін бөліктерді ажыратады.


Ісіну үдерісіне жалғасу кедергісі мен кернеу әрекеті жол бермейді. Кейбір кернеулікте олай болмайды. Ісіну тоқтайтын ең төменгі кернеулер p_{sw} ісіну қысымы деп аталады. Саз қабатының барлық тереңдіктерінде әрекет ететін қысымдар ісіну қысымынан жоғары, сондықтан шылату кезінде топырақты жоғары ығыстыру байқалмайды.

Топырақтың ісінуін топырақты одометрмен сынауда және анықтауда табатын e_{sw} салыстырмалы ісіну еселігімен өлшейді:

$$e_{sw} = (h_{sat} - h_n) / h_n \quad (2)$$

ондағы h_{sat} - табиғи құрамы бұзылмаған топырақ сынамасының биіктігі; h_n - суға қаныққаннан кейінгі.

Ісінген топырақ кебу кезінде шөгеді, ол әсіресе жылу бөлетін құрылыстың өзгеруіне әкелуі мүмкін.



Сурет 1 - Сулану кезіндегі сары топырақтың үстінгі қабатының отыруы:

1-суланудан кейінгі топырақтың үсті; 2-дәл сондай, сулануға дейінгі;

3-құм себу; 4-суланған топырақ.

Құм және шанды-сазды топырақ ыдыраған органикалық заттарды толығымен қоспауы мүмкін. Егер топырақта мұндай заттар құрғақ топырақ салмағынан 10% болса, онда оның атауында топырақ органикалық затты құрайтындығы көрсетіледі. Егер органикалық зат құрамы 10-50% құраса, топырақты шымтезектеле бастауға жатқызады, ал органикалық зат құрамы 50% құраса шымтезекке жатқызылады.

Шымтезек - ол борпылдақ және ылғалды топырақ. Су толтырылған тесіктер көлемі қатты зат көлемінен 4-12 және одан жоғары есе көп, сондықтан шымтезек жоғары қысылу қабілеттілігіне ие. Шымтезектерді ашық, мүлдем тығыздалмаған және үстіңгі жағында табиғи минералды топырақтары бар немесе техногенді шөгінділері бар жерлер деп бөледі.

Негіз ретінде шымтезектеле бастаған топырақты пайдалану топырақ қабатының қалыңдығы тең болған кезде мүмкін болады және салу алаңы бойынша құрылымы өзгермейді.

Техногенді шөгінділерді пайда болу тұрғысынан ажыратады. Тығыздауға әдейі салынған немесе езілген топырақ құрылыс негізі болуы мүмкін, яғни олардың құрылымы салу және тығыздаудан кейін, кейде құрылыс алдында анықталуы тиіс. Өндірістік және тұрмыстық қалдықтардан пайда болған топырақ біркелкі емес және кей жағдайларда құрылыс негізі ретінде пайдаланылады.

Одометрде топырақтың суды толық сіңірілуін тексергендегі қысымның мәні, сынама биіктігі - h топырақтың тығыздығына қатысты төмендейді.

Δe_i топырақтың кеуектілік еселігінің өзгеруі p_i қысым әсерінен мына формула бойынша анықталады:


$$\Delta e_i = (1 + e_0) s_i / h \quad (3)$$

ондағы s_i - қысым әсерінен шөгу p_i ; e_0 - топырақтың бастапқы кеуектілік еселігі.

$e_0, \Delta e_i$ мәнін ескере отырып, p_i қысымы кезіндегі e_i топырақтың кеуектілік еселігі анықталады:

$$e_i = e_0 - (1 + e_0) s_i / h \quad (4)$$

e_i мәні бойынша түрлі қысым кезінде, 1.2-суретіне сәйкес қисық құрылады.



Сурет 2 - Компрессиялық қисықтар

а – жалпы заңдылық, б – салыстырмалы сығылу еселігін анықтауға арналған есептеу сұлбасы

Құрылымы әлсіз топырақтар үшін 1 қисықты аламыз (сығылу тармағы). Егер топырақ үлгісін жеңілдете отырып, қысымды сатылы азайтсақ, онда топырақ көлемінің өсуі байқалады. Орын ауысу мөлшерін біліп және (4) формуланы қолдану арқылы 2 қисық құруға болады (ісіну тармағы).

Қысым әсерінен кеуектілік еселігінің қисық тәуелділігін компрессиялық қисық деп атайды, өйткені ол топырақтың сығылуын сипаттайды.

Ісіну тармағының сығу тармағының астында орналасуы топырақ тығыздығының

өзгеру мүмкіндігі бар екендігін айқындайды. Ісіну үрдісі ұзақ уақытты алады, өйткені қаңқаның қалпына келуімен байланысты. Барлық жүкті түсіргеннен кейін бөлшектердің өзара ығысуы, нығыздалуы және олардың арасындағы жаңа байланыстың орнығуы бастапқы көлемді ала алмайды.

Салыстырмалы сығылу еселігін анықтаймыз. Көп жағдайларда құрылысты салғаннан кейін p_1 табиғи мәнінен p_2 - салыстырмалы қысым мәніне дейін топырақтың құрылымы бұзылмағанын компрессиялық қисық көрсетеді, 2б-суретінде қиылысатын түзу AB салыстырмалы түрге жақын болып келеді.

Бұл қиылыс түзуінің теңестірілуі:

$$e_i = e_0 - p_i \operatorname{tg} \alpha = e_0 - m_0 p_i \quad (5)$$

$\operatorname{tg} \alpha$ шамасы p_1 ден p_2 дейін қысымның өзгеруі төңірегінде топырақтың сығылуымен сипатталады, сондықтан оны сығылу еселігі деп атайды және m_0 әріпімен белгілейді.

1.2б суретіне сәйкес сығылу еселігі m_0 тең:

$$m_0 = (e_1 - e_2) / (p_2 - p_1) = (e_1 - e_2) / p \quad (6)$$

осы теңдестікте p - табиғи қысымның үстінен қосымша қысым $p_1 = \rho h = \gamma h$.

Салыстырмалы сығылу еселігі былай анықталады:


$$m_v = m_0 / (1 + e_0) = s_i / (h p_i) \quad (7)$$

Табиғи күйдегі топырақтың ығыстырылуы үстіңгі қабаттардың сығылуына әсер етеді, алайда кейбір жағдайларда ығыстырылу топырақтың кебу кезінде пайда болатын немесе жер асты суларының деңгейі төмендеу әсерінен болады.

Ығыстыру нәтижесінде, топырақ бөлшектерінің арасында сулы-коллоидтық байланыстар орнайды. Топырақтың ұзақ тұру үрдісінде оларда қосымша нәзік кристалданған байланыстар орнауы мүмкін. Бұл байланыстар топыраққа белгілі бір беріктік береді, оны p_{str} топырақтың құрылымдық беріктігі деп айтады.

Сығылу кезінде қысым сулы-коллоидтық және кристалды байланыстармен қабылданса ($p < p_{str}$) құрылым беріктігі тығыздалу кезінде дамымайды. Тек ($p > p_{str}$) байланысты үзген жағдайда топырақтың тығыздалуы байқалады.

Мұндай топырақтың сығылуы 3а суретіндегі компрессиялық қисықта көрсетілген.



Сурет 3 - Құрылымдық беріктігі бар топырақтың компрессиялық қисығы жай (а) және жартылай логарифмдік (б) координаталар жүйесінде көрсетілген

Топырақтың бастапқы сығылуының басы 1.3б-суретіне сәйкес жартылай логарифмдік жүйеде құрылған компрессионды қисық координатты пайдаланғанда анықталады.

Осы жағдайда бастапқы сығылған компрессионды қисық түзуі CD болады. Осы түзудің үстіне қарай жалғасуы e_0 борпылдақтықтың бастапқы коэффициент мәніне сәйкес

EC' көлденең (үзік сызық) сызықпен шектескенге дейін құрылымның беріктік мәні ретінде қарастыруға болатын p_0 шамасын табуға көмектеседі.

Топырақ құрылымының беріктігі үш осьті сығылу құралында сынап көргенде анықталуы мүмкін.

Қысымды өзгертудің үлкен ауқымы үшін алғаш қысудың компрессиондық қисық сызығы (CD түзу сызығы) 1.3б-суретіне сәйкес келесі логарифмдік тәуелділікпен сипатталады:

$$e_i = e_0 - C_c \lg(p_i / p_0) \quad (8)$$

осы теңдестікте e_i p_i қысымындағы; e_0 - топырақ кеуектілігінің бастапқы коэффициенті; C_c - компрессия коэффициенті (қисық параметрі); p_0 - топырақтың бастапқы қысуы басталатын қысым.

$$de = -C_k dp / p \quad (9)$$

Сондықтан бастапқы қысу барысында топырақ кеуектілігі коэффициентінің өзгертілуі қысым өзгертілуіне тікелей үйлесімді және жиынтық қысымға кері үйлесімді болып келеді. Өндірістік және азаматтық ғимараттар мен құрылыстардың негіздеріндегі топырақ қысымы әдетте 0,3 МПа-ға дейінгі мөлшерге қана көтеріледі, тек сирек жағдайларда қана 0,6 МПа-ға дейін жетеді. Осындай қысымдар орын алғанда AB кескіш сызығы 2б суретіне сәйкес қисық сызыққа жақын болып табылады, яғни есептеулер үшін дифференциалды нысандағы теңдестігімен пайдалануға болады:

$$de = -m_0 dp \quad (10)$$

Жоғарыда айтылғандар негізінде топырақтың компрессиялану заңы төмендегідей тұжырымдалады: қысым шамалы өзгергенде, топырақтың кеуектілік еселігінің өзгертілуі қысым өзгертілуіне тура пропорционалды болып табылады.

Көлемдік сығу барысындағы компрессиялық тәуелділікті анықтаймыз.

Компрессионды сынауларды өткізу барысында қатаң шығыршықтың ішіндегі топырақтың үлгісі жан-жаққа кеңейтіле алмайды. Осындайда ол одометр шығыршығының қабырғаларына σ_x және σ_y көлденең кернеулеріне сәйкес келетін көлденең қысым көрсетеді (сондықтан $\sigma_x = \sigma_y$). Қалыпты жағдайдағы тік σ_z кернеуі салынған салмақ ($\sigma_z = p$) қарқындылығына p тең. Топырақтың қырлы кеңейтілуінің болмауына байланысты салыстырмалы көлденең өзгертулер тең болып табылады: $\varepsilon_x = \varepsilon_y = 0$.

Гук заңына сәйкес қатты заттың салыстырмалы өзгертілуі келесі теңдестікті шешу арқылы табылады:

$$\varepsilon_x = \sigma_x / E_m - (\nu_m / E_m)(\sigma_y + \sigma_z) \quad (11)$$

осы теңдестікте E_m - материал модулі; ν_m - материалдың бүйірлік кеңейтілуінің еселігі (Пуассон еселігі).

Қысымдардың кішкене мөлшерлердегі өзгертулер шеңберлерінде топырақтарды сызықты өзгертілетін заттар ретінде қарастыратындықтан, ұқсас теңдікті топырақтың кернеулері мен өзгертулері арасындағы тәуелділік үшін де келесі түрде жазуға болады:

$$\varepsilon_x = \sigma_x / E_0 - (\nu / E_0)(\sigma_y + \sigma_z) \quad (12)$$

осы теңдестікте E_0 - топырақ өзгертілуінің модулі; ν - топырақтың бүйірлік кеңейтілуінің еселігі (Пуассон еселігі).

Тыным қысымының тәжірибе ретінде өткізілген бүйірлік өлшемдері құмдар үшін ξ

=0,25-0,37; ал шаң - балшық топырақтары үшін консистенцияға байланысты $\xi=0,11-0,82$.

Топырақтың компрессиялық модулін анықтау. Топырақ сипаттамасының деформациялық сипаттамасы ретінде деформация модулін пайдаланады. Оны кез келген әдістер арқылы анықтайды: компрессиялық қисық сызық, топырақты статикалық салмақпен сынау қорытындылары бойынша, прессиометрлермен немесе ҚР ҚНЖЕ кестелері бойынша.

Компрессиялық қисық сызық бойынша топырақтың деформация модулін карапайым теңдестікті пайдалану арқылы есептеп шығарады $\beta = [1 - 2\nu^2(1 - \nu)]$:

$$E_0 = \beta / m_\nu \quad (13)$$

Жоғарыда көрсетілген формулаларды (13) ν немесе β -нің анық көрсеткіштері белгілі, әрине олар тұрақты болғанда қолдануға болады. ν немесе β -нің кестелік мағыналық көрсеткіштерін пайдалану елеулі қателіктерге әкеліп соқтыруы мүмкін. Сондықтан да компрессиялық сынаулар барысында шеткі қажеттілік болмаған жағдайда, өзгеру модуліне көшу қажет емес.

Компрессиялық қисық сызық арқылы табылған топырақтың өзгеру модулінің мағынасы шын мәніндегі мағынасынан көптеген жағдайда өзгеріп тұрады, өйткені компрессиялық сынаулар жартылай бұзылған құрылым үлгілері арқылы жүргізіледі, ол компрессиялық сынаулар қорытындысына да әсер етеді және топырақ өзгертілуі модулінің төмендетілген көрсеткіштеріне әкеліп соқтыруы мүмкін. Ол табиғи қысымды алғандықтан және судың ішіндегі қысымды нөлге дейін төмендетуге байланысты топырақтың үлгісін саңылаудан немесе шурфтан алу міндетті түрде топырақ үлгісінің нысанында шиеленістердің азайтылуына сүйенеді, ол өз кезегінде топырақ үлгісі көлемінің артуына әкеліп соқтырады.

Осыған байланысты, өзгерту модулінің сипатын анықтау үшін сатылы тиектелетін қатты штампты орнатып статикалық салмақпен сынауларды өткізеді. Нәтижесінде штамп қалдығының оның негізі бойынша орын алатын қысымға тәуелділік кестесі пайда болады. Осы тәуелділікті кішкене қысымдар шеңберлерінде білдіретін қисық сызық төте сызыққа салыстырмалы түрде жақын болып табылады, ол өз кезегінде кернеулер мен өзгертулер арасында тікелей тәуелділіктің бар болуына жол береді.

Топырақтарды статистикалық салмақпен сынау келесі формула бойынша шымырлық теориясын пайдаланып топырақтар өзгертілуінің модулін анықтауға мүмкіндік береді:

$$E_0 = wd(1 - \nu^2)\Delta p / \Delta s \quad (14)$$

осы теңдестікте $w=0,8$ -ге тең келетін дөңгелек қатты штамптар үшін қолданылатын коэффициент; d - штамптың диаметрі; Δp - орташа қысымды оның бізді қызықтыратын өзгертулер шеңберінде штамп негізі бойынша орта есеппен s пен p арасындағы түзу сызықты тәуелділік учаскесіне қатыстыру. Δs қысым өзгергенде штамп қалдықтарын қатыстыру.

E_0 көрсеткіштері анық, іс жүзінде, белгілі бір тереңдіктен де төмен орналасқан көрсеткіштер ретінде қабылданатындығына қарамастан топырақтың өзгертілуі азырақ болады. Ол топырақтар салыстырмалы негізде шектелген тереңдік шеңберінде тығыздалуына байланысты. Осындай тереңдіктің астында қысымның азайтылуына байланысты топырақтың құрылымдық мықтылығынан аз кернеулер пайда болады.

Өзгертілу модулін анықтаудың басқа әдістерінің ішінде - топырақтардың прессиометриялық сынаулары. Осындай сынаулардың мән жайы келесіде: саңылау бұрғылаудан өткізіледі, осы саңылауға сұйық затпен толтырылған резіңкеден әзірленген

цилиндрлі баллонды - прессиометрді салады. Баллондағы қысым көбейген сайын ол саңылау қабырғаларына беріледі де, айналасындағы топырақты нығыздайды. Қысым мен өзгертулерді біле тұра тиісті формулалар бойынша топырақтың өзгертілу модулінің мағынасын табады. Осындай сынауды қолдану тік және көлденең бағыттарда өзгеруге деген бірдей қабілеті бар изотропты топырақтармен жұмыс істегенде тиімді болып табылады.

Жалпы деформация модулінің мағынасы да сондай - үш білікті қысу құралында анықтайды (стабилومترде).

Кейде топырақтың қарапайым физикалық сипаттамаларына байланысты өзгертілу модулінің мағынасын ҚР ҚНжЕ кестелері немесе аймақтық нормативтік құжаттар бойынша есептейді.

Әдебиеттер:

1. Абелев М.Ю. Строительство промышленных и гражданских сооружений на слабых водонасыщенных грунтах. – М.: Стройиздат, 1998. – 248 с.
2. Байтасов Т.М., Оразалы Е.Е., Жакулин Ә.С. Геотехника. – Алматы: «Дәуір», 2011.-156 б.
3. Далматов Б.И. Топырақ механикасы, іргетастар мен негіздер.-Л.: «Стройиздат», 1988.- 415 б.
4. ҚР ҚР ҚНжЕ 5.01-01-2002 Ғимарат пен құрылыс негізі.- Астана: ҚР МИТ құрылыс ісі жөніндегі комитет, 2002.- 82 б.
5. ҚНжЕ 5.01-03-2002. Бағаналы іргетастар. - Астана: ҚР МИТ құрылыс ісі жөніндегі комитет, 2002.- 84б.
6. Мирцхулава Ц.Е. Опасность и риски на некоторых водных объектах и других системах.
7. Виды, анализ, оценка. Том I и II. –Тбилиси: Мицниереба, 2003.
8. Негіздер және іргетастар/Б.И.Далматовтың редакциясы бойынша. –М.-Санкт-Петербург.: АСВ, 2002. – 387б.Цытович Н.А. Топырақ механикасы.- М.: «Жоғары мектеп», 1983.- 288 б.

ӘОЖ 626.842.3

ТҰЗДАНҒАН СУҒАРМАЛЫ ЖЕРЛЕРДЕГІ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ДАҚЫЛДАРДЫҢ ӨНІМДІЛІГІН МАТЕМАТИКАЛЫҚ ӨРНЕКТЕУ

К.Б.АБДЕШЕВ, PhD докторант,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Қазіргі уақыт талабына сәйкес топырақты зерттеу ғылымының саласындағы сандық теорияның даму деңгейінің жетістіктері, математикалық өрнектеулерді зерттеудің негізгі құралы ретінде пайдалану арқылы, топырақ түзуші және гидрогеохимиялық үрдістерді сандық және сапалық тұрғыдан сипаттауға үлкен мүмкіндік туғызып отыр. Дегенмен, осы өрнектеулерді жете өңдеудегі ең негізгі қиындықтардың бірі - ландшафттық жүйедегі тұзданған топырақтардың қалыптасуына, топырақ түзуші үрдістерді құрудағы ең маңызды сыртқы орта факторларының әсерін қарастыратын өлшемдердің көптілігін міндетті түрде ескеру қажет. Құрылатын өрнектеулер, гидрогеохимиялық үрдістердің жаңғыруы, қалыптасуы және оның басты құраушыларының өндірілуіне әсер ететін ең елеулі факторларының арасындағы негізгі байланыстарды кескіндеуі үшін маңызды.

Алайда, кез-келген өрнектеулер топырақтың тұздану және қышқылдануының күрделі динамикасын толығымен өрнектеп бере алмайды, бірақ, Табиғат заңына қатаң түрде бағынатын, табиғи үрдістер және сыртқы факторлардың өзара әрекеттестіктерін өрнектеу міндеті қойылып отыр. Сондықтан, топырақтың тұздану және қышқылдану үрдістерінің динамикалық өрнектерін өңдеу, топырақтың қалыптасуындағы маңызды үрдістерге табиғат жағдайларының әсерін зерттеуге, топырақ түзілуінің гидрогеохимиялық тәртібіне осы жағдайлар әрекеттерінің ерекшеліктерінің бір қатарын түсіндіруге, топырақтың сыртқы орта жағдайларының өзгерістеріне бейімделген реакциясын зерттеуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі, математикалық модельдеу, сүт-тұз алмасу тәртібі, гидрогеологиялық үрдістер, топырақ құнарлығы.

Аннотация

В настоящее время уровень развития количественной теории в современной науке о почве позволяют приступать к созданию моделей количественного и качественного описания почвообразовательных и гидрогеохимических процессов, используя в качестве основного аппарата исследование математического моделирования. Одной из основных трудностей при разработке этих моделей – большое число параметров, которые необходимо принять во внимание, рассматривая влияние факторов внешней среды на важнейшие составляющие почвообразовательного процесса, формирование засоленных почв в ландшафтных системах. Важно, чтобы построенные модели отражали основные связи между наиболее существенными факторами формирования и функционирования гидрогеохимических процессов и воспроизводили их главные составляющие.

Поскольку любые модели не могут воспроизвести во всех подробностях сложную динамику засоления и рассоления почв, ставилась задача моделировать те взаимодействия между внешними факторами и природными процессами, которые подчиняются строго законам Природы. При этом разработка динамических моделей процессов засоления и рассоления почв позволит исследовать влияние природных условий на важнейшие процессы формирования почв, объяснить целый ряд особенностей воздействия этих условий на гидрогеохимический режим почвообразования, изучить адаптивные реакции почвы на изменения условий внешней среды.

Ключевые слова: урожайность сельскохозяйственных культур, математическое моделирование, водно-солевой режим, гидрогеологические процессы, плодородие почв.

Annotation

The present level of development of a quantitative theory in the modern science of soil begin to allow the creation of models for quantitative and qualitative description of the soil-forming processes and hydro geochemical, using as a basic unit of mathematical modeling study. One of the main difficulties in

the development of these models - the large number of parameters that need to be taken into account when considering the impact of environmental factors on the major components of soil-forming process, the formation of saline soils in the landscape systems. It is important that the constructed models reflect the major link between the most significant factors in the formation and functioning of the hydro geochemical processes and reproduction of the main components.

Since any model cannot reproduce the complex dynamics of salinization and desalinization, the task was to simulate those interactions between environmental factors and the natural processes that obey strictly the laws of nature. The development of dynamic models of the processes of salinization and desalinization of soils will explore the impact of natural environment on the most important processes of soil formation, to explain a number of features of the impact of these conditions on hydro geochemical conditions of soil formation, soil study the adaptive responses to changes in environmental conditions.

Key words: crop yields, mathematical modeling, water-salt regime, hydro geological processes, soil fertility.

Суғармалы егістік жүйесі қалыптасқаннан бастап қазіргі уақытқа дейінгі адамдардың негізгі мақсаты ауылшаруашылық дақылдарын өсіруге арналған қолда бар құралдарды және егістік танаптарды пайдаланып барынша жоғары өнім алу. Егістік жерлерде ауылшаруашылық жұмыстарын механизациялау және автоматтандыру құралдары арқылы оның тиімділігін біршама арттырғанына қарамастан, адамзаттың алға қойған мақсаты өзгерусіз қалып отыр, яғни ауылшаруашылық дақылдарынан кез келген жағдайда жоғары өнім алу. Ауылшаруашылық жерлерді мелиорациялаудың мақсатын және мәселесін дұрыс түсіну үшін құндылық жүйесін дәл анықтап, оның әсер ету нысанын дұрыс анықтау керек. Қазіргі уақытта және болашақта осындай құндылық ретінде адам және оның өмір сүру ортасын, ал әсер ету нысаны етіп топырақты алу керек, себебі ол биожүйедегі біртұтас ландшафттың бір бөлігі және ауылшаруашылық өндірісінің негізгі құралы, пәні есебінде қарастырылады [1].


Сонымен, ауылшаруашылық жерлерді мелиорациялаудың негізгі мақсаты – нақты табиғи аймақтың энергетикалық қорын есепке ала отырып, ауылшаруашылық дақылдарынан топырақ жүйесінің дамуына шығын болатын энергияға сай өнім алу үшін, қоршаған ортаға оның кері әсерін барынша төмендетуді қамтамасыз ететін, топырақтың құнарлығын қайта жаңғыртуды сапалы түрде кеңейту және жақсарту болып табылады. Осы тұрғыдан қарағанда ауылшаруашылық жерлерді мелиорациялаудың негізгі мәселесі, егістік жерлердегі топырақ, гидрогеологиялық, геохимиялық және биохимиялық үрдістердің өзгеруін және бағытын сапалы мақсатпен бағыттауға арналған, ал, ол тек қана энергия және зат ағынын реттеу арқылы іске асырылады.

Қазіргі кездегі себепші дәлелдемелік экологиялық көзқарасқа қарағанда шектеуші себепші дәлелдемелер заңдылығының мәні артып, кез келген себепші дәлелдемелердің өзінің оңтайлы аймағынан сырт жатуы, дененің жағдайына кері әсер етіп, оның жоғалуына алып келетін себепші дәлелдемелерді шектелген деп атайды.

Жалпы, табиғи жүйеде және қоршаған ортада жүргізілген жан – жақты бақылаулар көрсеткендей, шектеуші себепші дәлелдемелерге биоттық және абиоттық себепші дәлелдемелер жатады, ал, ол өсімдікке, адамға және малдарға қолданылады. Осы заңға байланысты, өсімдіктің, малдың және адамның қиын жағдайда қалуы немесе өлімі, мысалға, шексіз техногендік қысымынан және жеткіліксіз денгейде табиғи қорларды пайдаланудан да туындауы мүмкін.

Себепші дәлелдемелерді шектеу заңы немесе Либихтың төменгі заңы - экологияның іргетасты заңының бірі болып табылады, ал ол денеге өте қажетті кез-келген себепші дәлелдемелердің өзінің оңтайлы мәнінен ауытқуын көрсетеді [2]. Сондықтан табиғи жүйедегі экологиялық жағдайды бағдарлау немесе сараптаудан өткізу арқылы тірі дененің және қоғамның өте қауіпті бөлігін анықтаудың маңызы зор.

Табиғи жүйенің қорын пайдаланудың шектелген-мүмкіншілігін ғылыми тұрғыда бағалаудың негізі ретінде себепші дәлелдемелерді шектеу заңын пайдалануға болады, себебі, ол өзінің мәні және мағынасы тұрғысынан өсімдіктің өнімділік заңы болып табылады (1-сурет).



Сурет 1 – Топырақтың ылғалдану (ылғалданудың төменгі сыйымдылығынан бастап) кеңістігінің көп жылдық шөптің өнімділігіне әсері

Осы тұрғыдан қарағанда себепші дәлелдемелерді шектеу заңы мына математикалық өрнекпен өрнектелуі мүмкін [3]:

$$Y_{\phi} = Y_n \cdot K_{lim} ; 0 \leq K_{lim} \leq 1.0, \quad (1)$$

мұндағы, Y_{ϕ} – ауылшаруашылық дақылдарын өсіру кезіндегі егістіктің себепші дәлелдемелерінің оңтайлы жағдайдан ауытқу кезіндегі өнімділігі; Y_n - әлеуеттік өнімділік; K_{lim} - себепші дәлелдемелерінің оңтайлы жағдайдан ауытқуына байланысты әлеуеттік өнімділіктің төмендеуінің көрсеткіші.

Жалпы (1) теңдеуді сөз жүзінде анықтауға болады, бірақ, ол «қара жәшік» болғандықтан, ондағы алынуға тиісті әлеуеттік өнімділіктің шамасы және тіршіліктің себепші дәлелдемелерінің оңтайлы өлшемі белгісіз болғандықтан, көптеген зерттеушілердің себепші дәлелдемелердің сандық мәнімен өнімділіктің арасындағы қызметтік байланысты табуға арналған жұмыстарына қарамастан, бүгінгі күні әлі де толық шешімін таппай келеді.

Сонымен, суғармалы егістік жерлердің топырағының су-тұз тәртібін басқарудың мақсаты топырақтың табиғи құнарлығын сақтау және оның деңгейін көтеру болып табылады, яғни, топырақ қабатындағы суды және тұзды тасымалдау үрдісін оңтайлы басқару арқылы, осы топырақтардағы өсірілетін ауылшаруашылық дақылдарынан шектеулі – мүмкіншілік өніміне Y_{max} қол жеткізетін топырақтың құнарлығын қамтамасыз ету.


Оңтайлы сынақтық көрсеткіш мына сандық функцияның көмегі арқылы анықталады $M \rightarrow \Phi(M) \geq 0$ және анықталу саласы мына заңдылыққа байланысты $Y(u) = \Phi[(M)(u)]$, яғни, мына жағдайлардың орындалуын $Y(u) = \max$ және $Q(u) = \max$ (мұнда $Q(u) = \max$ - топырақтың дамуына қажетті энергия) қамтамасыз ететін оңтайлы басқаруды табуы қажет етеді $u \in U_g$ (u көптік элементті U_g) [3].

Қазіргі кезде, топырақтың дамуына қажетті энергияға сай дақылдардан шектелген – мүмкіншілік өнімді алу мақсатында топырақтың су және тұз тәртібін оңтайлы басқару мәселесін шешудің қиындығы, дақылдардың өнімділігінің $\beta(x,t)$, $c(x,t)$, $n(x,t)$, $m(x,t)$ және $s(x,t)$ жағдайларына байланыстылығын, яғни, топырақ – гидрогеологиялық үрдістермен басқарылатын, топырақтың су, жарық, қоректік зат, жылу және тұз тәртібі көрсететін мәліметтердің жоқтығына байланысты. Сонымен, берілген тұқымдық сападағы ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін бағалау үшін мына теңдеуді шешуге тура келеді [4]:

$$Y = f(c, \beta, m, n, \varepsilon), \quad (2)$$

мұндағы, c – жарықпен қамтамасыз ету; β - ылғалмен қамтамасыз ету; m - жылумен қамтамасыз ету; n - қоректік затпен қамтамасыз ету; z - ауамен қамтамасыз ету.

Біз білетіндей далалық зерттеу жұмыстарының кезінде жоғарғы аталған себепші дәлелдемелерді басқару, яғни, топырақтың су, қоректік зат және тұз тәртібін реттеу әртүрлі агротехникалық және мелиоративтік шаралардың негізінде жоспарланған тәжірибелік – өндірістік зерттеу жұмыстары арқылы іске асырылады.



1- кант кызылшасы; 2-көп жылдық шөп; 3- жүгері; 4 – бидай

Сурет 2 - Ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігінің және суды тұтыну көрсеткішінің салыстырмалы өнімділігінің суғару алдындағы топырақ қабатындағы ылғал сиымдылығына байланыстылығы

Жалпы, салыстырмалы өнімнің суғару алдындағы топырақтың ылғалдану дәрежесіне $\beta = W_i / W_{нв}$ (мұндағы, W_i - топырақтың есептелген қабатындағы суғару алдындағы ылғал сиымдылығы; $W_{нв}$ - топырақтың есептелген қабатындағы төменгі ылғал сиымдылығы) байланыстылығының биологиялық қисығы (сурет 2), нақты жағдайға сай келетін жоғарғы мүмкіншілік өнімділікті (Y_{max}) және бірлік өнімділікке шығын болатын төменгі су мөлшеріне сай ($K_b = E / Y$, мұнда E – жалпы суды тұтыну мөлшері) келетін оңтайлы өнімділікті ($Y_{отт}$) көрсетеді [5].

Ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігінің, басқа себепші дәлелдемелердің тұрақты болған жағдайында, топырақ қабатындағы өсімдіктің тамыры орналасқан аймағындағы ылғал сиымдылығына байланысын Митчерлих Э.А. мына өрнек арқылы өрнектейді [6]:

$$\frac{d\theta}{d(\lambda_{i=1}^k + \eta_i)} = C_\lambda (\theta_0 - \theta), \quad (3)$$

мұндағы, θ_0 – оңтайлы (жоғарғы) өнім, т/га; θ - нақты өнімнің шамасы, т/га; $\lambda_{i=1}^k$ - басқару әсерін жүргізгенге дейінгі топырақтағы ылғал сиымдылығы (i -тік суғару); η_i - топырақ қабатына енгізілген өсымша судың шамасы; $d\theta$ - өнімнің өсуі; $d(\lambda_{i=1}^k + \eta_i)$ - топырақтағы ылғал сиымдылығының өзгеруі; C_λ - ылғалдың өсімдіктің өсуіне әсерін көрсететін көрсеткіш.

Э.А. Митчерлихтың жоғарғыда көрсетілген теңдеуінің шешімін мына байланыс арқылы көрсетуге болады:

$$\theta = \theta_0 \left[1 - e^{-C_\lambda (\lambda_{i=1}^k + \eta_i)} \right]. \quad (4)$$

Өнімнің сыртқы ортаның себепші шарттарының әсерінен өзгеруін dy/dx және оңтайлы дәрежесіне пропорционалдылығын x_{onm} ескере отырып, оның оңтайлы мәнінен ауытқуын $(x_{onm} - x_i)$ Э.А. Митчерлихтың заңына сәйкес былай жазуға болады:

$$dy/dx = C_i (x_{onm} - x_i), \quad (5)$$

мұндағы, C_i – нақты себепші шарт бойынша тұрақтылық; x_{onm} - себепші шарттың оңтайлы мәні.

Өнімнің шамасы бойынша су тәртібінің әсерін бағалау үшін мына теңдеуді $dy/dx = C_i (x_{onm} - x_i)$, төмендегідей шектеу арқылы шешеді [7]:

$$x_i = W_i - W_{\text{БЗ}}, \quad y_i = 0;$$

$$x_i = W_i - W_{onm}, \quad y_i = y_{max} = y_{onm}$$

Бір қатар түрлендіргеннен кейін, мына теңдеуді алуға болады:

$$y_i = y_{max} \left\{ 1 - \left[1 - \left(\frac{W_i - W_{\text{БЗ}}}{W_{onm} - W_{\text{БЗ}}} \right) \right]^2 \right\}, \quad (6)$$

мұндағы, y_{max} – себепші шарттың нақты мәні бойынша жоғарғы өнім; W_i - өсімдіктің өсіп-өну кезеңіндегі топырақ қабатындағы нақты ылғал қоры; $W_{\text{БЗ}}$ - өсімдіктің өсіп-өнуін шектейтін төменгі ылғал қоры (влажность завядания).

Егерде $(W_i - W_{\text{БЗ}})/(W_{onm} - W_{\text{БЗ}}) = E_i / E_{onm}$ тең болады деп қарастырсақ, онда өнімнің суды тұтыну шамасына байланысын мына өрнек арқылы анықтауға болады:

$$y_i = y_{max} \left\{ 1 - [1 - (E_i / E_{onm})]^2 \right\}, \quad (7)$$

мұндағы, E_i – ауылшаруашылық дақылдарының нақты суды тұтыну мөлшері; E_{max} - ауылшаруашылық дақылдарының оңтайлы суды тұтыну мөлшері.


Ерте кездің өзінде, суғармалы егістік жерлерде топырақ қабатында тұздардың қорлануының өсімдіктің өнімділігіне кері әсерін тигізетінін байқаған, сондықтан топырақ қабатында тұздардың барынша аз болуын қамтамасыз ету мәселесі туындаған. Ол туралы түсініктің жинақталуына байланысты, белгілі бір тұздардың мүмкіншілік шамасы туралы түсінік пайда болған, яғни, уытты деңгейі. Кейінгі кезде тұздардың мүмкіншілік шамасы топырақтың, тұздардың және ауылшаруашылық дақылдардың түрлеріне байланысты дифференциялау жағдайына қол жеткізілген [8].

Қазіргі кезде топырақ қабатындағы тұздардың мүмкіншілік шамасы туралы көптеген, кей кезде әртүрлі ауылшаруашылық дақылдарына және топырақтың тұздану түрлерін ескеретін өте күрделі топтастыру желілері қарастырылған [9].

Бірақ, топырақ қабатында тұздардың барынша аз сақталуын қалыптастыруға ұмтылғанмен, өндірістік жағдайда топырақтағы тұздың мүмкіншілік шамасынан жоғары болу жағдайы көп кездеседі. Сонымен, топырақтардағы тұздардың шамасының себепші шарттары «тұзданумен күресу» қағидасын сақтауды талап етеді.

Қазіргі кездегі тұзданған жерлерде ауылшаруашылық дақылдарын өсіру туралы жинақталған мәліметтердің негізінде, ауылшаруашылық дақылдары топырақтағы тұздардың азюуына «қызығушылық» тудыра ма деген мәселені қарастырайық. Ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігіне топырақтың тұздану дәрежесінің әсері туралы мәліметтерге талдау жүргізудің нәтижесі көрсеткендей, оларды үш түрлі қисықпен

мінездеуге болады (сурет 3) [3]: I- топырақта тұз аз болса, соншалықты өнім жоғары; II – топырақтағы тұздың шамасының белгілі бір шекке дейін өсуі (порог токсичности) дақылдың өнімділігіне әсерін тигізе қоймайды, егер де тұздану дәрежесі одан жоғары болса өнімділігі төмендейді; III – өсімдіктің өсіп-өнуі және өнімділігі барынша жоғары болатын, топырақ қабатында тұздың оңтайлы шамасы болады, егер де одан асып немесе төмендеп кетсе, өсімдіктің өнімділігінің деңгейі төмендейді.



Сурет 3 – Төменгі (II) және жоғарғы (III) агротехниканың деңгейіндегі дақылдар өнімділігінің топырақтың тұздану дәрежесіне байланысының түрі

Біз білетіндей Орта Азия және Қазақстанның топырақтарындағы тұздар құрамы көптеген жағдайда сульфатты және хлор-сульфатты болып келетіндіктен, оларға тән өнімділікке тұздардың әсерін мінездейтін қисық I және II түріне сәйкеледі.



Сурет 4 – Әртүрлі ауылшаруашылық дақылдарының салыстырмалы өнімділігінің топырақтағы уытты тұздардың жынтығына байланысы $\bar{y} = y_i / y_{max} = C / C_{\Sigma}$

Белгілі бір топырақтың түрінде тұздың шамасына байланысты өнімнің байланысын көрсететін қисық барлық дақылдарға бір тектес қисықтың түрін бейнелейді, бірақ, белгілі бір топырақтың түріне тән қисық жеке дақылдарға тән жеке түрде және олар топырақтың су-физикалық және агротехникалық қасиеттеріне байланысты ерекше болуы мүмкін [11-14]. Сонымен, тыңайтқыш енгізу және агротехникалық шараларды жоғары дәрежеде орындау, көрсетілген қисықтың сызбаның оң жағында және жоғары орналасуына алып келеді, яғни, тұзға тұрақтылығы жоғары және жоғарғы өнімділік жағына қарай жылжиды (4 суретте жоғары орналасқан сызба) [15].

Жалпы, 4 - суретте көрсетілген қисық өсімдіктің өнімділігінің топырақтағы тұздардың сапасына және санына қағидалы байланыстығын мінездейді. Ауылшаруашылық дақылдарының өсіп – өну кезеңінде бұл байланыс, өзінің қағидалық мінезін сақтай отырып өзінің нақты мәнін біршама өзгертіп отырады.


Ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігі топырақтағы уытты тұздардың шамасына (оның ішінде, анион Cl , SO_4 , HCO_3), топырақ ертіндісіндегі еріген және топырақтың жұтылған кешеніндегі катиондардың құрамына (негізінен Na , Ca , Mg құрамына) және топырақ ертіндісіндегі pH шамасына байланысты.

Әртүрлі ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігі $\bar{V}_i = V_i / V_{max}$ топырақтағы уытты тұздардың C_2 жинтығының шамасына байланыстылығының мінездемелік сызбасы 5 суретте көрсетілген [15].

Топырақтың сіңіру кешенінің құрамындағы катиондарды өзгерту (әсіресе Na катионын енгізу есебінен) фосфордың жылжу қабілетін (құрамы 10%-ға дейін өскен сайын фосфордың жылжу қабілеті 4 есе төмендейді) және өсімдікке қажетті коректік заттарға қол жеткізу шамасын төмендетеді. Осының нәтижесінде өнімділік төмендейді, 5 суретте көрсетілген сызбадан көруге болады және онда салыстырмалы өнімділіктің $\bar{V}_i = V_i / V_{max}$ жыл сайынғы топыраққа енгізілетін әртүрлі NPK тыңайтқыштардың шамасына және $SAR = 1.41 / \sqrt{Ca + Mg}$ мәніне байланыстылығы бейнеленген.

Ауылшаруашылық өсімдіктерін C_2 және $SAR = 1.41 / \sqrt{Ca + Mg}$ сезімталдығы төмендеу қасиетіне сай мына қатармен орналастыруға болады: жүгері, мақта, бидай, жоңышқа.

Тәжірибелік зерттеулердің мәліметтерін талдау арқылы ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігінің топырақтың түріне, тұздану дәрежесіне және топырақтың ертіндісінің тұздылығына байланысын көрсететін тәжірибелік байланыстар барынша жеткілікті.



1- бірлік мөлшері РК -320 кг/га жылына; 2- екілік мөлшері РК -640 кг/га жылына

Сурет 5 – Әртүрлі ауылшаруашылық дақылдарының салыстырмалы өнімділігінің топырақтағы тұздардағы катиондық құрамына ППК-SAR және енгізілген тыңайтқыштың шамасына байланысы

Топырақтың тұздану дәрежесінің ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігіне әсерін зерттеуге арналған ғылыми жұмыстарды өңдеу және талдаудың нәтижесінде, өнімділіктің төмендеуі өсімдіктердің тұзға төзімділігіне байланысты екендігі анықталды.

Сонымен, ауылшаруашылық дақылдары өнімділігін болжамдау және бағалау үшін математикалық өрнектеу жүйесінің тұзданған топырақтардың деңгейіне және суғаратын судың минералдығына байланыстығы тұзданған топырақтарды шаю үрдістерін реттеу және тиімді басқаруға әсерін тигізеді.

Әдебиеттер:

1. Айдаров И.П. Голованов А.И., Никольский Ю.Н. Оптимизация мелиоративных режимов орошаемых и осушаемых сельскохозяйственных земель.- М.: Агропромиздат, 1990.- 60 с.
2. Горбачев Р.М. Разработка вопросов эффективности переустройства ГМС в нижнем

- течении р. Амударьи.-Ташкент: САНИИРИ, НТО, 1980.–54 с.
3. Даримбетов У.Д., Мустафаев Ж.С. Математическое моделирование почвенно-мелиоративных процессов в орошаемых землях //Труды ТИИИМСХ / Вопросы рационального использования водных ресурсов и охраны их от загрязнения в условиях Казахстана.- Ташкент, 1983.- В.129. - С.77-85.
 4. Ковда В.А., Мамаева Л.И. Пределы токсичности солей в почвах Пахта-Арала для люцерны и хлопчатника // Почвоведение. -1939.- №4. –С. 80-99.
 5. Марюшин П.А. Разработка схемы регулирования водно-солевого режима почв при орошении черноземов // Строительство и техногенная безопасность. - 2005. –В.10. – С. 145-151.
 6. Минашина Н.Т. Токсичные соли в почвенном растворе, их расчет и классификация почв по степени засоления // Почвоведение. -1970. - №8. – С. 65-75.
 7. Митчерлих Э.А. Почвоведение.- М., 1957. – 416 с.
 8. Мустафаев Ж.С., Мустафаев К.Ж. Методологические основы оценки предельно-допустимого использования природных ресурсов (Аналитический обзор). – Тараз, 2011.- 45 с.
 9. Мустафаев Ж.С., Даримбетов У.Д. Математическое моделирование программных урожаев сельскохозяйственных культур на орошаемых землях // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. -1983. - №6.- С. 64-69.
 10. Нерпин С.В., Чудновский А.Ф. Энерго-массообмен в системе растение-почва – приземный воздух. – Л.: Гидрометеиздат, 1975.- 358 с.
 11. Попов В.А. Математическое выражение закона лимитирующего фактора и его приложение к задачам мелиоративного земледелия // Мелиорация и водное хозяйство.- 1997.- №2.- С. 30-34.
 12. Усманов А.У. Влияние качества оросительной воды на урожайность сельскохозяйственных культур // Мелиорация земель низовий рек Аральского региона / Труды САНИИРИ.-Ташкент, 1988.- С.38-42.

ӘОЖ 633.18:633.18.03:631.425:631.432

ВОДНЫЙ БАЛАНС РИСОВОГО ЧЕКА

П.У.БУЛАНБАЕВА, PhD докторант,

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан

Аннотация

Изучение водного баланса рисового чека позволяет установить параметры составляющих оросительной нормы риса. Важными элементами водного баланса являются суммарное водопотребление культуры, фильтрационные потери воды вглубь почвы. Суммарное водопотребление риса определяется сортовыми особенностями и климатическими характеристиками региона.

Фильтрация воды на рисовых чеках, с одной стороны, обуславливает увеличение потерь оросительной воды на рисовом поле. С другой стороны, фильтрация играет положительную роль в формировании благоприятного солевого режима почв и грунтов. Однако, увеличение фильтрационных потерь приводит к перегрузке дренажно-коллекторной сети, подъему грунтовых вод на прилегающих территориях, что в целом оказывает негативное влияние на экологическое состояние региона. Поэтому чем выше этот показатель, тем лучше динамика солевого режима почв. Величина этого показателя определяется интенсивностью дренирования орошаемого массива.

Ключевые слова: Суммарное водопотребление риса, уровень грунтовых вод, коллекторно-дренажная сеть, почва, засоление почв, водный баланс рисового чека, коэффициент фильтрации.

Аннотация

Күріш танабындағы су балансын зерттеу күріштің суландыру нормасының құраушы параметрлерін белгілеуге мүмкіндік береді. Су балансының маңызды элементтері – дақылдың жиынтықты су тұтынуы, топырақ тереңдігіндегі сүзілу жоғалулар. Күріштің жиынтықты су тұтынуы аймақтың климаттық сипаттамасымен, сұрыптық ерекшеліктерімен анықталады.

Күріш танаптарындағы судың сүзілуі - бір жағынан күріш егістігіндегі суландыру суларының жоғалуын арттырады. Бір жағынан топырақтың қолайлы тұздық режимінің жасақталуында оң нәтиже береді. Бірақ, сүзілулік жоғалулар кәліздік-коллекторлық желілердің артығымен жүктелуіне, жақын аймақтарда жыр асты суларының көтерілуіне әкеліп соқтырады. Жалпы, аймақтың экологиялық жағдайына теріс әсер етеді. Сондықтан бұл көрсеткіш жоғары болған сайын, топырақтың тұздық режимінің динамикасы да жақсы. Бұл көрсеткіштің шамасы суармалы алқаптың кәріздену қарқынымен анықталады.

Кілт сөздер: Күріштің жиынтықты су тұтынуы, жыр асты суларының деңгейі, кәліздік-коллекторлық желі, топырақ, топырақтың сортаңдануы, күріш танабындағы су балансы, сүзілу коэффициенті.

Annotation

The study of the water balance of the rice check allows you to set the parameters of the components irrigation norm of rice. Important elements of the water balance are the total water consumption culture, seepage losses of water deep into the soil. Total water consumption of rice is determined by the varietal characteristics and climatic characteristics of the region.

Filtering water in paddy fields, on the one hand, causes an increase in losses of irrigation water for paddy field. On the other hand, filtration plays a positive role in the formation of a favorable mode saline soils and soils. However, the increase in seepage losses leads to an overload of drainage and sewer line, the rise of the groundwater in the surrounding areas, which generally has a negative impact on the ecological status of the region. Therefore, the higher the score, the better the dynamics of salt regime of soils. The value of this parameter is determined by the intensity of drainage of irrigated area.

Key words: total water consumption of rice, the groundwater level, drainage network, soil salinization, water balance rice check, filtration coefficient.

Кызылординская область является главным рисосеющим регионом Казахстана. Здесь возделываются около 80-85 % посевов этой культуры от общей ее площади. Интенсивное возделывание риса в регионе началось в 1960-1965гг. В 1960-1985гг. было осуществлено широкое мелиоративное строительство. В конце этого периода площадь инженерных рисовых оросительных систем возросла здесь до 225тыс га.

Полевые исследования проводились в 2012-2014 гг. на рисовом севооборотном участке Караултюбинского опытного хозяйства Казахского научно-исследовательского института рисоводства. Изучалась динамика солевого, теплового режимов на рисовых чеках в зависимости от разной глубины воды и интенсивности сбросов их с чеков.

Почвы участка лугово-болотные, по механическому составу преимущественно средние и тяжелые суглинки. Степень засоления почв в основном средняя, реже – слабая. Тип засоления - хлоридно-сульфатный и сульфатный. Пески и супеси в метровом слое встречаются в виде отдельных прослоек.

Обеспеченность почв питательными элементами слабая. Содержание в пахотном горизонте гумуса находится в пределах 0,47-0,90%. Содержание общего фосфора - 56,2 – 133,7мг/кг.

Изучение элементов водного баланса рисового чека позволяет определить характер водообмена на рисовом поле и оценить показатели использования поливной воды. В таблице приведены элементы водного баланса рисового чека.

Суммарное водопотребление риса определяется сортовыми особенностями и климатическими характеристиками района исследований. На долю этого показателя в нашем случае приходится чуть менее половины оросительной нормы. Ранее подобные исследования проводили Кутыбаев Е.М., Петрунин В.М., Рау А.Г., Длимбетов К.Д., Кошкарров С.И. [1-9].

Объем первоначального насыщения грунтов зоны аэрации зависит от уровня

грунтовых вод (УГВ) в момент начала затопления чека после сева риса и механическим составом почв. В период первоначального затопления глубина грунтовых вод варьировала в пределах 1,7-2,1 м. Объем первоначального насыщения установлен по наблюдениям за сосудами-испарителями без дна в период первоначального затопления. Этот объем составил по годам исследований 3180-4050 м³/га, это равно 14,7-17,1% от объема водоподачи. Следует заметить, что эта статья расхода мало подвержена регулированию.

Фильтрация воды на рисовых чеках представляет экологорегулирующую составляющую. Чем выше этот показатель, тем лучше динамика солевого режима почв. Величина этого показателя определяется естественной и искусственной дренированностью орошаемого участка. На рассматриваемом севооборотном участке глубина картовых дрен составляет 1,5-1,7м, глубина ограждающих поля дрен - коллекторов – 1,8-2,3 м. Верхние слои почвогрунтов (120-180см) отличаются относительно слабой водопроницаемостью. Здесь коэффициент фильтрации около 0,09-0,23 м/сут.

Суммарное водопотребление включает в себя транспирацию влаги растениями риса и физическое испарение с водной поверхности. Иначе говоря, это самая продуктивная часть водного баланса рисового чека. В наших исследованиях суммарное водопотребление составило 9180-9720 м³/га. На долю этого показателя приходится 41,0-43,8 % оросительной нормы (1-таблица).

Таблица 1 - Водный баланс рисового чека, Караултюбинское опытное хозяйство

XV-XVIII ғасыр аралығындағы жыраулар шығармаларын оқи келе жыраулар толғауларынан әлеуметтік сарынды байқаймыз. Жыраулар толғауындағы әлеуметтік сарынды айтпас бұрын ең алдымен әдеби ағым, бағыт, сарын сөздерінің мағынасын ашып алған жөн. Түсіндірме сөздікте: «бағыт- идеялық нысана, ұстаған жолы» деген анықтама беріледі. Демек, бағыт дегеніміз - алға қойған мақсатқа жету жолындағы белгілі бір ұстаным, сол мақсатқа баратын жол. Кез келген қаламгер өз шығармасын ойдан шығарып, қиялмен ұштастырып жазбайды. Сол өзі өмір сүрген дәуірдің, мезгілдің шындығын суреттейді. Қандай да бір шығарманың кейіпкерлері- қарапайым халық, оның тіршілігі, өмірі, қиындық атаулыны жеңу барысында көрген қиындығы болады. Сонда бір дәуірдің қаламгерлері бір бағытта өз туындыларын өмірге әкеледі. Осыдан әдеби ағым пайда болады десек, ол әдеби сарынға ұштасады. Осы тұрғыда З.Қабдолов «Бір топ жазушының бүкіл суреткерлік өнеріндегі белгілі бір уақыт пен кеңістікке сай идеялық-көркемдік бірлік- әдеби ағым. Осы ағым нәтижесінде әдеби сарын туындайды» деп анықтама береді [4,478 б.]. Қорыта айтар болсақ, әдеби ағым мен сарын сол дәуірдің айнасы бола отырып, тарихтың, белгілі бір кезеңнің сырын, күресін сипаттайды. Сонда әдебиеттегі ағым мен сарын қоғамның нәтижесінде туындап, дамып, өзгеріп, жоғалып отыратынына мән берілген.

XV-XVIII ғасырда жыраулар елдік, ерлік, өмір, дін, заман хақында толғаған. Олар көне шығыс поэзиясы дәстүрімен өмірдің өтпелілігін жырлап, ізгілік пен инабатты дәріптеген.

Заманының ойлы перзенті ретінде өмірдің сан алуан мәселелерін сарапқа салып, философиялық, дидактикалық түйін-тұжырымдар жасап, жер-суды, атамекенді қорғап, ел бірлігін сақтау мәселелерін жырлаған. Қазақ халқы сол тарихи шақта өздерінің шұрайлы жерлерінен айрылып, ата-баба қонысын тастап кетуге мәжбүр болады. Осы жөнінде

Жиёмбет жырау «Қол-аяғым байлауда» толғауында:

Қол-аяғым байлауда,
Тарылды байтақ кең жерім,
Арманда болып барамын,
Қоштасуға аял жоқ
Қалқаман, Шолан ерлерім!
Қайырылып қадам басуға,
Күн болар ма мен сорға
Өзен, Арал жерлерім?!
Қиядан қолды көрсеткен
Төбеңе шығар күн бар ма,
Жотасы биік Дендерім?
Қайырымсыз болған хандарға
Тиер ме екен бір күні

Жолбарыстай шеңгелім - деп, өткен күнін аңсап, елімен, жерімен қоштасады. Бұл толғауда Жиёмбет кең-байтақ жері тарылып, өз аяқ-қолының байлауда қалғанын айтып тұрған жоқ.

XV-XVIII ғасыр әдебиетінде алдымен сыртқы жауға қарсы ерлік күреске үндеу, ел бірлігін сақтайтын басшыны жырлау сияқты сарындар күшейді. Сыртқы жауға қарсы күрес кезінде шыққан әдеби шығармаларда таптық санадан гөрі елді қорғау арманы алғы сапқа қойылды. Шапқыншылардан елді азат ету үшін күреске үндеу, осы мақсатпен жорыққа аттанған ерлерді дәріптеу ең негізгі мәселе, өзекті сарын болып отырды. Тәтіқара ақын:

Бөкейді айт, Сағыр менен Дулаттағы,
Деріпсәлі, Мандайды айт Қыпшақтағы.
Өзге батыр қайтса да бір қайтпайтын,
Сары менен Баянды айт Уақтағы.
Ағашта биікті айтсаң қарағайды айт,
Жігіттік, ерлікті айтсаң Бөгенбайды айт,
Найзасының ұшына жау мінгізген

Еменәлі Керейде, ер Жабайды айт [2,59 б.] - деп, халқы үшін қан майданда шайқасқа түсіп, елін, жерін сыртқы жаудан қорғаған әйгілі халық батырларының ерліктерін жырлап, дәріптеген. Жыраулар поэзиясының өзекті тақырыбы-туған елі, оған деген сүйіспеншілігі, елдің бірлігі, бүтіндігі. Халқына жайлы қоныс, ырысты жер іздеген Асан қайғы:

Желмая мініп жер шалсам,

Тапқан жерге ел көшер - деп, елі тыныштықта өмір сүріп, жерұйықта мекендесе деген ел қамын ойлаған жүрек сөзін айтады. Асан қайғы идеясының Доспамбет жырау былайша өз толғауында өрістетеді:

Еділдің бойын ен жайлап,
Шалғынға бие біз байлар,
Орындықтай қара сабадан,
Бозбаламен күліп-ойнап,
Қымыз ішер күн қайда [2,6 б.].

Осы сарындас Ақтамберді жырауда:

Ауылдан топыр үзілмей,
Ошақтың оты өшпесе
Май жемесе қонағым...

Он кісіге жараса,

Бір кісіге асқан тамағым - [2,45 б.] деп жырласа, тағы бір толғауында:

Кеуде бір жерді жол қылсам,
Шөлең бір жерді көл қылсам,

Құрап жанды көп жиып,
Өз алдына ел қылсам! – деп жырлайды.

Бұл толғаулардан жыраулар шығармашылығы еліне ырыс, молшылық тілеген, бейбіт, тыныштық өмірді қалаған идеяларымен ұштасып жатқандығын аңғарамыз.

Біздің ойымызша, жыраулар өз заманының әрі батыры, әрі ақыны, әрі үлкен саясаткері болған. Жыраулар өз заманының өзекті мәселесіне, яғни еркіндік, азаттық, елдің тәуелсіз, бейбіт, тыныш өмір сүруі үшін күрескен. Қазақ халқының ұлттық бітім-болмысын, мәдени мұраларын, ата қонысын сақтап қалу үшін күрескен. Осы ойлар бүгінгі тәуелсіз елдің де негізгі мәселелері. Ұлт сабақтастығы, дәстүр жалғастығы бірімен-бірі байланысып жатыр. Дәл қазіргі идеямен нақ, дәл келмесе де, оның алғашқы көріністері жыраулар поэзиясында жатқандығын байқаймыз. Жыраулар өмір жайлы, достық жайлы, адамгершілік, ерлік жайлы, тіршілік жайлы жыр шерткен. Олар өмір диалектикасына да терең көз жіберген, дүниенің бірқалыпта тұрмайтынын ("мынау жалған дүние кімдерден кейін қалмаған" – Шалкиіз), үнемі өзгерісте болатынын дұрыс пайымдаған. Жыраулар поэзиясында адамгершілік этика, мораль мәселелері кең орын алған. Оларда бүгінгі жастар ғибрат, тағлым алар дүниелер молшылық.

Әдебиеттер:

1. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы.- Алматы: Мектеп, 1973.-212 б.
2. Бес ғасыр жырлайды. -Алматы: Жазушы,1989.-382б
3. Махамбет. Ереуіл атқа ер алмай.-Алматы: Жазушы,1989.-141б.
4. Мағауин М. Қобыз сарыны. - Алматы: Жазушы, 1968. -16 б.

УДК:378.02:372.8:81373:811.161.1.

ТИПОВАЯ И НЕОБЫЧНАЯ СОЧЕТАЕМОСТЬ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ТЕКСТЕ

Б.Н.ЕСИМКУЛОВ,

Жетғысуский государственный университет им. И. Жансугурова, г.Талдықорган,
Республика Казахстан

Аннотация

В статье принимаются во внимание два вида сочетаемости, представляющих собой как бы две ступени проявления единой и целостной семантики каждого конкретного слова: синтаксическая и лексическая сочетаемость. Первая определяется его лексико-грамматической характеристикой, вторая – его индивидуальным значением. В кругу активной (обязательной) синтаксической сочетаемости различается разная степень необходимости употребления распространителей. В этой связи вводятся понятия обязательной и необязательной (факультативной) сочетаемости. Обязательной синтаксической сочетаемостью называется такая сочетаемость, при которой вероятность появления распространителей при условии появления лексемы приближается к единице. Данные распространители называются обязательными. Они предсказуемы и возникают в предложении по требованию. Под необязательной синтаксической сочетаемостью понимается определённая способность слов употребляться как с распространителями, так и без них. В лингвистической литературе выделяются семантическая (лексическая) и синтаксическая валентности. Синтаксическая валентность слова характеризуется как его способность или неспособность вступать в синтаксическую связь с некоторым классом слов и участвовать в какой-нибудь структуре с явно морфологической характеристикой, как потенциальная способность определённых разрядов или форм слов сочетаться с другими разрядами или формами слов. Под семантической (лексической) валентностью слова понимается потенциальная сочетаемость слова с другими словами, способность данного слова как определённой лексемы встречаться с другой лексемой и проявлять избирательность в выборе лексического компонента. Таким образом, если синтаксическая валентность и сочетаемость слова

определяется его лексико-грамматической характеристикой, то семантическая (лексическая) валентность и сочетаемость определяются лексическим значением слова.

Ключевые слова: синтаксическая сочетаемость, лексическая сочетаемость, типовая сочетаемость, художественный текст, окказиональное слово.

Аңдатпа

Мақалада әрбір нақты сөздің біртұтас семантикасының ені сатысы болып көренетін тіркесімдік синтаксистік және лексикалық тіркесім түрлері назарға алынды. Біріншісі оның лексика-грамматикалық сипатамасымен, ал екіншісі –оның жеке мағынасымен анықталады. Белсенді (міндетті) синтаксистік тіркесім аясында қолдану қажеттілігінің әр түрлі дәрежесі ажыраталады. Бұл тұрғыда тіркесімінің міндетті және міндетті емес (факультативтік) ұсымы енгізіледі. Міндетті синтаксистік тіркесім деп лексемалардың көрінуінің бірлікке жақындауы жаңдайында таратушылардың көріну мүмкіндігі бар тіркесім аталады. Мұндай таратушылар міндетті деп аталады. Олар алдын-ала белгілі және сөйлемде талап бойынша жасалады. Міндетті емес синтаксистік тіркесім деп сөздердің таратушыларымен де, оларсыз да қолданыла алу мүмкіндігін анықтау түсінеді. Лингвистикалық әдебиеттерді валентіліктің семантикалық (лексикалық) және синтаксистік түрлері айрықша аталып көрсетіледі. Сөздің синтаксистік валентілігі сөздердің кейбір топтарымен синтаксистік байланысқа түсе алу қабілеті немесе қабілетсіздігі және қандай да бір құрылымда мөздердің белгілі бір разрядтарының немесе формаларымен тіркесу алу қабілеті ретінде сипатталады.

Сөздің семантикалық (лексикалық) валентілігі деп сөздің басқа сөздермен потенциалды тіркесе алуы, сол сөздің белгілі бір лексема ретінде басқа лексемамен бірге кездесу қабілетімен лексикалық компонент таңдауда талғаулығының көріну қабілеті алынады. Сонымен, егер сөздің синтаксистік валентілігі мен тіркесімділігі оның лексика-грамматикалық сипаттамасымен анықталатын болса, ал семантикалық (лексикалық) валентілік пен тіркесімділік сөздің лексикалық мағынасымен анықталады.

Кілт сөздер: Синтаксистік үйлесімдік, лексикалық үйлесімдік, типтік үйлесімдік, көркем мәтін, окказиондық сөз.

Annotation

The article focuses on two types of compatibility, which are considered to be two stages of the unified and coherent semantics of each specific word: syntactic and lexical compatibility. The first compatibility is determined by its lexical and grammatical characteristics, the second one – by its individual meaning. According to the active (obligatory) syntactic compatibility there is different degree of need to use distributors. In this regard, the concepts of obligatory and optional compatibility are introduced. The obligatory syntactic combinability is the compatibility, in which the probability of appearance of distributors equals to one providing the appearance of lexeme. These distributors are called obligatory. They are predictable and used in a sentence if they are required. The optional syntactic combinability is a certain ability of words to be used both with distributors, and without them. In the linguistic literature there are the semantic (lexical) and syntactic valences. Syntactic valence of the word is its ability or inability to have a syntactic relationship with some syntactic word classes and be included in any structure with clearly morphological characteristics, the potential ability of certain categories or forms of words to be combined with other categories or forms of words. The semantic (lexical) valence of word is the potential compatibility of the words with other words, the ability of the certain word as a certain lexeme to be used with other lexeme and to select the lexical component. Therefore, if the syntactic valence and compatibility of word are determined by its lexical and grammatical characteristics, the semantic (lexical) valence and compatibility are determined by the lexical meaning of the word.

Key words: syntactic compatibility, lexical compatibility, typical compatibility, literary text, occasional word.

Основной задачей при исследовании сочетаемости является определение закономерностей лексических связей, в которых выражаются общие синтагматические качества слов. Определение закономерностей лексических связей опирается на установление типовой лексической сочетаемости.

Вопрос о типовой лексической сочетаемости – это вопрос о том, с какими группами слов, с какими лексическими общностями и на какой основе создаются эти связи.

Решение этих вопросов обусловлено определением общих семантических факторов, регламентирующих лексические связи слов, и факторов, обуславливающих лексические связи слов. И те и другие факторы соотносятся лишь в определённых пределах. Этим предполагается, что определение типовой лексической сочетаемости связано с установлением закономерностей лексических связей, обусловленных общими семантическими качествами и индивидуальными семантическими признаками.

В исследовании типовой сочетаемости слова принимаются во внимание два вида сочетаемости, представляющих собой как бы две ступени проявления единой и целостной семантики каждого конкретного слова: синтаксическая и лексическая сочетаемость. Первая определяется его лексико-грамматической характеристикой, вторая – его индивидуальным значением. В кругу активной (обязательной) синтаксической сочетаемости различается разная степень необходимости употребления распространителей. В этой связи вводятся понятия обязательной и необязательной (факультативной) сочетаемости. Обязательной синтаксической сочетаемостью называется такая сочетаемость, при которой вероятность появления распространителей при условии появления лексемы приближается к единице. Данные распространители называются обязательными. Они предсказуемы и возникают в предложении по требованию. Под необязательной синтаксической сочетаемостью понимается определённая способность слов употребляться как с распространителями, так и без них. В лингвистической литературе выделяются семантическая (лексическая) и синтаксическая валентности. Синтаксическая валентность слова характеризуется как его способность или неспособность вступать в синтаксическую связь с некоторым классом слов и участвовать в какой-нибудь структуре с явно морфологической характеристикой, как потенциальная способность определённых разрядов или форм слов сочетаться с другими разрядами или формами слов.

Под семантической (лексической) валентностью слова понимается потенциальная сочетаемость слова с другими словами, способность данного слова как определённой лексемы встречаться с другой лексемой и проявлять избирательность в выборе лексического компонента.

Таким образом, если синтаксическая валентность и сочетаемость слова определяется его лексико-грамматической характеристикой, то семантическая (лексическая) валентность и сочетаемость определяются лексическим значением слова.

Синтаксическая и семантическая валентность слова находятся в сложном взаимодействии. Синтаксическая валентность слов одной части речи выступает как самый общий фактор, определяющий лексические связи. Именно в пределах общих разрешающих возможностей, которые создаются моделями синтаксической сочетаемости, устанавливаются лексические ограничения. Вопрос об ограничениях, запретах на сочетаемость не получил в лингвистической литературе однозначного решения. В работах Ю.Д.Апресяна, Н.Д.Арутюновой, В.Н.Телии подчёркивается принципиальная разница между лексической и семантической обусловленностью запретов. Так, Ю.Д.Апресян указывает на то, что о семантических ограничениях слова можно говорить тогда, когда они могут быть сформулированы в терминах семантических признаков и любое слово, имеющее эти признаки, сможет заместить соответствующую валентность данного слова. О лексических ограничениях следует говорить в том случае, если они могут быть заданы не иначе, как с помощью списка слов, способных замещать данную валентность.

Н.Д.Арутюнова указывает на собственно-лексические и лексико-семантические ограничения. В первом случае выбор детерминирован таким фактором, как присутствие другого слова, осуществляющего семантическую доминацию и обозначающего опорное (выбираемое ранее) понятие. Во втором случае выбор определяется (...) той категорией реальных, к которой оно относится. Референтно ограниченная, по мнению Н.Д.Арутюновой, сочетаемость иллюстрируется примерами “полный идиот”, “круглый дурак”.

Более оправданным представляется подход, отражённый в работах В.Г.Гака,

Г.В.Колшанского, А.А.Уфимцевой и др., подход, в соответствии с которым закон смыслового согласования признаётся единым. Его действие сводится к следующему: для того, чтобы два слова составили правильное сочетание, они должны иметь помимо специфических, различающих сем одну общую сему.

Существуют различные точки зрения на действие механизма семантического согласования слов. Так, например, В.Г.Гак утверждает, что слова-акциденции (глаголы, прилагательные) подбираются к словам-субстанциям (существительным), даже если это противоречит формальным грамматическим отношениям зависимости.

Г.А.Золотова приходит к выводу о том, что большинство сочетаний глаголов с именами строится на основе синсемичности, взаимной готовности обеих сторон к соединению.

Окказиональные (необычные) сочетания слов представляют собой стечение лексем, сочетаемость которых в узусе невозможна, поскольку противоречит закону смыслового согласования вследствие отсутствия общих сем в лексических значениях. Благодаря возникновению контекстуально обусловленных семантических сдвигов в зависимом компоненте общие семы появляются. Так, необычным является сочетание *давнопрошедшие позы* в стихотворении С. Кирсанова “В Лондоне”:

... Он - город часовых
в давнопрошедших позах,
подстриженной травы,
живых головок Греза,
ораторов в садах,
седеющих спортсменов
и стрелок, что всегда
дрожат на “переменно”...

Опорный компонент словосочетания - существительное “поза”, денотат которого может быть охарактеризован с точки зрения пластики, комфортности, но не может иметь временной характеристики. В контексте стихотворения “давнопрошедшие” означает “традиционные, оставшиеся неизменными в течение веков, свойственные старинным временам, несовременные, архаичные”. Семы “архаичности” и “традиционности” доминируют в контексте стихотворения и делают приемлемым сочетание слов “позы” и “давнопрошедшие”.

Среди окказиональных словосочетаний выделяются особой группой те, которые мотивированы устойчивым сочетанием слов и построены на обыгрывании соотношения фразеологической производящей основы и производного окказионального словосочетания. Э.Ханпира [8] называет их фразеологическими окказионализмами. К таким необычным словосочетаниям относятся, например, окказионализмы: “Жизнь спустя, горячо приветствую такое умолчание матери” (М. Цветаева) - ср. “спустя годы”; “Поживем - услышим” (Л. Ленч) - ср. “Поживем - увидим”. На базе фразеологизма “тоска зеленая” (“о томительной, невыносимой скуке” - МАС. Т.1. С.832) Т. Толстая создает окказионализм “серая тоска”, в котором сема “неограниченной длительности” состояния тоски, сема “монотонности” настроения подчеркнуты цветovým прилагательным (“трезвой краской” называет серую И. Бродский); В. Набоков в повести “Машенька” характеризует состояние героя словосочетанием “бесцветная тоска”. В этом состоянии эмоционального застоя Ганин - жертва его - не в силах ни длить, ни прервать *тусклый роман* (опять-таки окказиональное словосочетание) с нелюбимой женщиной. Э.Ханпира выделяет и так называемые синтаксические окказионализмы, относя к этому типу новообразований конструкции с окказиональным управлением (“Иду, и холодеют росы и серебрятся о тебе” - А. Блок), окказиональный порядок слов (“Рабочего громады класса

враг” - В. Маяковский). Имеющая место некоторая необычность приведенных примеров все-таки не делает их стилистически доминирующими, текстообразующими единицами.

Окказиональные (необычные) сочетания слов в художественных текстах представляют интерес как в аспекте лингвистического анализа этого явления, так и в аспекте определения особенностей идиостиля автора, поскольку входят составляющими в то "стилистическое ядро", которое характеризует все творчествохудожника слова или какой-то его период. Окказиональные сочетания слов привлекают внимание многих исследователей как мощное стилеобразующее средство. Так, Ф.П. Филин видит функциональноедостоинство необычных сочетаний слов в том, что "необычные и в тоже время для читателя как бы незаметные сочетания слов позволяютпередавать новые глубокие образные смыслы"[7, с.319]. То же ценное качество окказиональных сочетаний слов отмечает Г.О. Винокур:“Сближая в тексте слова, давно утратившие взаимную связь или вовсеникогда ее не имевшие, поэт как бы открывает в них новые,неожиданные смыслы”[2,с.392].Е.М.Пестова[6, с. 37] выделяет следующие функции окказиональных словосочетаний: а) функция экономизации речевых средств; б) функция деавтоматизации восприятия; в)рифмообразующая; г) ритмообразующая; д) инструментирующая.

Окказиональная лексическая сочетаемость проявляется преждевсего в том, что при сохранении структуры словосочетания привычнаялексическая сочетаемость в той или иной степени нарушается. В.П.Ковалев отмечает, что "в сознании читателя остается значениемодели, но в то же время в результате замены управляемого словавозникает и новый смысл"[4, с.94].Окказиональные сочетания слов неявляются предметом исследования синтаксиса, так как речь идет не онарушении синтаксической сочетаемости, а о соединенииисоединимых понятий, о нарушении привычных сложений смысловслов, заложенных традицией, обусловленных логикой.

Е.Г.Ковалевская справедливо отмечает, что "методика анализа таких словосочетаний не должна отличаться от методики анализасемантических окказионализмов, если исследуется специфика идиалекта писателя, только в одном случае процесс более сложный и постепенный: семы опорного слова, семы зависимого слова,возможность сложения этих сем, новые семы в необычныхсловосочетаниях"[5, с.6].

Как видим, возникновение окказиональных словосочетаний в поэтическом языке высокой пробы всегда мотивировано семантикой слов-компонентов, контекстом употребления, затекстовыми данными. Но эта мотивированность может носить глубинный характер, быть мало прозрачной, неочевидной. Например, Е.В.Джанджакова[3, с.406] считает немотивированным, а значит, недоступным для понимания, декодирования окказиональное словосочетание А. Вознесенского *проливная женщина*:

Проклинаю твой, Вселенная, масштаб,
Марсианское сиянье на мостах,
Проклинаю, обожая и дивясь,
Проливная пляшет женщина под джаз.

Лексическая сочетаемость прилагательного “проливной” является крайне ограниченной - "очень сильный" (о дожде)" (МАС. Т.3. С.673). Но из значения "очень сильный" естественно выводится значение интенсивности самовыражения, полноты проявления, что возможно при высокой степени естественности, раскованности натуры, ее поведения. Такие характеристики поддерживаются соположением окказионального словосочетания с разговорным глаголом “пляшет”("плясать - танцевать (обычно какой-либо народный танец)" - МАС.Т.3. С.205), с управляемым этим глаголом и контрастным ему по стилевой принадлежности существительным “джаз”.

Таким образом, анализ окказиональных сочетаний слов доказывает, что этот вид новообразований по методике исследования, по существу происходящих в процессе деривации семантических трансформаций мотивирующего слова близок семантическим окказионализмам. Выступая в письменной форме, текст предполагает отработанность,

осознанность употребления слов в соответствии с присущими им нормами, а также возможные отклонения от них. Под необычным понимается сочетание, в котором нарушены нормы словоупотребления. На основании анализа необычных сочетаний, можно сформулировать несколько условий, несоблюдение которых приводит к возникновению неправильного (необычного) сочетания: морфологическая форма не должна противоречить сочетательным возможностям; 2) в сочетании не должна быть нарушена лексическая сочетаемость.

В заключение подчеркнем, что проблема исследования типовой и окказиональной сочетаемости в художественном тексте - это проблема междисциплинарная, общелингвистическая, имеющая самое непосредственное отношение к лексикологии, лексикографии, словообразованию, морфологии, синтаксису и стилистике. Более того - это проблема общелингвистическая, так как сугубо лингвистической или сугубо литературоведческой стилистики, строго говоря, не существует. И чем лучше, чем полнее студент-филолог освоит комплексную методику структурно-семантического анализа индивидуально-авторских новообразований, тем бережнее и убедительнее будет его интерпретация исследуемого уникального материала, тем более он приблизится к пониманию "самовитого слова" поэта, писателя.

Литература:

1. Арнольд И.В. Импликация как прием построения текста и предмет филологического изучения // Вопр. языкозн. -1982.- № 4.-6с.
2. Винокур Г.О. Избранные работы по русскому языку. -М., 1959. -С.392-393.
3. Джанджакова Е.В. О сочетаемости слов в современной поэтической речи // Вопросы языка современной русской литературы. -М., 1971. -С.405-406.
4. Ковалев В.П. Окказиональная сочетаемость слов как экспрессивное средство художественной прозы // Русский язык в школе.-1976. -№2.-17с.
5. Ковалевская Е.Г. Вопрос об узуальном и окказиональном в лингвистической литературе // Узуальное и окказиональное в тексте художественного произведения. -Л.: Изд-во ЛГПИ им. А.И.Герцена, 1986.-С.12-15.
6. Филин Ф.П. Истоки и судьбы русского литературного языка. -М., 1981.-С.8-10.

ӘОЖ 800.92:130.3:316.75

«ҚОРҚЫТ АТА КІТАБЫНДАҒЫ» ЖЫРЛАРДЫҢ ОРТАҚ СЮЖЕТТІК ЖЕЛІСІ

Г.А.КАМИШЕВА, педагогика ғылымдарының кандидаты,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Кез-келген халықтың дамуы мен өркендеуінің қайнар көзі- оның рухани мұрасы. Тек қана қазақ халқына ғана емес, жалпы түркі әлеміне ортақ осындай рухани қазынамыз- «Қорқыт ата кітабы». Көптеген халықтардың әдебиеті мен мәдениеті үшін зерттеу жұмыстарына негіз болатын келелі тақырыптары болады. Түркі тарихында осындай ауқымды тақырыптың бірі -«Қорқыт ата кітабы». Бұл шығарманы зерттеу ХІХ ғасырдан басталды. Содан бері әлемнің көптеген ғалымдары «Қорқыт ата кітабына» түрлі зерттеу жұмыстарын жасағаны мәлім. Бұл кітап әсіресе түрік, әзербайжан ғалымдары тарапынан жан-жақты зерттелді. Түрік ғалымдары Әбдулқадыр Инан, Әли Риза Иалман, Фуад Көприулу «Қорқыт ата кітабын» өздерінің ұлттық ескерткіштері ретінде қарастырса, фольклорист ғалым Килисли Му'аллим Риф'ат бұл шығарманы берлиндік көшірмесі негізінде араб графикасын сақтай отырып жарыққа шығарады. Осы нұсқаны 1938 жылы Орхан Шайк Гекайя жаңа түрік латын графикасымен қайта шығарады. Аталған шығарманы терең зерделеп, «Қорқыт ата кітабының» Ватикан және Дрезден нұсқаларын қатар ала отырып, зерттеген

түріктің атакты ғалымы профессор Мухаррим Ергин. Оның докторлық диссертациясына негіз болған «Қорқыт Ата кітабы» туралы еңбегі Түркияда жасалған ғылыми-зерттеулердің ең көлемдісі және маңыздысы. М.Ергин зерттеулерінде "Қорқыт Ата кітабында" айтылған жырлардың қысқаша мазмұны, жырдың ерекшеліктері, тарихи мәліметтер мен географиялық атаулар және жырдың шығу тарихы, сондай-ақ, осы бағыттағы зерттеулер мен түпнұсқалардың салыстырылуы және жырдың Дрезден, Ватикан нұсқалары мен түрік тіліндегі мәтіндері берілген.

Кілт сөздер: Қорқыт ата, Мухаррим Ергин, жыр, сюжет, мотив, эпос.

Аннотация

Основным источником развития и процветания любого народа, является его духовное наследие. «Книга деда Коркыта»-духовная сокровищница не только для казахского, но и для всех тюркских народов. В литературе и культуре многих народов имеются масштабные темы, которые становятся основами для многих исследований. В истории тюркских народов такой темой является- «Книга деда Коркута». Научно-исследовательские работы по данной теме начались в XIX веке. С тех пор множество ученых поработали над «Книгой деда Коркыта». Особенно со стороны туркских и азербайджанских ученых велись всесторонние исследования «Книги деда Коркута». Туркские ученые Абдулкадыр Инан, Али Риза иалман, Фуад Коприулу рассматривали «Книгу деда Коркута» как национальный памятник, а ученый-фольклорист Килисли Му'аллим Риф'ат на основе берлинской копии данного произведения издал книгу, сохраняя арабскую графику. Этот вариант в 1938 году Орхан Шайк Гекяй переиздал на турецком языке на основе новой латынской графики. Наиболее всесторонний анализ Дрезденского и Ватиканского вариантов «Книги деда Коркута» был сделан профессором Мухарримом Ергин. Самой объемной и важной среди всех исследовательских работ сделанных в Турции на данную тему является именно работа М.Ергина. В его докторской диссертации есть оригинальные тексты «Книги деда Коркута» Дрезденского и Ватиканского вариантов, перевод данных текстов на турецкий язык, исторические информации по исследуемой теме, история возникновения жывров Коркыт ата и этимология географических названий.

Ключевые слова: Коркыт ата, Мухаррим Ергин, жыр, сюжет, мотив, эпос.

Annotation

The main source of growth and prosperity of any nation is its spiritual heritage. "The Book of Korkyt» - is a spiritual treasury not only for Kazakh, but also for all Turkic people. There are large amount of subjects which become bases for many researches. The main theme in the history of the Turkic people is "The Book of Korkut." Research work on the topic began in the nineteenth century. Since then, many researchers have worked on the "The Book of Korkut." Especially by the Turkish and Azerbaijani scientists have been conducted comprehensive Trials "The Book of Korkut." The Turkish scientists Abdulkadir Inan, Ali Riza ialman, Fuad Kopriulu considered "The Book of Korkut." as a national monument, and the scientist-folklorist Kilisli mu'allim Rif'at the Berlin copies of the work published a book, keeping the Arabic script. This variant was reprinted by Orhan Schaik Gekyay in the Turkish language based on the new latyn graphics in 1938... The most comprehensive analysis of the Dresden and Vatican options "The Book of Korkut." was made by professor Muharrimom Yergin. The most voluminous and important among all the researches were done in Turkey. M.Ergina has been working on this topic. There are original translations of these texts into Turkish of the "The Book of Korkut" by the thesis of Dresden and the Vatican options, historical information on the subject the history of zhyr about Korkyt ata and etymology of the geographical names.

Key words: Korkyt, Muharrim Ergin, zhir, plot, reason, epos.

«Қорқыт ата кітабы» оғыз тайпаларының өмірі мен тұрмысын, салт-дәстүрін суреттейтін он екі жырдан тұратын жалпы түркі әлеміне ортақ ұлы туынды. Сол кездегі оғыз тайпалары туралы жырларды оқи отырып, олар үшін мораль мен сенімділік, батырлық, батылдық қаншалықты маңызды болғандығын көреміз.

«Қорқыт ата кітабы» эпосының толық атауы «Китаби дедем Коркут ала лисани таифеи огузан» - яғни «Оғыз тайпалары тіліндегі Қорқыт атамның кітабы» деп аталған [1, б.1]. Бұл эпостың екі түрлі варианты белгілі. Біріншісі 12 батырлық дастаннан тұратын неміс ғалымы Генрих Фридрих Дитц тауып, жария еткен Дрезден нұсқасы. Екіншісі- 6 дастаннан тұратын Ватикан нұсқасы. Неміс шығыстанушы-ғалымы Т.Нельдеке (1836-

1930) «Қорқыт ата кітабының» Дрезден нұсқасын неміс тіліне аударып бастады. Бірақ ол бұл жұмысты аяқтай алмай, өзінің жинаған материалдарын шығыстанушы академик В.В.Бартольдқа береді. Ол бұл жұмысты әрі қарай жалғастырып, 1894-1904 жылдары бұл эпостың төрт тарауын орыс тіліне аударды. Сөйтіп, 18 жылдан кейін В.В.Бартольд эпостың бұл нұсқасын толықтай аударып бітеді.

Екінші нұсқаны итальян ғалымы Э.Росси Ватикан кітапханасынан табады. Бұл нұсқадағы дастандарды Э.Росси 1952 жылдан бастап түсініктеме бере отырып аударып, жариялай бастайды.

Эпостың кіріспе бөлімінде Қорқыт баба туралы мәліметтер беріледі. Эпостың 12 тарауы өзіндік сюжеті бар жекелеген жырлар болып табылады. Оның ішіндегі он тарауы бір-бірімен тығыз байланысты. Оларда Баяндур хан бастаған оғыз батырлары мен жігіттерінің батырлық, батырлық-романтикалық ерліктері баяндалады [2,б.45]. Эпостағы он екі жырдың барлығы бір-біріне ұқсамайтын бөлек сюжетті шығармалар дегенмен, олардың ішінде сюжеттік ұқсастықтар кездеседі. Оларды былайша топтастыруға болады.

1. «Қорқыт ата кітабындағы» барлық жырларға Қорқыт ата «Оғыз-нама» деп бірдей атау берген.

2. Әр жырдың басталуы бірдей. «Дирсеханұлы Бұқашжан туралы жыр», «Қазан Салордың ауылын жау шапқаны туралы жыр», «Байбөрі баласы Бәмсі Байрақ туралы жыр», «Қазан бектің баласы Ораздың жауға қалай тұтқын болғаны туралы жыр», «Оғыз Қазылық баласы Иекенк», «Бекіл ұлы Эмран батыр туралы жырларда» Баяндур хан мен Қазан бектің ала шатырын құрғызып, сән салтанат құрып отырған кездерінен басталады.

3. Хандардың ханы Баяндур жалпы жырлардың басында кездеседі де, жырдың соңғы бөлімдерінде айтылмайды. Өйткені, болып жатқан оқиғалардың ішінде болғанымен ортаға шығарылмайды. Күші бар, бірақ ортада көп көрінбейтін көлеңке тәріздес.

4. Жырлардың барлығына ортақ ең маңызды ерекшеліктердің бірі-оқиғалардың өрбуі. Әр жырдың басында кейіпкерлер бір сәтсіздікке ұшырайды, болмаса жамандыққа тап болады. Сәтсіздіктер мен жаманшылықтар жалпы гәуірлер (кәпірлер) тарапынан келіп отырған. Кейіпкерлердің басы бәлеге душар болады немесе тұтқынға түседі. Жырдың соңына қарай есімдерін тек қана құтқару кезінде еститін, бұрын-соңды жырдың еш жерінде кездістірмеген оғыздың жігіттері бас кейіпкерді құтқарып, әр түрлі қиындықтан алып шығады.

5. Кейіпкерлер бір адамның бойынан табылатын ерекшеліктерден де көп таңғажайып жаратылыстың бойынан табылатын қасиеттерге ие. Кейіпкерлердің өте мықты және күшті болғандығы сондай, бір орда әскермен жалғыз күреседі. Мысалы: Оғыздың әлі келмеген Төбекөзді Басат жалғыз өзі жеңіп тастайды. Қан Төрәлі ешкімнің жеңе алмаған күштерін жеңген. Секрек алпыс қарулы әскерге қарсы шығып, жеңіп, ұйқыға кеткен. Айғырының оятқанымен оянып, кейін тағы келген жүз адамды жеңіліске ұшыратады. Соңында бауыры Екрек екеуі жауды жеңіп, үлкен жеңіске жетеді.

6. Жырлардағы басты кейіпкерлер жағымды болып суреттелгендіктен оқырмандар әрдайым олардың жағында болады. Жыр, кейіпкерлерімен бірге қайғырып, солармен бірге қуанады, шаттанады. Өйткені жырлаушының ұстанған басты принципі ондағы негізгі кейіпкерлердің іс-әрекеттері арқылы оларды жағымды етіп көрсету. Мысалы: Бәмсі Байрақ жеті қыздың үміті, қалың оғыздың сүйіктісі ретінде танылған.

7. Кейіпкерлер көп ауырмайды, тек жараланады немесе аттан түсіп бір жерлерін сындырып алады, болмаса тұтқынға түседі.

8. Кейіпкерлер батыл, тез ашуланып, ашуы тез тарайтын, аттың құлағында ойнайтын, қылышты жақсы қолданатын болған. Кішкентай кездерінен бастап шайқастарда қан төгіп, үлкен жетістіктерге жеткен. Осы жетістіктеріне орай оларға Қорқыт ата тарапынан есім берілген. Әрі батыр әрі батыл кейіпкерлер тек қана ер жігіттер емес, қыздар да болған. Мысалы: Байрақ әкесіне үйленетін қыздың ерекшеліктерін былай деп суреттеген: «Мен орнымнан тұрғанша орнынан тұруы, атыма мінгенше атына мінуі, дұшпанға барғанымша дұшпанымды алдыма алып келуі тиіс» Байрақ Бәну Шешектің әйел

екеніне қарамастан, онымен бірге атқа мініп, садақ атысып, күреседі. Сейілжан сұлу болса, Қан Төрәліні гәуірлердің қолынан құтқарады. Дирсехан мен Бекіл әйелдерінің берген ақылдарын тындап отырған. Бұл эпостағы әйелдер бейнесі сенімді, өз ері мен еліне берілгендігімен қатар өз ары мен жақындарын қорғауда батыл, жар таңдауда ақылды болып суреттеледі.

9. Жырларда оғыз бектері жиі- жиі гәуірлердің тұтқыны болады. Бірнеше жылдан кейін тұтқынды құтқаруға бір жақыны келеді. Мысалы: Қазанды баласы Ораздың құтқаруы, Секрек он алты жылдан кейін Алынджа қамалынан бауыры Екректі, Иекенек Дизмерд қамалында тұтқынға түскен әкесі Қазылық оғызды құтқарды. Тұтқынға түскен жақындары туралы жағдай құтқарушысына бұрыннан айтылмайды. Он бес, он алты жасқа келгенде өздеріне дұшпандары тарапынан айтылады.

10. Жырдағы кейіпкерлер барынша жақсы немесе керісінше нашар болып суреттелген. Әр тайпаның бектері жақсы, гәуірлер тобы болса, керісінше. Гәуірлер туралы айтыла бастаса жыр «жарымай қалғыр» деген қарғыспен басталады. Бірақ гәуір қыздары сұлу болып суреттелген. Оғыз мырзаларының олармен үйленуі табиғи құбылыс ретінде көрсетілген.

11. Тағы бір ерекшелік жырда кездесетін есім атаулары. Әр жырда кездесіп отыратын есім атаулары: Баяндүр хан және Қорқыт ата. Есімдері жыр атауларына негіз болған оғыздың бектері: Дирсехан, Бұқаш, Қазан Салор, Бейрек, Қан Тұралы, Ораз, Басат, Ержүрек Домрул, Иекенек, Бекіл, Эмран. Тек қана бір жырда кездесетін, бірақ олар туралы көп нәрсе білмейтін оғыздың жігіттері және олардың әкелері де кездеседі. Мысалы: Тоқа, Байбөрі, Байбіжан, Қазылық қарт, Ұшан, Ақсақ оғыз, Елік оғыз, Қиян Селжук, Дукер, Рүстем, Ержүрек Дондаз, Қара Бұдақ, Қара Көнеұлы, Аруз, Теріс Ұзамыш Қисық оғыз, Оқшы, Алып Ерен. Сонымен қатар белгілі бір оқиғаларды суреттеуде ғана сюжеттік элемент ретіндегі кейіпкерлер де бар. Олар: Ержүрек Қаршар, Жалғаншы баласы қара ниет Жорташық, Құлбас, Қара қойшы, Қоңыр оғыз қойшы, Қабан қойшы, Жапағылы қарт, Қапық хан. Басқа бір топқа гәуір аттарын қоюға болады. Олар: Шөкли, Қара Тагавор, Жайхан, Соно Сандал, Қыпшақ патшасы, Ақ патша, Қара Төкен, Бұқашық, Қара арслан, Тагавор Тірек.

12. Қорқыт ата жырларының барлығы бірдей өрбіп, бірдей бітеді. Жырларда қан төгіледі, бас жарылады, соғыстар болады. Жырдың сегізінде гәуірлермен оғыздардың арасындағы соғыс, екеуі (Бұқашжан, Бәмсі) оғыздардың ішінара, екеуінде (ержүрек Думрул, Басат) соғыс жоқ, бірақ қиын қақтығыстар бар.

13. Оғыз бектері мен гәуір мырзаларының танытылуында қолданған сөздер жырларда ортақ. Оғыздар үшін: «.....баласы.....: Илік оғыз баласы Алып Ерен»; «.....қызы.....; Байбибіжан қызы Бәну Шешек»; «.....Оғыз;Ұшан оғыз»; «.....Бек; Қазан Бек»; «.....Хан; Дирсехан»: «.....сұлу: Бөрлі сұлу» Осылардан басқа есімдердің алдына сын есім қойып қолданған есімдер де көптеп кездеседі. «Боз атты Бейрек, сары киімді Селжан, ұзын бойлы Бөрлі» Гәуірлер үшін «.....тагавор» қолданылған.

14. Әйелге деген құрмет барлық жырларда кездеседі. Кей жерлерде әйелдер алдыңғы орында көрсетіліп тіпті матриархаттық дәуірді елестетеді. Жырдың алғы сөзінде Қорқыт атаның айтқан: «Ұлдың кімнен туғанын ана білер» деген сөзінен әйелге деген құрметті көруге болады.

15. Жырларда ананың балаға, баланың анаға деген сүйіспеншілігін жиі көреміз. Қазан Салор гәуір қолындағы тұтқындар арасынан тек қана анасының босатылуын сұрап, әйелімен баласынан бас тартады. Гәуірлер болса Қазанның анасын Жайханның баласына беріп, одан ұл туса сенің аманатың етеміз дейді. Гәуірдің өш алу үшін анасын қолданғаны, бұған қойшының көрсеткен наразылығы, баласының анасына деген сүйіспеншілігі мен құрметін ең салиқалы түрде көрсетіп отыр. Дирсеханның әйелі баласының алғашқы аңшылығы үшін дайындық жасайды, баласының кері қайтпағанына шарасыз қалып, іздеу салып жолға шығады. Ана баласы үшін қандай қиындық болса да дайын еді. Осы сияқты Бөрлі сұлу да баласы аңнан кері оралмағандықтан баласы мен күйеуін іздеп ауыр жолға

шығады. Иекенктің анасы болса әкесінің тұтқынға түскенін баласынан жасырып, оның амандығын ойлайды. Дәл осындай жағдай Секректің бауыры Екректің тұтқын болғанында да айтылады. Екі баласының біреуін Төбекөзге жем қылған бір ананың жалғыз баласын аман сақтап қалу үшін Басаттың алдына барып жалынуы- ананың балаға деген сүйіспеншілігін көрсетеді. Пері қызы да сырттан келетін қауіп қатерден қорғану үшін ұлы Төбекөзге сақина берген болатын.

16. Жырларға ортақ сюжеттік сарын ретінде әйелдердің күйеулеріне деген құрметін айтуға болады. Бегіл мен Дирсе ханның әйелдерінің күйеулеріне қолқанат болғандығын, ержүрек Думрулдың әйелі өз жанын күйеуі үшін пида етуі, Селжан сұлудың ұйықтап жатқан Қан Тұралыны жаулардың шабуылынан қорғап күзетуі, Бөрлі сұлудың Қазанға көрсеткен көмегінен күйеулеріне деген құрметті көреміз.

17. Жырда көп кездесін ортақ мотивтердің бірі- аңға шығу. Дирсе хан, Бейрек, Ораз, Емренің тайпасы барлығы да аңшылықпен айналысады. Бектер мен оғыздың үлкендері жиі аңға шығады. Аналары болса алғаш рет аңға шығатын балаларын жолға дайындайды. Аңнан қайтпай қалу мен онда кездескен қиындықтар бір-біріне ұқсас болып келеді. Аңға шықпаған бектердің әңгімелерінде болса оғыз жігіттерінің жиналып ішіп-жеп көңіл көтергендері туралы айтылады.

18. Жырлардағы айтылатын жер атаулары да бір-біріне ұқсас. Солтүстік Анадолы аймағындағы Пасинлер, Дербент, Сүрмели, Хамид, Мардин сияқты қалалар. Мухаррим Ергин Оғыз аймағының нақты белгіленбегені, бір бектің бір елі, бір ордасы болғандығын, бірақ бұл жерлердің де нақты шекаралармен көрсетілмегені туралы айтады[3]. Ергиннің пікірі жырдағы оқиғалардың баяндалған жерлерде болмағандығы, негізгі Оғыз тайпасының Орта Азияда өмір сүргендігі, жер атауларының жырды жазып алу кезінде ортаға шыққандығы жөнінде айтылған.

19. Жырдағы кейіпкерлердің бір-бірінен айырылу сарындары да ұқсас болып келеді. Мысалы: елден, анадан, атадан, сүйіктісінен, тайпасынан, бауырынан айрылу. Бірақ Байбөрі баласы Бәмсі-Байрақ туралы жырдан басқа жырдың соңы қуанышпен, тоймен, үйленумен бітеді. Бұл қуаныштар Қорқыт атаның суреттеуімен бітеді.

20. Жырларда оқиғалардың баяндалуы қара сөзбен, кейіпкерлердің диалогтары өлең жолдарымен берілген.

21. Жырлар қуанышты жағдайлармен, Қорқыт атаның сөздерімен аяқталады. Бірі ұзын бірі қысқа жыр болса да, арасында өзгеше оқиғалар болып тұрса да барлығына ортақ ерекшелік -Қорқыт атаның келіп жыр жырлап, күй шертуді, бата беруді.

22. Барлық жыр Қорқыт атаның сөздерімен аяқталады. Кемал Абдуллаевтың «Құпия Қорқыт ата» атты еңбегінде Қорқыт ата мен Баяндүр ханның кісіліктерін анықтап көрсеткен. Осы көрсеткен мәліметтерге сүйенетін болсақ, жыр Қорқыт атамен басталып, Қорқыт атамен аяқталады.

Қорқыт Ата жырларының бір бүтін жыр ретінде қаралуы осы қайталанып отыратын тақырып, уақыт, жер, кісі атаулары, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, оқиғалардың әрбуі сияқты сюжеттік ұқсастықтармен байланысты. Жырдағы ортақ ерекшелік, кейіпкерлердің әрі әйел, әрі еркек, әрі ана, әрі ата, әрі сүйікті жар ретінде бір бірлеріне ұқсауы, әр жырда осылардың қайталанып келуінен болады. Бір жырды оқып бітіріп, екінші бір жырды оқи бастаған оқырман өзіне таныс ортаны көргендей болады.

Әдебиеттер:

1. Баширова Г.И. Место военно-лексических единиц в эпосе «Китаби деде Коркут». // "Журнал научных публикаций аспирантов и докторантов".-2012. - № 5. – С.45.
2. Краткая Литературная Энциклопедия. - Москва:«Советская Энциклопедия», 1966.-Т.3.- 365 с.
3. Muharrem Ergin Dede Korkut kitabi. – Istanbul: MEB, 1969.-240s.

КҮДЕРІҚОЖА МЕН ҰЛБИКЕНІҢ ЖҰМБАҚ АЙТЫСТАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР

К.Т. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА, гуманитарлық ғылымдар магистрі,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Аннотация

В статье рассматривается биография жизни Кудерикожа Кушекулы и Улбике Жанкелдикызы, являющихся основателями словесных состязаний между джигитом и девушкой, а также общественный строй при котором они жили, показано, что основной идеологией состязаний между девушкой и джигитом того времени являлся ислам, приведен анализ причин и начала состязаний, их тематическое содержание, показана взаимная симпатия двух акынов. Особое внимание уделяется политической подкованности Кудери и природному таланту Улбике. Доказывается, что суть состязаний состояла не в победе одного и поражении другого, а во взаимных чувствах акынов друг к другу. Наиболее значительное место в культурном наследии Кудерикожа Кошекулы занимает его песенное состязание (айтыс) с Улбике Жанкелдикызы.

Материалы песенного состязания акынов Кудерикожа и Улбике были собраны известным фольклористом В.В.Радловым и опубликованы в третьем томе сборника «Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи», посвященном казахской литературе. Названная книга вышла в свет в 1870 году в Санкт-Петербурге. Копия книги, снятая на пленку, хранится в фонде редких книг Национальной библиотеки Республики Казахстан.

Песенное состязание Кудери и Улбике относится к древнему виду состязания между юношей и девушкой, которое происходило в форме загадывания и отгадывания загадок. Это произведение, отражающее миропонимание нашего народа, было переведено на немецкий язык.

Песенное состязание Кудери и Улбике состоялось примерно в 1840 году. Следовательно, мы можем предположить, что Улбике тогда было лет пятнадцать, а Кудери – двадцать. И они уже были признанными мастерами айтыса.

Ключевые слова: фольклор, жанр, айтыс, домбра, мастер словестности, словестной состязание загадки, кайым айтыс, деятель, метафора.

Аңдатпа

Мақалада қыз бен жігіттің жұмбақ айтысының негізін қалаған Кудеріқожа Көшекұлы мен Ұлбике Жанкелдіқызының өмір сүрген ортасы, сол уақыттағы қыз бен жігіт айтысының негізгі идеологиясы ислам діні екендігі, аталған айтыстың басталуы мен оның себептері талданып, екі ақынның айтысының негізгі тақырыптық мазмұны екеуінің бір-біріне деген сүйіспеншілігі көрсетіледі. Сонымен бірге, Кудері ақынның саяси қайраткерлігіне, Жанкелдіқызы Ұлбикенің табиғи ақындық қабілетіне ерекше назар аударылады. Олардың айтысы бірін-бірі жеңіп, я жеңілу емес, екі ақынның арасындағы сүйіспеншілік сезімге құрылғандығы дәлелденеді.

Кудері Көшекұлынан бізге жеткен әдеби мұраларының ең маңыздысы, оның ақын Ұлбике Жанкелдіқызымен айтысы. Ұлбике ақынның Кудеріқожамен айтысын атақты фольклорист В.В.Радлов жинақтап шығарған «Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи» кітабының қазақ әдебиетіне арналған үшінші томына енген. Ол кітап 1870 жылы Санкт-Петербургда жарыққа шыққан. Оның таспаға түсірілген нұсқасы Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының сирек кездесетін кітаптар қорында сақтаулы.

Ұлбике мен Кудерінің айтысы жігіт пен қыз айтысының жұмбақ аралас келетін көне түріне жатады, халықтың дүниетанымын бейнелеген бұл өнер туындысы В.В.Радловтың әйгілі кітабы бойынша неміс тіліне аударылған. Бұл айтыс шамамен 1840 жылы өткен, егер осылай деп ұйғарсақ, осынау айтыстың шырқау биігіне көтерілгенде Ұлбике он бес жаста, ал Кудері жиырма жаста болып шығады.

Кілт сөздер: фольклор, жанр, айтыс, домбыра, шешендік өнер, жұмбақ айтыс, кайым айтыс, қайраткер, метафора.

Annotation

On the scientific project biography of life of Kyderi is briefly driven skin of Kyzhekuly and Ulbike

Zhankeldikizi, being founders verbal contests between the Caucasian horseman and girl, and also framework of society at that they lived, it is shown that basic ideology of contests between a girl and Caucasian horseman of that time was an islam, an analysis over of reasons and beginning of contests, their thematic maintenance, is brought, the mutual liking of two акынов is shown. The special attention is spared to political shod of Kyderi and природномку talent of Ulbike. Proved, that essence of contests consisted not of victory one and defeat other, and in the mutual feelings of акынов to each other.

The most important place in the cultural heritage Kuderikozha Koshekuly takes his singing contest (aitys) with Ulbike Zhankeldykyzy. Materials singing competition akyns Kuderikozha and Ulbike were collected by folklorist WWRadloff known and published in the third volume of the book "Samples of folk literature of Turkic tribes living in southern Siberia and Junggar steppe", dedicated to the Kazakh literature. Called the book was published in 1870 in St. Petersburg. A copy of the book to film, is stored in the collection of rare books of the National Library of the Republic of Kazakhstan. Cooder song competition and Ulbike refers to the ancient mind the competition between boys and girls, which took place in the form of guessing and guessing riddles. This work reflects the outlook of our people, has been translated into German. Cooder song competition and Ulbike held approximately in 1840. Hence, we can assume that Ulbike was then fifteen years, and Cooder - twenty. And they were already recognized masters aitys.

Key words: folklore genre aitys, dombra, master slovestnosti, verbally sostizanie puzzles kayum aitys, activist, matefora.

XIX ғасырда айтыс жаңғырды, жаңа қырынан түлеп, толысты. Халықтың тұрмыс-салтына ауадай сіңген айтыс өнері мен әншілікпен астасқан ақындық, тақырыбы жағынан да, көркемдік шеберлігі жағынан өзгеріске түсті. Жаңа кезеңнің тынысы бұл жанрларға да өзгеше мәнер, бояуын ала келді. Қоғамдық қарым-қатынастардың, отаршылдық саясаттың күллі сөз өнеріне, ұлт санасына ықпалынан әлеуметтік, азаматтық мағына айқындала түсті. Ол заңдылық халық әдебиетінің ең бір өзекті түрі айтысты да айналып өтпеді. Айтыс мағына байытты, оның үстіне жанр іштей түлей түсті, жаңа сипаттар дарытты, бұрын көп таралмаған, мүлде кездеспеген түрлері пайда болды. Бір ғана айтыстың жанрлық сыр-сипаттарының көпқырлы келуі әдебиеттің даму жолындағы өзіндік заңдылығы. Осындай халықтың дүниетанымын бейнелейтін айтыстың жұмбақ аралас келетін көне түрінің негізін қалаған – Күдеріқожа Көшекұлы мен Ұлбике Жанкелдіқызы.

Қыз бен жігіттің жұмбақ аралас айтысының негізіне жататын «Ұлбике мен Күдеріқожаның айтысы» осы уақытқа дейін ғылыми тұрғыда дұрыс бағасын алмай келді. Академик В.В.Радловтың (1837-1918жж.) «Түркі руларының әдеби нұсқалары» деген он томдық жинағының үшінші томына енген толық нұсқасы да сол қалпында бізге жеткен жоқ. Көп зерттеушілердің еңбектерінде ақындық тапқырлық, басымдылық Ұлбикеке беріліп, ақындық өнердің ең жоғарғы шегіне жеткен бұл тума таланттардың айтысы жеңіп-жеңілу деген тұрғыда қарастырылды. Олардың арасындағы шынайы махаббат, бір-біріне ынтызарлық сүйіспеншілік сезімдері де есепке алынбады.

Күдері:

Ұлбике деген, шіркін, аты қандай,
Бір өзі мың сұлуға татығандай.
Қызығы бұл тірліктің кімге керек,
Жарқ етіп ғашықтықтың оты жанбай!

Ұлбике:

Ешқашан өкініштен пенде өлмейді,
Ешбір жан сүйген жанға тең келмейді,
Тұтқасы қолдан шығып, сынып қалған,
Ақ сандық енді қайта жөнделмейді [1, 118б.].

Жұмбақ айтысы - айтыстардың ішінде ерекше орын алатын түрі. Жұмбақ айтысы - фольклорлық жанр. Ол – адамның ой-өрісін, алғырлығын, білімін сынау мақсатында нақты бір зат немесе құбылыс тұспалдап сипатталатын шағын әдеби жанр. Жұмбақ айтысы халықтың өмір, табиғат құбылысын білсем деген арман-тілегінің елесі. Алуан өмір құбылыстарын түсіну, білу, білмегендерді соған жетектеу, әсіресе жастардың ой-

санасын кеңейту тілегінен туады. Сондықтан ұсақ нәрселерден бастап жұмбақ етіп, қиынға көшу, өзінше сол ой-сананы өрістету, ойлауға дағдыландыруды мақсат етеді. Жұмбақтардың өзі сияқты, жұмбақ айтысы да ұйқасқа құрылады. «Жұмбағым жұтылды, ыққа қарап құтылды». Бұл – бастапқы қысқа түрі. Ал кілең өлеңмен келетін ұзақ түрлері – соңырақ туған әрі адам санасының марқайған кездегі түрі.

Фольклордан бастау алатын жұмбақ ежелгі дәуір әдебиеті нұсқаларында, жыраулар поэзиясында, тіпті қазіргі заман әдебиеті өкілдерінің, әсіресе, балалар әдебиеті авторларының шығармаларында жиі кездеседі. Халық жұмбақты адамдардың білім деңгейін, парасатын аңғартатын үлкен өнер деп есептеген.

Жұмбақ айтыста кез келген ақын бел байлап айтысуға шыға алмайды. Бұл айтысқа түсу үшін, өз жанынан өлең шығара білу жеткіліксіз. Сонымен қатар ақын өмірдің барлық саласынан хабары бар, білімді адам болуы керек. Жұмбақ айтыста жұмбақ берушінің не нәрсені жұмбақ етемін десе де еркі бар. Өмірдің әр құбылысын алып, бейнелеу түрінде жұмбақ ете береді. Оны шешу үшін айтушының не нәрсені жұмбақ етіп отырғанын болжай білуі керек. Сондықтан жұмбақпен айтысушылар өте сирек кездеседі.

Жұмбақталатын нәрсенің көпшілігі шындық өмірден алынады. Ақындардың таланты, дүниетану шеңберінің көлеміне қарай, айтқан жұмбағының мағынасы кейде тайыз, кейде терең боп отырады. Кейбір жұмбақтардың шешуіне қарағанда, жасырушының да, шешушінің де әр алуан құбылыстарды көп білетіндігі таңқалдырады.

Қазақ әдебиеті тарихында Сапарғали мен Нұржанның айтысы жұмбақ айтысының ең жақсы үлгісінің бірі саналады. Сапарғали жұмбақтап отырған затының жеке детальдарын жақсы білген де, сол деректер арқылы затты жұмбақтаған. Жұмбақты айтушы Сапарғали да, оның шешушісі Нұржан да білгірлік танытқан, өнерлілік көрсеткен.

Нұржан:

Бұл сағым көріп көзбен, ұстауға жоқ,
Жаз күні шілдеде мал қыстауға жоқ.
Көшіп жүрген бір нәрсе мұнарланып,
Мекені еш орында нұсқауға жоқ.

Сапарғали:

Бір үй бар әйнегі жоқ және есігі,
Ішінде өрек етер бар нәсібі,
Болады бірде жанды, бірде жансыз,
Нақ көзге көрінерлік жоқ кәсібі [2, 212 б.].

Мұндай тапқырлыққа құрылған жұмбақ айтыстары басқа да қазақ ақындарында көптеп кездеседі. Осы өнерде Күдеріқожа Көшекұлы мен Ұлбике Жанкелдіқызының да өз қолтаңбасы бар.

Жұмбақ қара сөз түрінде де, өлең түрінде де, ақындық айтыс түрінде де кездеседі. Сыр бойы ақын-жырауларының шығармаларында жұмбақтың осы үш түрі де бар. Күдері ақында, тіпті жұмбақ айтысының үш түрінен басқа қайымдасу үлгісі де кездеседі.

Жұмбақ өлеңнің құрылымы фольклорлық шығармаларда екі бөліктен болып келеді. Ақын шығармасында да осы сақталады. Бірінші бөлікте жұмбақтың байлауы, екінші бөлікте - жұмбақтың шешімі.

Күдері:

Сексеуіл құмға бітер басы алмалы,
Ел тану ер жігіттің басты арманы.
Өлеңнің бес-алты ауыз арқасында,
Тұсыма қыздар келді қос алқалы.

Мұндағы Күдері ақынның «тұсыма қыздар келді қос алқалы» дегендегісі - өзінің дәрежесін биіктеткені.

Жұмбақ айтысының тақырыптары: табиғат құбылыстары, жер-су, жан-жануарлар, жәндіктер, адам өмірі, адам мүшелері, түрліше өлі заттар, тіршілік құралдары т.б. Ал мына айтыстың ерекшелігі құран сүрелері мен аяттары, шариғат жолдары жұмбақталады.

Ұлбике:

Сынақ оқу «әліф» пен «әбжадты»,
Мұрным «әліф» болғанда, қасым «мәт»-ті.
Көкірегім - кітап сөзі, тілім - Құран,
Мен сенен үйренбеймін шариғатты.

Күдеріқожа әкесі Еркөшекке айтқан екен: «Осы қызды тоқтататұғын бір сөз тауып бер» - деп. Сонда әкесі: «Жиырма тоғыз әріпті бір-ақ ауыз өлеңге сыйғызып айт, екі әріпті (харіпті) қалдыр, соның қалғанын білсе, айтыспай-ақ қой! Оның өкпесіне өлең жазылған», - [3, 84б.] депті. Сонда Күдеріқожа өлеңнен «шын» мен «жим»-ды қалдырып, өлеңдетіп айтыпты:

Қожеке, өлең айттың, кітап аштың,
Жау қуды ма, асығып, неге састың?
«Шын» мен «жим»-ды қалдырып, қара басып,
Құранды аяғыңа қалай бастың?!

Көріп отырғанымыздай екі ақын да бір-бірінен асып түсіп, діни сауаттылықтарын паш етеді. В.В.Радлов жазып алған нұсқасында Күдеріқожа «Кәф пен Нұн» орнына күнді айтады:

Бар дейді жаратқанның көрген нұрын,
Нұрын көрген пейіштен алады орын.
Ұлбике, сен сұрасаң, мен айтайын,
Кеппенен күн жаратты ілкі бұрын.

Құранда және басқа діни әдебиеттерде Алла тағаланың әуелде нені жаратқаны туралы мәліметтер көп. Әлем, жын-перілер, жан-жануарлар, табиғат құбылыстары, нұр... – бұлардың әрқайсының жаратылу реті бар, Алла тағала бұларды белгілі бір ретпен, тәртіппен жаратқан. Ұлбике бұл саладан да діни сауатты ақын. Жұмбақ айтыс – өмірдегі шынайы зат пен құбылысты, қоршаған ортаны танытудың құралы. Жоғарыдағы мысалдар осының дәлелі.

Күдері ақынның жұмбақ айтыстары 10-11 буынды қара өлең үлгісімен жазылған. Ол жеңіл әрі жарасымды әзілмен басталып, әлеуметтік таным деңгейіне көтеріледі. Терең ой тастайды, оқушыны да ойландырады.

1940 жылы С.Аманжоловтың ел аузынан жинаған жұмбақтарды құрастырған кітабының алғысөзін жазған М.Әуезов жұмбақты халықпен бірге, сол халықтан шыққан ақындардың көп пайдаланғанын айта келіп, «Жұмбақтың өзіндегі ақындық, көбінесе, едәуір күшті ақындық болады», - [4, 48 б.] дегенді айтады. Олай болса, жұмбақ айтыс өлеңін жазған Сыр ақындарының бірі Күдеріні біз күшті ақындар қатарына жатқызамыз, өйткені ол бірнеше жұмбақ айтысына қатысқан. Сонымен қатар Күдері ақынның жұмбақ айтысында қайымдасу тәсілі де бар. Мысалы, айтыс басталғанда «Сексеуіл құмға бітер басы алмалы, зинақор бір құдайды еске алмады», «Екі құзғын ұшқан жері - Еділ, Жайық, Алашта ақын бар ма бізге лайық», «Әуелде жаратқанда жан жаратқан, дарияның түбінде мың жыл жатқан», «Қарағай, садақ, қырық кез оқ бар белінде, сендей ақын жоқ па екен өз елінде» деген өлең жолдары екі ақында алма-кезек қайталанады. Мұндай айтыс, көбінесе ел аузында айтылып жүрген жаттанды өлеңдерден құралып, айтыс үстінде оның мазмұны, тақырыбына қарай кейбір шумақтар немесе жолдар жаңадан шығарылып, ішінара ғана өзгеріп отырады. Қайымдасу әдетте жай басталғанымен, аяғы әлеуметтік мәселеге дейін барып, халыққа салмақты ой тастайды.

Күдеріқожа Көшекұлынан бізге жеткен әдеби мұраларының ең маңыздысы жоғарыда айтқан Ұлбике Жанкелдіқызымен (1825-1849жж.) айтысы. Бұл жөнінде сөз асылын терген әйгілі Мәшһүр Жүсіп Көпеев былай дейді: «Бұрынғылар домбыра ұстап айтатұғыннан «Қайым білесің бе?» деуші еді. «Қайым» деп екі ақынның айтысқанын айтады екен. Сонда «Қайым» өлеңінің ілкі басын Күдеріқожа мен Ұлбике айтысқан. Бұл екеуінен бұрын қайым өлең де жоқ, айтыс та жоқ. Бұрынғылардікі мақал, тақпақ...» [5, 83-87бб.].

Алғашқыда Ұлбике Күдерінің інісі ақын Таспа қожамен айтысқан. Бір жақтан шаршап келе жатқан ол құдық басында атын суарайын деп астауға су құйса, аты үркіп суды ішпепті. Артында тұрған Ұлбикені байқамай, ашуға мінген Таспа атын қамшымен тартып-тартып жіберген екен. Сонда ақын қыз:

Інісі Күдерінің Таспа қожа,
Атыңды неге ұрасың басқа қожа,
Ретсіз қамшынды жұмсай берсең,
Боларсың нағыз кедей қасқа қожа, - [6, 101 б.] - деген екен.

Осыдан Ұлбике мен Таспа қожаның айтысы басталады. Өзімен тіресуге лайықты сөзі де, ойы да мағыналы ақынмен айтысу Ұлбикенің өнерінің өрісін кеңейтіп, ажарын аша түседі. Ақын қыз Таспа қожамен айтысында осы биігінен түспейді, ақындық өнердің келіскен үлгісін көрсетеді. Қарсыластарының әдепсіздігіне оңайға тебіренбес тереңдігімен, жанының таза, сезімінің адалдығымен қарсы тұрып дағдыланған қыз аталған айтыста да дегдарлық танытқан.

Таспа мен Ұлбикенің айтысы Ұлбикенің бой жеткен кезінде өтіпті. Өзін айттырып қойған адамға наразы болып жүрген қыз көптен таныс жас ақынның әдейі келгеніне іштей разы болып қалады. Екі-үш ауыз лебізін ән сазына бөлеп, өксікке толы өкінішті өмірін айтады. Таспа қожа ел салтынан асып кетпейді, оның болашақ күйеуінің арына тимей, оның тентек мінезін ғана еске салады. Сонда Ұлбике өзінің ақындық деңгейінің жоғарылығын, Мәделімен айтысқандығын алға тартады. Өзін биік санайды. Сонда Таспа қожа Ұлбикеге ел салтын қадірлеп, болашақ келін болып түсетін жеріне шын жүрегімен адал пейілін білдіріп, өзінің қожалығын да есіне салып, қыз тағдырының ауыр да, азапты әрі жауапты екенін айтады.

Ұлбике де ақыл-парасатымен, өнерімен қанша биік болса да қазақтың бұрыннан қызды кішкентайынан айттырып қою үрдісін мойындайды. Десе де ол өзінің өскен, тәрбие алған отбасын да қия алмайтындығын өлең жолдарымен білдіреді. Таспа қожа Ұлбикенің болашақ жары Бойтанның бай болғанмен, ойсыз, содыр мінезді, әйтеуір екі аяқты «нұсқа» екенін алға тартып, Ұлбикеге қимастық сезімін жеткізеді.

Таспа қожа өзінің Ұлбикеге деген шынайы сезімін жеткізіп, тіпті ол кездері сирек кездесетін сүйген қызын алып қашу ерлігіне дейін баратындығын батыл айтқанымен, ол мүмкін емес еді. Тағдырға мойынсұнбайтын пенде жоқ. Ұлбике атастырған жігітті «бөлтірікке», өзін соның жемтігіне айналатын қауқарсыз «қозыға» теңегенмен, Таспа қожаға қосыла алмайтындығын жеткізеді.

Он сегіз жасар ақын Таспа қожа мен Ұлбикенің айтысында сөз қақтығысы да, ой шамырқануы да, арман-сағыныш та, ынтық-ынтызар көңіл де тұнық күйінде жыр болып өріледі. Жастық қайраты жалындаған Таспа қожа қыз бақытын өзіне теліген сезімін білдіріп, Ұлбикенің жаралы көңілін аулап, шынайы ойын жеткізеді. Дегенмен, ақын жігіт әдептен озбай, өз қолын ұсынған. Ол сонда өзінің ақын ағасы Күдерінің «Ұлбике, қыздан шыққан лашынсың, Бұл жерде сенен сөзді кім асырсын» деген ұшқыр ойынан құлай берілгенін де аңғаруға болады.

Ұлбикенің өз ортасынан қара үзіп шыққан ақындық таланты мен терең білімділін танып, дұрыс аңғарған ақындар онымен айтысуға үлкен дайындықпен келмесе, ойда жоқта немесе сәті түскен шақта сөз жарыстыруға бата алмайтын болған. Мұны Еркөшекқожаның баласы Күдеріге айтқан кеңесінен де байқауға болады. Ол баласына: «Балам, Ұлбикемен айтысамын десең, Бұхараға барып, үш жыл оқып кел. Әйтпесе, онымен айтысуға жарамайсың» [7, 84 б.] – дейді.

Бұл Ұлбикенің білімі мен ақындық талантын бір адамның немесе бір ақынның мойындауы емес, жалпы қауымның, белгілі кезеңнің мойындауы деуге лайықты әділ баға еді.

Ұлбике мен Күдерінің айтысында ой-пікір, білім жарыстыру кең орын алады. Айтыстың әр мағыналық бөлігі мен құрылымы белгілі бір пікір таласына, ой-сайысына негізделеді. Бұл екі ақын да айтыс барысында жеңу немесе жеңілуді мақсат етпеген.

Күдері мен Ұлбикенің айтысын кейбір зерттеушілер бұрынғы кеңестік дәуірдегі жүйеге негіздеп, қарастырады. Бір кездері «қожалар» туралы олардың ағартушылық қызметін жоққа шығарып, «аңқау елге – арамза молда» деген сияқты пікір қалыптасқан-ды. Тіптен кеңестік дәуірдің қабырғасы шайқала бастаған, тәуелсіздіктің алдындағы жылдардың өзінде жарияланған ғылыми еңбектердің өзінен Күдеріқожаны Ұлбикеден төмендетіп көрсететін жұмыстар да жеткілікті. [8, 207-210 бб.]. Біздіңше, Күдері мен Ұлбикенің айтысын олардың арасындағы сүйіспеншілік тұрғысынан алып қарастырған жөн.

Ұлбике сұлудың талантына табынып Күдеріге дейін айтысқан, оның інісі Таспа қожа мен Жанкел ақын да тәнті болып, оның айдай ажарына ғашық та болған.

Таспа қожа:

Шашың сұлу көрінер өрілгенде,
Бойың сұлу көрінер керілгенде.
Қыз дегеннің жолы ұзақ, өзі жаттық,
Ғайып болар жұлдызы көрінгенде,

дей келе,

Барған жерің балауса майдан болсын,
Көк аспаны күні мен айдан болсын.
Туып-өскен жеріңнің бәрі - жібек,
Өз аулыңдай бөтен жер қайдан болсын? -

деп өкінішке толы ақ тілегін де білдіреді. Айтыстың соңғы жағында Ұлбикеге деген сүйіспеншілігін ашығынан айтып:

Ат бауырын бапкерлер жаза алады,
Қаршыға құс үйрек пен қаз алады.
Ойнап-күліп қожамен қосылғанның,
Қайғы дерті кеудеде тазарады.

Көсеуі ұзын адамның қолы күймес,
Кембағалға мүліктің молы тимес.
Сен қайтесің, Ұлбике, ол немені
Көз көрмеген пендені көңіл сүймес.

Қожа жігіт тон киер көк әдіпті,
Орамамен хат жазар жеті әліпті.
Осы түнде мінгесіп бір кетейік,
Тағдыр жолы, әйтеуір, бір кәдік-ті.

Жанкел ақын Ұлбикеден жасы үлкен болса да, өзінің Күдеріден Ұлбикені қызғанатындығын жасырмайды:

Жайыңа жігітшілік қоймас екен,
Ұлбике, сөзіңе жұрт тоймас екен.
Тарап жүр ел аузында бір әңгіме,
Ұлбике Күдерімен сырлас екен,-

деген жолдар сөзіміздің дәлелі.

Жанкел ақынның қызғаныш сезімі мына жолдар арқылы Ұлбикеге ғашықтығына жетелейді:

Ұлбике, қуанамын келгеніме,
Сен едің қалағаным, гүлдерім де.
Қолыңа қаршығадай қондырсаңшы,
Ордандап оқпақ құстай жүргенімде.

Қазаққа аты шыққан мәшһүріңмін,
Мен болдым саған ғашық жас күнімнен.
Көгенде сен бір жатқан бағлан қозы,

Андыған қараңғыда қасқырыңмын.

Ұлбике ақын өзінің Жанкелге деген селт етпеген сезімін былайша жайып салады:

Жанкел, сен қасқыр болсан, қабысарсың,
Қоймастан қозы көрсең, жабысарсың.
Ел келсе, сендей қасқыр ебін таппай,
Далада тасбақа жеп қарысарсың.

Бұл айтыстың шиеленісетін жері - Ұлбикенің уәжді, дәлелді, отты сөздерімен айтылған өлең жолдарына Жанкел ақынның тоқтамағандығы. Тіптен, Ұлбикенің:

Сен де бір, арсыз кедей, ұялсаңшы,
Нәпсіңді алаңдамай тия алсаңшы.
Қолың жетпес бойыма аузыңды ашпай,
Тілесен ат алсаңшы, түйе алсаңшы,-

дегеніне де тоқтамаған Жанкелдің назарын мына өлең жолдарымен басқа арнаға бұрады:

Жанкел-ау, ұста болдың құрамаға,
Айтылды талай өлең сыбағаға.
Орныңнан тұрмаймысың, Жанкел кедей,
Артыңда қожа емес пе құба бала?

Бұл жолдар Ұлбике мен Жанкелдің айтысын сырттай бой тасалап тұрған Күдеріқожаны көргеннен кейін айтылған. Зерделеп оқыған адам осы өлеңнің соңғы қатарынан Ұлбикенің Күдеріқожаның ажарына риза болғандығын байқауға болады.

Күдеріқожа әдептілік сақтап, Жанкелдің жасы үлкендігін алға тартып, былай дейді:

Қыздар бар қыздардан да қырғи теңі,
Өткен соң жігітшілік кім бүйтеді?
Берсеңіз тұрып орын, Жанкел аға,
Біз де айтысып көрейік Ұлбикемен.

Бұдан әрі айтыстың тізгіні Күдеріқожаға ауысады. Екі ақынның да бір-біріне деген сүйіспеншілігі, сағынышқа толы ыстық махаббаты мына өлең жолдарымен өріледі. Себебі, Күдері ақын бес жылдай Қарқаралыда болып, Сыр еліне ат басын бұрған кезі еді. Өлеңмен сәлемдесуден бастаған Күдерінің сөзін Ұлбике:

Қожаның арғы атасы барды Мекке,
Баласы сұңқар құстың азды жеке.
Сағындым, көрмегелі бес жыл болды,
Келдің бе аман-есен, ау, Қожеке?

дей келе Ұлбике сарғайған сағынышы мен шексіз қуанышын төмендегіше жалғастырады:

Қаралы қарайғанға, қарағым-ай,
Аспалы қылыш еді жарағың-ай.
Жабығып отыр едім мен қор болып,
Қазанат қайдан келдің, арабым-ай?

Сайраған баудың көркі, бұлбұлым-ай,
Барады қапалықпен бұл күнім-ай.
Ағарып атқан таңдай қайдан келдің,
Қыраны қаршығаның, түйғыным-ай.

Шығады тоғай барған балтаны алып,
Не кетпес балта тисе жаңқаланып?
Көргенде ана жылы жас бала едің,
Келдің бе аман-есен Арқа барып?

Бұл өлең жолдарының «жабығып отыр едім», «қазанат қайдан келдің», «арабым-ай», «түйғыным-ай» деген ұлғайған метафоралар арқылы Ұлбикенің Күдеріге деген шынайы сезімін айтып тұрғанын бірден байқауға болады. Осы метафоралар арқылы Ұлбике Күдеріні әрқашан көтеріп, құрмет тұтатынын, ақын ретінде де, адам ретінде де биік

дәрежеге көрсетіп тұрғанын байқаймыз. Күдерінің айтыстағы:

...«Ұлбике, ойымнан еш кетпедің ғой,
Сонда да ақыл-есім мұнда қалып.»
... «Мен нағып сен сөйлесең езілмеймін,
Арқада қыз жоқ екен өзіңдейін», -

деген сияқты келтірген өлең жолдарынан Күдері ақынның да Ұлбикеде деген іңкәрлік сезімі «мен мұңдалап» тұр. Таза махаббат та қызғаныш сезімдерімен қатар жүреді. Ұлбикенің «Тақсыр-ау, Ұлбикені ұмыттың ғой, Арқаның ақ мамықтай қызын көріп» Күдерінің :

...«Ұлбике, алданадың жалған жарға»,

деген назды өлеңдерінен сүйген жүректердің бірін-бірі басқаға қимайтындай қызғаныш өрті қылаң беретінін байқаймыз.

Ұлбике мен Күдеріқожаның жұмбақ айтысында кеңестік дәуірдегі жарық көрген ғылыми жұмыстарда келтіргендей бірін-бірі кемсітушілік, арына тиюшілік сияқты жәйттер кездеспейді. Себебі, Ұлбике мен Күдері - үлкен талант иесі ретінде шынайы махаббаттың кейіпкерлері. Күдеріқожа Көшекұлы мен Ұлбике Жанкелдіқызының өміржолын, олардың шығармашылығын, араларында болған шынайы махаббаттары зерделеп оқитын жастар үшін, тәлім-тәрбиелік, тағылымдық маңызы өлшеусіз.

Бүгін қосылып, ертең айырылысып жатқан жастарымыздың легінің толастамай, қайта көбейе түсуі өскелең, өркениетті еліміздің көлеңкелі беттері. Қос ақынның шынайы мөлдір махаббаттарына қарамай, бір-біріне зарығып, өлеңдерімен сезім шыңдарын сездіруі сол бір заманның запыранды зары. Ұлбике шығармашылығын зерттеуде оның Күдеріқожа Көшекұлымен айтысының шынайы махаббатқа негізделгендігін дәлелдеген - заңғайыр ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбеков. Оның «Ұлбике» атты музыкалық трагедияға негізделген сахналық қойылымы сөзіміздің дәлелі. [9, 217-237 бб.].

Қорыта айтқанда, Күдері мен Ұлбике ақындар қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында өзіндік шығармашылық мектеп дәстүрін қалыптастырып, ұлттық өнеріміздің тарихында үлкен із қалдырды. Олар қыз бен жігіт айтысының жұмбақ аралас келетін көне түрінің негізін қалады.

Әдебиеттер:

1. «Абай» журналы. -2003. - №1. -84 б.
2. «Абай» журналы. -2003. - №1. -84 б.
3. Айтыс. Бес ғасыр жырлайды. - Алматы: Жазушы, 1984. –Т.2. -101 б.
4. Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991. – 48 б.
5. Жолдасбеков М. Сөзді ұғатын кез келді. - Астана, 2007. -217-237 бб.
6. Қазақ әдебиетінің тарихы. ХІХ ғасырдың бірінші жартысы. - Алматы: ҚАЗАқпарат, 2005. –Т.4. - 83-87б.
7. Қазақстанның халық творчествосы. - Алматы: Ғылым, 1989. -207-210 бб.
8. Көпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі. - Алматы: Ата мұра, 1978. -118 б.
9. Мұқанов С. Халық мұрасы. - Алматы: Жазушы, 2005. - 212 б.

ӘОЖ 894.342

ҚОРҚЫТТАНУ ІЛІМІ: КЕШЕ, БҮГІН, ЕРТЕҢ

Н.НҰРҒАБЫЛОВА, магистрант,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Жер жүзі ғалымдарының назарын ертеден аударып келе жатқан тарихи-әдеби мұраларымыздың бірі – «Қорқыт Ата жырлары». Түркі халықтарының оғыз-қыпшақ дәуірінен

сыр шертегін бұл мұраны М.Ергин, О.Гокияй, К.Рифат, В.Араслы, М.Тахмасиб, В.Бартольд, А.Якубовский, В.Жирмунский, Х.Корұғлы сияқты көптеген шетел және орыс ғалымдары жырлардың тегі мен табиғатына, көркемдік ерекшеліктеріне қатысты зерттеулер жазып жариялаған.

«Қорқыт Ата кітабын» зерттеу ісіне атсалысып жүрген қазақ ғалымдарының да баршылық екені рас. Олардың бастауында Ә.Қоңыратбаев, Ә.Марғұлан, М.Байділдаев есімдерін атасақ, олардың ізбасарлары ретінде Х.Сүйіншіәлиев, Р.Бердібаев, М.Жолдасбеков, Н.Келімбетов, Ш.Ибраев еңбектерін ықыласпен оқимыз.

Қорқыттану ілімін қызыға зерттеуші ғалымдар қатары жылдан-жылға толығы түскені де көңіл қуантарлық жайт. Оны кейінгі зерттеулерге жүргізілген аталмыш мақаладағы сипаттамадан да байқаймыз. Мақала авторы Қорқыттану ілімінің зерттелуі әлемдік деңгейде екеніне ерекше тоқтала отырып, оны қызыға зерттеушілер қатары толастамайтынын мегзейді.

«Қорқыт Ата кітабын» – эпостық туынды, ондағы толып жатқан ономастикалық атауларға ерекше көңіл бөліп, өз болжамдарын ортаға салады, жоғарыда аталған ғалымдар мен зерттеушілер пікіріне сүйене отырып, оның түркі халықтарына ортақ мұра екенін нақтылай түседі.

Қорқыттану ілімі 1999 жылы ЮНЕСКО қолдауымен Франциядағы конференцияға арқау болған. Ғылымдағы осы бір ауқымы кең, түбегейлі зерттеуді қажетсінетін Қорқыттану ілімінің бұл бағыттағы ізденістері өз жалғастығын таба беретіні белгілі.

Кілт сөздер: Қорқыт Ата жырлары, жырдың қолжазбалары, Қорқыт атауы, этимологиясы, сюжеттік ұқсастық, ономастикалық атау, эпостық туынды.

Аннотация

В исследовании «Книги Коркыт Ата» также принимали участие и казахские ученые. Если среди наиболее известных ученых были Конратбаев А., Маргулан А., Байдильдаев М., то к числу их последователей можно отнести Сүйиншиалиева Х., Бердибаева Р., Жолдасбекова М., Келимбетова М., Ибраева Ш., чьи труды мы изучаем с большим желанием.

Радует то обстоятельство, что из года в год пополняются ряды ученых, занимающихся исследованием учений Коркытоведения. Мы можем это наблюдать по опубликованным статьям, в которых характеризуются позже проведенные исследования. Автор статьи, остановившись на вопросе исследования учений Коркытоведения на мировом уровне, отмечает, что ряды ученых, занимающихся этим вопросом на этом уровне, не пополняются.

Необходимо уделить особое внимание «Книге Коркыта Ата» как эпическому произведению, в котором преобладает множество ономастических наименований. Эта книга, согласно прогнозам и заключениям вышеназванных ученых и исследователей, станет по-настоящему главным наследием тюркского народа.

Ныне приводятся ссылки на исследования и заключения О. Сулейменова и Б. Карбозова при изучении генезиса «Песен Коркыт Ата».

В 1999 году при поддержке ЮНЕСКО во Франции была проведена конференция по вопросам учений Коркытоведения. Одним из условий развития учений Коркытоведения является дальнейшее основательное исследование в этом направлении, которое открывает широкий простор для науки.

Ключевые слова: песни Коркыт Ата, рукописи песен, наименования Коркыта, этимология, сюжетная схожесть, ономастические наименования, эпическое произведение.

Annatation

Since the early time all the scientists of the word had been giving much attention to the historical-literary heritages. One of them is «Korkyt Ata zhyrlary» A lot of foreign and Russian scientists such as M.Ergin, O.Gokiai, K.Rifat, B.Arsiy, M.Takmasyd, B.Bartold, A.Yakubovsky, B.Zhyrmunsky, X.Korgyly researched this song and published their articles about its origin, nature, beauty and differences. There are also kazakh scientists take part in exploring this song. Certainly the first of them is A.Kongratbaev, then come A.Margulan and M. Baidildaev after that come X.Syynshaliyev, R.Berdibaev, M.Zholdasbekov, N.Kelimbetov, Sh.Ibraev. We read their works with great pleasure.

In this article the author describes a lot of opinions of many scientists' works and uses them in the right places. From time to time the investigators of «Korkyttany» learning become more and more. The author of this article pays attention to the researches of «Korkyttany» in our days and she hopes the number of explorers will be more in the future.

She pays special attention to the many original names and according to the foresees of scientists and researchers it is a common heritage of Turkish people. Today through O. Suleimenov's and B.korbozov's opinions and researches the author tries to show the «Korkyt Ata Zhyrlary» s origins. The author of this article says that the «Korkyttany» learning was discussed at the conference supporting by ЮНЕСКО in 1999. In future the in vestigators of Korkyttany learning will be continued.

Key words: Korkyt Ata Zhyrlary, manuscripts, Korkyt name, etimology, the contentsimilarity original name, epos writing.

Қорқыт Ата – түбі бір түркі халықтарының баршасына ортақ ұлы данышпан, жырау, қобызшы. Ол өз заманының ақылгөйі, әулиесі, көрегені болған адам.

Қорқыт Ата туралы атадан балаға мирас болып ауызша жеткен философиялық мазмұны терең әңгімелер, аңыздар мен әфсаналар, тарихи шежірелер оның дүниеге келген сәтінен бастап, өмірінің кезең-кезеңін, мәңгілік өмірді аңсап, желмаяға мініп ап ажалдан қашқанын, ақыры Сырдарияның ортасында суға батпайтын кілемін жайып сап, қобыз тартып отырғанында әбжыланның шағуынан қаза тапқанына дейінгі Қорқыт Ата өмірінің естен кетпес оқиғаларын баяндайды. Ал ғылыми деректер бойынша «Қорқыт Ата кітабының» екі қолжазбасы бар екенін білеміз. Оның бірі – Германияның Дрезден қалалық кітапханасының сирек кездесетін қолжазбалар қорында, екінші нұсқасы Ватикандағы (Италия) Аристолика кітапханасында сақтаулы.

Қорқыт Ата туралы деректер бізге Қорқыт Ата мұрасын зерттеу ісімен айналысқан шетелдік ғалымдар мен қазақ ғалымдарының жан-жақты зерттеулері арқылы да келіп жетті және олардың еңбектері қорқыттану ілімінің зерттеу аясы әлемдік деңгейде екенін дәлелдей түседі.

Қорқыт Ата туралы зерттеу, мақала жазу атеизм әсерінен кеңестік дәуірде бәсеңдегенмен қазақ білімпаздарының жүрекжұтты еңбегінің арқасында ғылымда тоқырап қалған жоқ. Оған үлес қосқан Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев сынды ғалымдарымызды атай аламыз.

Қазақ мәдениетінің тарихын зерттеуші, археолог, фольклоршы, этнограф Әлкей Хақанұлы Марғұланның Қорқыттануда жеткен жетістіктері – бүгінгі ұрпақ үшін баға жетпес қазына.

«Қорқыт Ата туралы жазбалар» деп аталатын Ә.Марғұланның 1982 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялаған көлемді ғылыми мақаласында ол Қорқыт туралы жазбалардың зерттелуіне ерекше ден қояды. Ғалымның дәлелді тұжырымы бойынша «Қорқытты бірінші рет таңғаларлық, әдемі сөзбен ғылым жүзіне келтірген – араб географы Истахри (X ғасыр). Ол кісі Хорезмді, Сыр бойын аралап жүріп, түркілер арасынан бұрын өткен екі данышпан ойшыл туралы әфсаналар естиді. Оның екеуі де ел арасына атағы көп тараған озық адамдар. Біреуі – атақты дәрігер Барзу да, екіншісі – Қорқыт – өзінің жырымен, тартқан күйімен елді аузына қаратқан кемеңгер ойшы» [1,10]. Осындай ойды айтқан ғалым бұдан соң атақты тарихшы Рашидеддин, Абылғазы, Әлішер, Науаи сынды тұлғалардың жазбаларында Қорқыттануға қатысты мәліметтері бар әрбір дереккөзге тоқталып, жан-жақты талдау жасайды.

Қорқыт Ата мұраларын зерттеген алғашқы қазақ ғалымдары туралы сөз болғанда алдымен Шоқан Уәлихановтан бастайтынымыз рас. Халқымыздың мақтанышы, белгілі этнограф ғалым Шоқан Уәлиханов Қорқыттың балгерлігі, ақындығы, музыкалық өнері жайында көптеген пікірлер қалдырған. Шоқан Уәлиханов пен Г.Н.Потаниннің болжауы бойынша «Қорқыт» есімі «қорқ» — қорқу, қорқамын, қорқыту, өлімнен қорқып қашу, баксылық үшін қолданылатын іс-әрекет десе, профессор Ә.Қоңыратбаев «хор» – тайпа атына жақындығын айта келіп «құт» сөзінің ескі жұрнақ екенін, Қорқыт – оғыздардың құты, ойшыл, сәуегейі «құт әкелетін адам» тұлғасы бейнеленген», - деп қорытындылайды. Демек, «Қорқыт» атауының мағынасы құтты адам, құт әкелетін адам болмақ. «Құт» - түркі тайпаларына ортақ сөз, ол бірде «жан», «өмір қуаты», бірде «бақыт», «сәттілік», енді бірде «ұлылық» деген мағыналарға ие болып отырады. «Құт» сөзінің осындай семантикалық мәнін ұғына білген Ә.Қоңыратбаев бұл түбірдің бүгінгі Сібір қалаларының

атауында сақталғанын айтады. «Сұрқұт – сұлу, тұрғын (мекен)», «Жерқұт – жер құты» деген мағына береді деп жазады ғалым [2, 85 б.]. Бұдан Қорқыт Атаның есіміне қатысты пікірлердің де көптеген пікірталастар туғызғанын көре аламыз.

Қорқыт атаны ел аузындағы аңыз әңгімелер бойынша қобызшы, өлімнен қашқан Қорқыт, бақсы ретінде елестету, тарихи шежірелер мен ғылыми зерттеулерде оның жыраулығымен қатар елдің ақыгөй данасы болғандығы «Қорқыт Ата жырларының» өзі арқылы да дәлелденген. Біздің заманымызға жеткен Қорқыт туралы бірден-бір жазба дерек болып табылатын «Қорқыт ата кітабы» былай басталады: «Баят руында Қорқыт ата дейтін білікті, сәуегей адам болыпты. Тәңір зердесіне салған соң оның барлық болжамдары қатесіз болған...оғыз тайпаларында Қорқыт ата ең қиын деген мәселелерді шешкен. Қандай ғана қиын іс болмасын, Қорқыттың кеңесін алмай, ел ешбір жұмысқа қол ұрмаған. Ел оның барлық өсиетін (билігін) бұлжытпай орындаған».

Яғни, Қорқыт ата – оғыз-қыпшақ ортасындағы саяси-әлеуметтік мәселелерді шешуде жол көрсетуші бас тұлға. Ол ел ішіндегі жөн-жоралғыны, салт-дәстүрді реттеуші батагөй дана. Халықтың сыртқы жаудан, ішкі даудан аман болуын қадағалаушы ақылгөй. Дүйім жұрттың көш-қонын, мекен тұрағын, ен-таңбасын, ұран-ұжымын белгілеп отыратын білгір» [3,43 б.].

«Түрік шежіресінің» авторы Әбілғазы Қорқыт қобызшының үш ханның дәуірінде уәзірлік етіп, ел басқару ісінде кеңесші бола білгенін келтіреді. Кезінде қазіргі қазақ даласының көп жерлері кірген ұлан-ғайыр өлкеде хандық құрған Инал, Көл-Еркен, Қаңлықожа хандар Қорқыттың тікелей ықпалында болған. Қорқыт Ата жырларының тарихи тамырының тереңдігін оның Күлтегін басында орнатылған құлпытастағы жазудың сюжеті және қазақтың эпостық жырларындағы діни, салт-дәстүр сюжеттерімен бірдей келетіндігі арқылы дәлелдеуге болады.

Филология ғылымдарының докторы, профессор М.Мырзахмет күй атасы Қорқыт атанған абыз бабамызды интуитивтік сана-сезімнің иесі деп таниды. Абыз сөзіне анықтама берерде, алдымен, атақты филолог ғалым Қ. Жұбановтың: «... ескі кездегі шамандарды абыз, – деп «ру бастықтары, ру ақсақалдары, «бақсы-балгерлер мен қобызшы, домбырашы, әншілердің барлығы да абыздардан өрбіген», – деп көрсеткен пікіріне сүйенеді [4]. Қорқыттың абыздығын Тұранды жайлаған түрік халықтарының ой-санасында таза тәңірлік діннің өкілі ретінде қабылданатынын айтады. Шынтауайтында, ислам дінін түрік халықтары жабыла қабылдап исламият әлеміне қоян қолтық тікелей араласып кетуінен ой-сана мен дүниетанымдағы өзгеріс «Қорқыт ата кітабында» бейнеленетін алғашқы маргиналдық сана табиғатынан да көрінісін берді. Жырдағы Қорқыт Ата қаншалықты ислам дүниетанымында болса да, тәңірлік танымның көріністері әр жерде-ақ көрініс беріп жатқан ерекшелікті анық сезініп отырамыз.

«Заман ағымын алдан болжап, көріпкелдік жасап, тұла бойы синкреттік өнерге тұнған, сөз сөйлесе төгілген шешен, ой ойласа көріпкел көсем, халқының рухани әлемінің өзегіне айналған бірегей кетпен тұяқ кемеңгер тұлға ғана абыздық деңгейге жете алған. Мұндай тұлғаның болмысын б.з.б. дәуірде ғұмыр кешкен Үйсін мемлекетінің билік пирамидасындағы 9 сатылы биліктің алтыншы сатысынан ойып тұрып орын алған абызды мемлекеттік жоғары билік сатысындағы қызметтен көре аламыз. Бұл жайлы нақтылы жазба дерек көздері де б.з.д Қытай жылнамаларында жазылған, ресми түрде хатқа түскен құжаттар қабатынан ұшырата аламыз. Мысалы, Қытайдағы Үрімші қаласында 2005 жылы Қытай тілінен қазақ тіліне аударылып басылым көрген «Ежелгі Үйсін елі» деп аталатын ғылыми еңбекте Абыз туралы аз болса да саз, өте сирек дерек көздері ұшырасады», - дей келе, - «Осы билік иелерінің ішінде абызға қоғам өмірінің дүниетанымдық, идеологиялық өміріне басшылық ету тапсырылуы себепті, абыздардың өзі өзара «Бас ақылгөй абыз» (180 бет); «Санаткер абыз» (215 бет); «Төреші абыз» (370 бет) деп аталып, олар өздеріне тиісті салаға басшылық еткен. V-VIII ғ-ғы Түрік қағанаты заманында абыздық қызметін Тоныкөк, Қорқыт Ата атқарған деп батыл түрде болжам жасауға айрықша дәлелдер жетерліктей», - дейді [4].

Осындай жоғарыда деректер арқылы ғалымдарымыз Қорқыт бабамыздың ел билеу ісінде әділ төрелік еткені шындық, ұрпаққа үлгі, насихат етерлік мұра деп бағалайды.

Қорқыт ата мұраларының мазмұны, идеясы мен стиліне қатысты пікірлерді көне дәуір әдебиетінің көрнекті зерттеушілері Х.Сүйіншіәлиев, Р.Бердібаев, М.Жолдасбеков, Н.Келімбетов, Ш.Ибраев еңбектерінен таба аламыз. Авторлар негізінен қазақ эпосының табиғатына жақын үш түрлі («Бұқаш» жыры, «Салор-Қазан ордасының шабылуы», «Бәмсі - Бәйрес» жыры) сюжетке тоқталып, олардың түрлі географиялық ортада қалыптасқанын, шамамен YI-YIII ғасырлар аралығында Алтай, Орта Азия, Жетісу, Сыр бойында, Персия, Кавказ жерлерінде туғанын жазады.

Қорқыт жырларының халықтық сипатын, генезисін алғашқылардың бірі болып сөз еткен – Әуелбек Қоңыратбаев. Ол Қорқыт жырларын Алпамыс, Қобыланды эпостарымен салыстыра келе, сюжеттік ұқсастықтары мен ономастикалық атауларының да сәйкестігіне ерекше көңіл бөлген. Қорқыт жырларындағы Бамсы Берік Байбөріұлының «Алпамыстағы» Байбөріұлы Алпамыс екенін, сондай-ақ «Алпамыстағы» Бадамша қатын мен Қорқыт жырындағы Қысырша қатын екеуінің бір бейне және екі жырда да Қоңырат руының аты аталатынына дәлелдер келтірген. Алпамыстағы Гүлбаршынның, Қорқыт жырларындағы Бану-Шешектің есімдері Сыр бойында ежелден айтылып келген аңыз-әңгімелерге негіз болған. Гүлбаршынның атымен аталатын қала «Баршынкент» те, Баршын сұлуға арнап салынған көркем кесене «Көккесене» де Сырдария өзенінің бойында екені тарихтан белгілі.

Қорқыт жырлары мен Алпамысқа ортақ кейіпкерлер мен кісі аттарына да осылайша тоқталады да оларды бүкіл орта Азия халықтарына ортақ мұра деп таниды. Ғалымның қырқыншы жылдардың ортасында жасаған осы тұжырымдары кейіннен В.М.Жирмунскийдің «Огузский героический эпос и «Книга моего деда Коркута» деп аталатын 1962 жылғы еңбегінде жалғасын табады [5, 201 б.].

«Ә.Қоңыратбаев «Қорқыт ата кітабының» тарихи тегі мен көркемдік ерекшеліктерін, қазақ әдебиетіне ортақтығын тұңғыш сөз еткен ғалым ғана емес, сонымен бірге бүкіл Орта Азия, Кавказ халықтарына ортақ мұраны тұңғыш рет қазақ тіліне тәржімалап шыққан шебер аудармашы да. Қазақ әдебиетінің тарихы үшін бұл аударманың маңызы да ерекше. Олай болса, ғылымда алғашқылардың бірі болып қорқыттану іліміне жол салған, оны түркология ғылымы деңгейінде тереңінен сөз еткен Ә.Қоңыратбаев еңбектерінің мәні ешқашан жоғалмайды» [2, 86 б.].

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының директоры, профессор Бағдат Кәрібозұлы «Қорқыт жырлары және оның қазақ эпостарымен байланысы туралы» деген мақалада Ә.Марғұлан зерттеулерін қорқыттану ілімі үшін аса маңызды бірнеше бағыттарға жіктеп қарастыруға болатынын көрсетеді де бірнеше өз тұжырымдарын топтап көрсетеді. Топтап көрсетілген тұжырымдардың ішіндегі ең соңғысы жөнінде жазған қазақ әдебиеттанушылары Ә.Қоңыратбаев, Ш.Ыбыраев еңбектерінің маңызы зор екеніне тоқталады да, аталған ғалымдардың ізімен Қорқыт Ата кітабы мен қазақ эпостары арасындағы сюжеттік, әдет-ғұрыптық, тұрмыс-салттық ұқсас мотивтердің кейбірін мысал ретінде келтіреді [7]. Сол секілді Қорқыт Атаның ауыз әдебиетіндегі бейнесіне қатысты да тың зерттеулерге иек арта отырып мынадай ой түйеді: «Белгілі қазақ ақыны Олжас Сүлейменов Қорқытты тарихи тұлға емес, мифтік фигура деп жазып жүр. Оның айтуынша, Қорқыт Египет мифологиясындағы Хр Кт – күн құдайы екен. О.Сүлейменовтің Египет мифологиясындағы Хр Кт-ң жер асты өзеніндегі Аноп деген су жыланымен алысып, соның қолынан қаза болатынын өлімнен қашқан Қорқытты су жыланының шағып өлтіретін қазақ аңызындағы сюжеттік мотивпен байланыстыра келіп, бұндай сюжеттердің туысқан түрік, әзербайжан, түрікмен халықтарында кездеспейтінін, Қорқытты бізге осыдан 5 мың жыл бұрын келген, Египет мифологиясының персонажы деп тұжырымдауы – ойланарлық жағдай. Бұндай пікірге толық қосылу өте қиын, бірақ бір нәрсенің басы ашық, ол қазақ ертегі-жырларындағы бейнелердің адамзат өркениетінің ең ескі, ең көне

кезеңдерінен хабар беретіні. Демек, қазақ өркениеті, жалпы түркілік өркениет адамзат санасының ең ерте, балаң дәуірінде қалыптаса бастаған деген сөз» [7].

«Қорқыт Ата кітабының» зерттелуі, оның терең философиялық мазмұндылығы ұлтқа, нәсілге орай шектеліп қалмағандығы, қай заманда болсын өз мәнін жоймайтындығы ғылым үшін тигізген пайдасы ұшан-теңіз герман, француз, италия, түрік, орыс, қазақ, татар, әзірбайжан тағы басқа да әр түрлі ұлт өкілі болып табылатын ғалымдардың еңбектерінде айқындала түседі. Қорқыт Ата туралы жан-жақты зерттеу еңбегінде Ә.Марғұлан: «Қорқыт әфсанасы мен «Оғыз-наме» хикаясын зерттеген француз ғалымдары Паул Пеллио, Е.Блоше; П.Ру Герман ғалымдары М.Хоутсма, И.Хейн, Ф.Бабингер, С.Броккелман; Италия ғалымы Э.Росси. Бұл ғалымдар Қорқыт пен оғыздың шыққан заманын, ол кезде Сыр бойын қоныстанған оғыз бен қыпшақтардың географиясын, тарихын, халық легендасын, қария сөздерін, өнерін, нақыл мен мәтел сөздерін, ел басқаратын адамдарын (төре, тегін, жабғу), олардың халыққа көмек көрсеткен алыптарын, әңгіме етіп, Қорқыт туралы ғылымға бірталай жаңалық қосты», - дейді [3, 252 б.].

Қорқыт Ата жырларының зерттелуіне орайы келген осы сәтте оның 1999 жылы Қорқыт ата кітабының 1300 жылдығына арналған Халықаралық ЮНЕСКО ұйымының шешімімен Парижде қобызбен шырқалған Қорқыт күйлері шалқығанын, сонымен бірге іргелі үлкен ғылыми «Деде Қорқыт және жаңа мың жылдық» атты халықаралық симпозиум өткенін атап айтуға болады. Осындай халықаралық конференциялар мен фестивальдар Әзірбайжан, Түркмения, Түркия және басқа елдерде де өткізілді. Қорқыт мұраларына дүние жүзі түркологтарының назары жылдан жылға арта түсуде.

«Қорқыт ата кітабының» түркітілдес елдерге ортақ құндылық болып қалыптасуының сырын зерттеген ғалымдар оны исламға дейінгі идеология мен таным-түсініктен тауып жатады.

Қорқытқа қатысты деректерді зерттеу бірізге түсті деп айтуға әлі ерте. Өйткені, ақиқатқа жүгініп, ғылыми тұжырым жасауға келгенде тығырыққа тірелетініміз рас, көбінде аңызға жүгінушілік басым. Бұл тұтас түркінің күллі мәдени мұраларына арқау болған тұлғаны танып-білудің әлі де кемшін тұстары бар екенін дәлелдеп тұрғандай.

Соңғы уақытта түркі тұтастығы, әр халықтың рухани мұрасын түгелдеуі, ғылыми айналымға қосуы туралы сөз жиі айтылып келеді. Осы ұлы міндетті орындауда мәңгілік мұраға айналған Қорқыт бейнесі мен «Қорқыт ата кітабының» қосар үлесі зор болмақ.

Қорқыттың аты түрік тектес халықтар арасында әртүрлі аңыздар арқылы жақсы танымал. Сондықтан, Қорқыттану ғылымын әлемдік ғылым ретінде сан түрлі ұлт өкілдерінің назарын аудартуға тікелей ықпал еткен Қорқыттың халық ауыз әдебиетінің аңыздары мен эпсаналарындағы мифтік, сәуегейлік, абыздық бейнесі деп түсінуге болады.

Әдебиеттер:

1. Жирмунский В.М. Огузский героический эпос и «Книга моего деда Коркута». – Москва-Қоңыратбаев Т. Әуелбек Қоңыратбаев – түркітанушы. – Алматы, 1996. – 120 б.
2. Жолдасбекұлы М., Салғараұлы К., Сейдімбек А. Ел тұтқа. - Астана: KUL TEGIN, 2009. – 430 б.
3. Кәрібозұлы Б. Қорқыт жырлары және оның қазақ эпостарымен байланысы туралы // «Ана тілі». -2014. - 3 шілде.
4. - Марғұлан Ә. Шығармалары. - Алматы: «Алатау», 2007. - Т.1. -58б.
5. Мырзахметов М. Абыз сөзін абайлап қолданайық... // «Жас қазақ». -2009. - №21. - 29 мамыр.
6. Ленинград: «Издательство Восточной литературы», 1962. – 370 б.

ВЛИЯНИЕ ГЛОБАЛИЗАЦИОННЫХ ИЗМЕНЕНИЙ НА ЯЗЫК СОВРЕМЕННОЙ ПЕРИОДИКИ

С.К.ТОКСАНОВА,

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г.Астана, Республика Казахстан

Аннотация

В статье затрагиваются вопросы влияния глобализационных процессов на язык масс-медиа. В результате этого процесса наблюдается широкое использование заимствованных слов из английского языка. В статье также анализируется преломление и трансформация заимствований чужого языка в русском языке. Автор подробно объясняет причины процесса заимствований, приводит наглядные примеры из материалов средств массовой информации (телепередач, газетной периодики). Автор статьи подчеркивает, что в современном мире все языки и культуры испытывают влияние глобализации – процесса всемирной экономической, политической, культурной интеграции и унификации, вызванной технологическим прогрессом, развитием информационных технологий, которые позволили расширить возможности установления глобальных связей и глобального общества. Вовлечение заимствованных слов в сферу массовых коммуникаций и формирование в дискурсе масс-медиа новых лексико-семантических парадигм является результатом глобализации. Также, по мнению автора, очень важно проследить трансформационные изменения значений заимствованного слова, которое еще полностью не освоено языком, так как возможно в скором будущем поменяется его лингвистический статус. Переломные моменты в жизни общества находят непосредственное отражение в языке, особенно в языке СМИ. Особенно активным становится процесс заимствования из английского языка как результат современной глобализации. Одной из причин, по которой английский язык стал выступать в роли глобального, является то, что он смог приблизить максимально письменную и устную форму, что в полной мере соответствует темпам современной стремительной жизни, жизни on-line, когда нужно мгновенно реагировать на вызовы времени.

Ключевые слова: средства массовой информации, масс-медиа, глобализационные процессы, заимствованная лексика, заимствования.

Андатпа

Мақалада бұқаралық құралдары (масс-медиа) тіліне жаһандану процесінің әсер етуі мәселелері көтеріледі. Бұл үдеріс нәтижесінде ағылшын тілінен енген сөздерді кең қолдану байқалады. Сонымен қатар мақалада орыс тіліндегі кірме сөздердің тасымалдануы мен өзгертуі талданады. Автор сөз алмасу үдерісінің себептерін егжей-тегжейлі түсіндіреді, бұқаралық ақпарат құралдары материалдарынан мысалдар келтіреді (телехабарлар, мерзімді басылымдар). Мақала авторы жаһандық байланыстар мен жаһандық қоғам құру мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік берген ақпараттық технологияның дамуымен, технологиялық ілгерілеу арқылы келген экономикалық, саяси, мәдени интеграция мен бірегеліну үдерісіне жаһанданудың әсерін қазіргі әлемдік барлық тілдер мен мәдениеттер бастап көшіріп отырғанын атап көрсетеді. Бұқаралық қарым-қатынас саласына кірме сөздерді және масс-медиа дискурсында жаңа лексикалық-семантикалық парадигмаларды тарту жаһанданудың нәтижесі болып табылады. Сонымен бірге, автордың пікірінше, әлі түбегейлі меңгерілмеген кірме сөздердің мәнінің тасымалдану өзгерістері байқалады, өйткені жақын арада оның лингвистикалық мәртебесінің алмасуы әбден мүмкін. Қоғам өміріндегі қандай өзгерістер болса да тілде, әсіресе БАҚ тілінде көрініс табады.

Кілт сөздер: бұқаралық құралдар, масс-медиа, жаһандану процесі, кірме лексика.

Annotation

This article touches upon the issues of impact of globalization processes on the language of the media. As a result of this process, there is widespread use of borrowed words from the English language. The article also analyzes the refraction and transformation of borrowed words of foreign language in the Russian language. The author explains the reasons for borrowing process in detail, gives good examples of the materials of the media (television, newspapers). The author emphasizes that in modern world all languages and cultures are influenced by globalization - the process of global economic, political and cultural integration and unification caused by technological progress, development of information technology, which allowed to expand the possibility of establishing global relationships and global

society. The use of borrowed words in mass media and formation of new lexical and semantic paradigm in the discourse of mass media is the result of globalization. According to the author, it is also important to study the transformation changes in the meaning of the borrowed words, since its linguistic status may change in the nearest future. The important periods in the life of society are directly reflected in the language, especially in the language of the media. The process of borrowing from the English language as a result of modern globalization becomes particularly active. One of the reasons of being English as global language, is that this language was able to combine the written and oral forms, which corresponds to the rapid pace of modern life completely, life on-line, when you need to respond to the challenges of time immediately.

Key words: media, mass media, globalization processes, borrowed words, borrowing.

В современном мире все языки и культуры испытывают влияние глобализации – процесса всемирной экономической, политической, культурной интеграции и унификации, вызванной технологическим прогрессом, развитием информационных технологий, которые позволили расширить возможности установления глобальных связей и глобального общества. Кризис в языке является результатом социальных, экономических, политических катаклизмов, когда меняется «поведенческая модель» языка. Так язык адаптируется к новым условиям, так как «язык, который существует в меняющемся мире и не меняется сам, перестает выполнять свою функцию. Мы не сможем говорить на нем об этом мире просто потому, что у нас не хватит слов» [2, с.10].

Переломные моменты в жизни общества находят непосредственное отражение в языке, особенно в языке СМИ. Особенно активным становится процесс заимствования из английского языка как результат современной глобализации. Одной из причин, по которой английский язык стал выступать в роли глобального, является то, что он смог приблизить максимально письменную и устную форму, что в полной мере соответствует темпам современной стремительной жизни, жизни on-line, когда нужно мгновенно реагировать на вызовы времени.

В масс-медиа находят отражение наиболее важные изменения в концептосфере постсоветского общества: а) разрушение старой системы политических концептов, их деидеологизация; б) деактуализация старых концептов и вовлечение новых концептов (*совок, имидж, пиар, супергерой*) в сферу массовой коммуникации; в) конкуренция старых и новых концептов (*вождь – лидер – харизматик; репутация – имидж*); г) формирование новых концептуальных доминант, наиболее активно влияющих на другие концептуальные сферы; д) формирование в дискурсе масс – медиа новых концептуальных полей (*массовая культура, религия, астрология*) [4, 508].

Некоторые из заимствованных слов в русском языке повышаются в ранге, иноязычное происхождение позволяют обозначать более уважаемые, престижные явления или предметы [1, с.10].

Глобализация затронула и образ жизни людей разных культур. Современная молодежь предпочитает *пати* вечеринке, дню рождения, *презентацию*-показу, представлению, *гламур*-изысканности, утонченности, элегантности, *шопинг*-хождению за покупками.

Гламур стал знаком определенной субкультуры, создаваемой глянцевыми журналами. М.А.Кронгауз определяет его как ключевое слово гламурной эпохи, которую пережило российское общество [3, с.18]. Особую роль играют положительно оценочные слова: *гламурный стильяга* (О.М.Магомаеве в «Достояние республики» от 24.10.2014 г.), *гламурная девушка* (человек нетрадиционной ориентации (в передаче «travel +»)).

Появляются новые слова *гламурненько, огламурилась*. Ср.: Москва *огламурилась*, все пропадают в ночных клубах и на безумных тусовках (статья «Танцуй сколько можешь...», газета ЭК от 26.04.2014 г.). Определенно-положительная оценка в современных текстах СМИ сменяется на отрицательную. Ср.: *жертва гламура* – об обезображенном лице человека, увлекшегося ботексами в погоне за молодостью (Программа «Воскресное время» от 18.05.2014 г.); *негламурный район Киева* в значении «несовременный,

некрасивый» (Передача «travel +»).

Часто в своей речи молодежь стала употреблять слово «шопинг». *Шопинг* рассматривается как удовольствие, способ снятия стресса, времяпрепровождение, развлечение, символизирующий новый образ жизни. Даже туристические агентства устраивают шопинг-туры, вызывая тем самым интерес к таким поездкам у своих клиентов [4, с.476].

Глобализация охватила не только материальную культуру, но и духовную. Она оказывает влияние на поведение людей, навязывая им новые стереотипы поведения, формируя тем самым новую ментальность.

Популярной стала среди молодежи использование фразы «*Это не мои проблемы*», то есть самоустранение говорящего от решения чьей-то проблемы и оказание помощи, что противоречит казахскому менталитету, где принято сообща решать проблему, оказывать помощь всем тем, кто в ней нуждается.

1. Әділбекова З. А. Қазалы қаласы мен уезінің әлеуметтік экономикалық және мәдени дамуы. (1847-1917жж. тарихи аспектілері)// Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. -Алматы, 2009.-164б.
2. Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры.- Алматы: Ел-шежіре, 2008.-358 б.
3. Кәрібозұлы Б., Сәдуақасұлы Ж., Мыңжасов Н., Тайман С. Қазалы.-Астана: Фолиант, 2013.-312 б.
4. Мырзалиева Э. Қ. Қазақстандағы мұсылман ағартушылығының мәселелері// Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация.- Алматы, 2001.-205б.

5. Эгамбердиев М. Ш. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Түркістандағы жәдид мектептері// ҚазҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы: -Алматы, 2009.-№4 (49).- 113 б.

ӘОЖ 372.811

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУЫ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ САПАСЫНЫҢ КЕПІЛІ РЕТІНДЕ

Ж.У.МІРХАЛЫҚОВ, техника ғылымдарының докторы, профессор,
К.К.НҰРАШЕВА, экономика ғылымдарының докторы, профессор,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент қ.,
Қазақстан Республикасы

Аннотация

Государственная политика в области образования направлена на формирование интеллектуальной нации, создание новой модели отечественной науки. Все преобразования в системе высшего образования являются реальным вкладом в скорейшую реализацию стратегии вхождения Казахстана в число наиболее конкурентоспособных стран мира.

В этом плане ЮКГУ им. М.Ауезова успешно осуществляет подготовку кадров для сферы образования, бизнеса, инженерии, аграрного сектора, туризма и других приоритетных отраслей региона.

Как известно, образование создает продукт высокой ценности, инвестиции в образование обеспечивают полную отдачу, это самая доходная отрасль сферы услуг. Поэтому университет направляет все усилия, чтобы стать пионером нового направления - менеджмента науки и инноваций. Эти приоритеты стали основой для разработки стратегического плана действий университета по дальнейшему развитию его как научно-образовательного и воспитательного комплекса.

Проводится активная работа по формированию современного имиджа университета во внешней среде. Она направлена на создание благоприятного образа ЮКГУ, целенаправленное рекламирование и управление различными методами создания положительного образа.

Самооценка позволила нам выявить свои сильные и слабые стороны. Она включает следующие рамочные стандарты: политика и процедуры гарантии качества работы; мониторинг и периодическая оценка образовательных программ и квалификаций; оценка уровня знаний студентов; гарантия качества преподавательского состава; материальные и финансовые ресурсы; система социальной защиты студентов; система информирования общественности.

Мы определили уровень зрелости нашей системы, приняли прогнозные решения по инновационной модернизации всех процессов. Разработан механизм стимулирования научного поиска, коммерциализации инноваций, определены индикаторы роста международного и национального признания университета академической средой.

Ключевые слова: система, организация, менеджмент, результативность, процесс, качество.

Аңдатпа

Білім беру саласындағы Мемлекеттік саясат зияткер ұлтты қалыптастыруға, отандық ғылымның жаңа үлгісін құруға бағытталған. Жоғары білім беру жүйесіндегі барлық өзгерістер Қазақстанның әлемдік бәсекеге қабілетті елдер қатарына ертерек ену стратегиясының жүзеге асырылуына өзіндік үлесін қосады. Бұл тұрғыда М.Әуезов атындағы ОҚМУ білім беру, бизнес, инженерия, аграрлық сектор, туризм және аймақтың басқа да салалары үшін кадрларды даярлауды ойдағыдай жүзеге асыруда.

Мәлім болғандай, білім беру жоғары бағалы өнім береді, білім берудегі инвестиция толық қайтарымды қамтамасыз етеді, бұл-қызмет көрсетудің ең тиімді саласы. Сол себепті университет жаңа бағыт-ғылым менеджменті мен инновацияның пионері болу үшін бар күшін сонда бағыттауда. Бұл басым тұстар университеттің ғылыми білім беру және тәрбие кешендері ретінде ары қарай дамуында стратегиялық жоспарды құру үшін негіз болды. Сыртқы ортада

университеттің заманауи имиджін қалыптастыруда белсенді жұмыстар жүргізілуде. Бұл ОҚМУ-да қолайлы жағдай туғызу үшін мақсатты түрде бағытталған жарнамалар және оңтайлы жағдай туғызу үшін түрлі әдістерді басқаруға бағытталған.

Өзіндік бағалау бізге басым және кем тұстарымызды анықтауға мүмкіндік туғызған. Ол келесідей стандарттарды қамтиды: саясат және жұмыс сапасына кепілдік беретін процедуралар; білім беру бағдарламасы және біліктіліктің мониторингі мен кезеңдік бағалануы; студенттердің білімін бағалау деңгейі; оқытушылар құрамының сапасына кепілдік; материалдық және қаржылық ресурстар; студенттердің әлеуметтік қорғау жүйесі; қоғамды ақпараттандыру жүйесі. Біз өзіндік жүйеміздің даму деңгейін анықтадық, барлық процестердің инновациялық тұрғыда жетілуі бойынша болжамды шешімдер қабылдадық. Ғылыми ізденулерді, инновациялық сауданы ынталандыру тетіктері әзірленді, академиялық ортада университеттің халықаралық және ұлттық тұрғыда танылуы бойынша көрсеткіштері анықталды.

Кілт сөздер: жүйе, ұйымдастыру, менеджмент, мардымдылық, үдеріс, сапа.

Annotation

State education policy aimed at creating intellectual nation, creating a new model of domestic science. All changes in the system of higher education is a real contribution to the speedy implementation of the strategy to make Kazakhstan one of the most competitive countries in the world.

In this regard M. Auezov South Kazakhstan State University implements training for education, business, engineering, agriculture, tourism and other priority sectors successfully in the region.

It is commonly known that education creates a high-value product, investment in education provide the full benefit, it is the most profitable industry services. Therefore, the university aims to make every effort to become the pioneer of a new direction - management science and innovation. These priorities form the basis for developing a strategic action plan for the further development of the university as its educational and scientific-educational complex.

It is conducted an active work on the formation of the modern image of the university in the external environment. And it is aimed at creating a favorable image of South Kazakhstan State University, targeted advertising and management of various methods to create a positive image.

Self-evaluation has allowed us to identify its strengths and weaknesses. It includes the following framework of standards: policies and procedures for quality assurance work; monitoring and periodic evaluation of educational programs and qualifications; assessment of students' knowledge; quality assurance of teaching staff; material and financial resources; system of social protection of students; system to inform the public.

We determined the level of maturity of our system, took forward innovative solutions for modernization of all processes. The mechanism of stimulation of scientific research, commercialization of innovations identified indicators of growth of international and national recognition of the university academic environment.

Key words: System, organization, management, effectiveness, process, quality.

Қазіргі қоғамда білім ұлт интеллектін қалыптастыратын, экономикадағы инновациялық серпінділікті, бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ететін адам қызметінің стратегиялық маңызды саласы ретінде қарастырылады. Осыған байланысты елдер тауар және қызмет көрсету арқылы ғана бәсекеге түсіп қоймайды, сонымен қатар басты негізде білім жүйесін қалыптастыратын қоғамдық құндылықтарымен де сараланады.

Қазақстан білім индикаторларының басым көпшілігі бойынша әлемде алдыңғы орындарды иеленіп келеді, «Баршаға арналған білім» индексі бойынша біздің республика әлемнің 129 елі ішінде 1-ші орында. Осы табыстарды нығайта түсуде, Қазақстанның әлемдік аренада бәсекелестік артықшылығын күшейту, қоғамның зияткерлік әлеуетін қалыптасыруға үлес қосу үшін, отандық кадрларды дайындау сапасын арттыру түсу қажет.

Қазақстан Республикасының бағдарламалық құжаттарында, білім саласындағы басшылар мен мамандардың баяндамаларында білікті және білімдар мамандардың сындарлы тобын қалыптастыру, сол арқылы білімге қол жетімділікті қамтамасыз ету қажеттілігі атап өтіледі. Оған жоғары оқу орнын аккредиттеу, аттестаттау сияқты басқару мен бақылау тетіктері арқылы қол жеткізіледі, бұл үшін білім беру қызметі сапасының кепілі болып табылатын жоғары оқу орнының менеджмент жүйесін жоғары деңгейге қою

керек.


Білім саласындағы мемлекеттік саясат зияткер ұлтты қалыптастыруға, отандық ғылымның жаңа моделін жасауға бағытталған, мұның өзі жоғары оқу орындарының алдына жаңа мақсаттар мен міндеттерді қойып отыр. Жоғары білім жүйесіндегі барлық өзгерістер Қазақстанның әлемнің бәсекеге барынша қабілетті елдер қатарына кіру стратегиясын жылдам жүзеге асыруға қосқан шынайы үлесі болып табылады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамаларын жүзеге асыра отырып, 70 жылдық даму тарихы бар М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті білім, бизнес, инженерия, аграрлық сектор, туризм және өңірдің басқа да басым салалары үшін кадрлар дайындау ісін табысты атқарып келеді. Университеттің қалыптасуы мен дамуы кламмсикалық білім беру университеті тұжырымдамасына және оқу, тәрбие және ғылыми үдерістердің зияткерлік бірлігінің танылуына негізделеді. Осы идеалдарды ұстану білікті педагогикалық құрамына, қалыптасқан ғылыми мектебіне және үйлесімді жаңа білім бағдарламалары мен инновациялық жобаларға орай университетке академиялық ортада өзінің жоғары беделін сақтап қалуға мүмкіндік береді.

ҚР білім және ғылым жүйесінде танылған көшбасшы атану үшін, ОҚМУ жаңа білім салаларын дамытуға, әлемдік деңгейдегі техника мен технологияны жасауға, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің тиімді коммерцияландырылуына, аймақта қосымша құны жоғары өнімнің жаңа түрлерін қалыптастыруға күш салып келеді.

Өзімізге белгілі болғандай, білім құндылығы жоғары өнім жасайды, білімге инвестиция салу оның толық негізде пайда әкелуін қамтамасыз етеді, бұл қызмет көрсету саласының ең табыскер ортасы. Сондықтан университет зерттеу үдерісінің жаңа бағыты – ғылым және инновациялар менеджментінің пионері болуға бар күш-жігерін жұмылдырып келеді. Бұл басымдықтар университеттің ғылыми-білім беру және тәрбие кешенін одан әрі дамыту бойынша стратегиялық іс-әрекет жоспарын әзірлеуге негіз болды.


Университетті басқарудың тиімді жүйесі қазіргі жағдайда бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету шарттарының бірі болып келеді. ОҚМУ-ды басқару жүйесі жоғары деңгейде бүкіл ұйымның тиімді қызмет атқаруын қамтамасыз ететін функционалды бөлімшелер қалыптастыруды, төменгі деңгейде белгілі бір дербестік дәрежесінде және жауапкершілікке ие бола отырып, жедел басқаруды қамтамасыз ететін бөлімшелер (факультеттер мен кафедралар) құруды көздейді.



Сурет 1 – М. Әуезов атындағы ОҚМУ-дың негізгі үдерістері мен көрсеткіштері

Университетте үдерістік негізде құрылған сертификатталған сапа менеджменті жүйесі қызмет атқарады. 26 үдеріс анықталды, оның ішінде 13 үдеріс негізгі, қалғандары қосымша болып табылады (1-сурет).

Университеттің ішкі жұмысының нәтижелілігі білім беру қызметінің негізгі үдерістері көрсеткіштерімен анықталады: оқу, тәрбиелік, әдістемелік және ғылыми. Мысал ретінде 2-суретте «2011-2-12 оқу жылдары бойынша М. Әуезов атындағы ОҚМУ негізгі білім бағдарламаларын жүзеге асыру» үдерісінің нәтижелігі берілген.



Сурет 2 – Үдеріс нәтижелілігінің басты көрсеткіштері

Үдерістердің әрқайсысы бойынша сапа менеджменті жүйесін (СМЖ) басқару тәсілдері мен тәртібін анықтайтын үрдістер әзірленді. Үдерістерді байқау мен талдау нәтижелерін тіркеу үшін бөлімшелерде жазба формалары дайындалды.

Университетте корпоративтік мәдениеттің жай-күйі барлық қызметкерлерге ортақ және тарихы терең дәстүрлермен және соған сәйкес іс-әрекеттен негіз алатын жалпы рухани қазыналардың жиынтығымен анықталады. Университетте «ОҚМУ оқытушысы мен қызметкерінің ар-намыс кодексі» және «ОҚМУ студентінің ар-намыс кодексі» жұмыс істейді. Студенттер университетке оқуға келіп түскенде, академиялық топтардың алғашқы тәлімгерлік сағаттарының өзінде-ақ ОҚМУ студентінің ар-намыс кодексімен таныстырылады. Студенттер мен оқытушылардың жүгінуі үшін университет ректорының сайты және барлық корпустарда «Сенім поштасы» жұмыс істейді.


Университетте басқару жүйесіне қанағаттанушылықты бағалау жыл сайын оқытушы-профессорлар құрамы арасында «Оқытушылардың еңбектің ұйымдастырылуына қанағаттанушылығы» және студенттер арасында «Студенттердің білім беру сапасы қызметіне қанағаттанушылығы», «Оқытушылар студенттердің көзімен» атты әлеуметтік сұрау жолымен жүргізіледі.

Бренд саясатын жүргізу арқылы сыртқы ортада университеттің заманауи имиджін қалыптастыру бойынша белсенді жұмыстар атқарылып келеді. Ол ОҚМУ-дың қолайлы бейнесін жасауға, мақсатты жарнамалауға және аймақтық, республикалық және халықаралық деңгейде түрлі салаларда университеттің оң бейнесін жасаудың түрлі әдістерін басқаруға, университеттің құрылымдық бөлімшелерінің ақпараттық және коммуникативтік ресурстарын тиімді үйлестіре пайдалануға бағытталған.

АҚШ, Еуропа және Азия елдеріндегі шетелдік әріптестермен біріге отырып, біздің оқытушыларымыз қос диплом және академиялық мобильділік білім бағдарламаларын әзірлеп келеді. Еуроодақ және Ресей жоғары оқу орындары біздің университеттің әріптестері болып келеді. Гамбург Жоғары Қолданбалы Ғылымдар Мектебімен (HAW) «Жаңартылатын энергетикалық» және «Тамақ өнімдері туралы ғылым» біріккен магистрлік бағдарламалары жүзеге асырылып келеді. Университет бітірушілерге химия және химиялық технология саласында ECTNA Еуропалық Ассоциациясының «Еуробакалавр» белгісін беру құқығына ие. ОҚМУ Еуропа ЖОО Ассоциациясының (EURASHE) мүшесі, Университеттердің Ұлы Хартиясына қол қоюшы болып табылады, Еуразиялық университеттер Ассоциациясының құрамына кіреді.

2004 жылдан бастап университетте ИСО 9001 негізінде сапа менеджменті жүйесі енгізілген. Өзін-өзі бағалаудың бірнеше моделдерін – Сапа менеджменті жөніндегі Еуропалық қор моделін (EFQM), Мэлколм Болдридж сыйақысын, Герберт Келлс бойынша өзін-өзі бағалау моделін, Тито Конти моделін, ҚР Президентінің «Алтын Сапа» сыйақысын, ISO 9001 моделін зерделей отырып, біз білім беру үдерістері сапасының ықпалдастырылған моделін әзірледік (3-сурет).

Оған келесі рамалық стандарттар кіреді: саясат және жұмыс сапасы кепілдігінің рәсімдері; мониторинг және білім бағдарламалары мен біліктілікті мерзімді бағалау; студенттердің білім деңгейін бағалау; оқытушылар құрамының сапасына кепілдік; материалдық және қаржы ресурстары; студенттерді әлеуметтік қорғау жүйесі; қоғамды ақпараттандыру жүйесі. Бұдан әрі біздер өзіміздің алға жылжу динамикамызды анықтап, институционалды өзгерістер қажет екенін сезіне білдік. Біз мұнда бүкіл үдерістерді мониторингілеу арқылы нәтижелілікті анықтайтын сапа менеджменті жүйесі туралы айтып тұрмыз. Өзін-өзі бағалау жүйесі жоғары оқу орнының нақты қызметі мен оның нәтижелігі арасындағы сәйкестікті анықтауға мүмкіндік берді.



Сурет 3 - Сапа жүйесінің ықпалдастырылған моделі


Әдетте, қазақстанның жоғары оқу орындары өзін-өзі бағалаудың асыра бағаланған көрсеткішіне ие, көрсеткіштер шынайы болмысты жеткілікті шамада көрсете бермейді. Біздің пікіріміз бойынша, жоғары оқу орындары өзін-өзі бағалау барысында өзін жарнамалаудың орнына, өзіне сын көзбен қарауға тиіс. Оң, қолдаушы және

конструктивтік әдісті қолдану қажет, қорытындылар белгілі бір мәселені шешудің алуан түрлі нұсқаларынан құралуы тиіс. Жоғары оқу орны ағымдағы қызметке жақсы нәтижелерге ие болуы мүмкін, алайда оның болашақта өсу мүмкіндігі жоқ, оның мамандықтары еңбек нарығында зәрулік танытпайды, дайындалған мамандарының бәсекеге қабілеттілігі төмен болып келеді.

Сондықтан студенттер мен тұтынушылардың білім беру қызметіне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша әлеуметтік зерттеулерді жиі жүргізіп отыру керек. Студенттермен, оқытушылармен интервью жүргізу өте бай ақпарат көзін береді, алайда олардың пікірлерін академиялық қауымдастықтан алған ақпаратпен салыстырып отыру керек. Студенттер арасында жүргізілген сұрау оқытушы-профессорлар құрамының кәсібилігі, бағдарламалардың келісімділігі, оқу үдерісін ұйымдастырудың тиімділігі туралы түсінік береді. Бітірушілердің еңбекке орналасу көрсеткіші жоғары оқу орнының білікті маман дайындауда қаншалықты зор табысқа жеткендігінен хабар береді.

Өзін-өзі бағалау бізге өзіміздің күшті және осал тұстарымызды айқындауға мүмкіндік берді. Біз өз жүйеміздің толыққандылық деңгейін анықтадық, барлық үдерістердің инновациялық жанаруы жөнінде болжамдық шешімдер қабылдадық. «Зерттеу университеті» конкурсына қатысу ғылыми-білім беру үдерісінің инновациялық критерийлерін күшейтуді қажет етті. Ғылыми ізденісті ынталандыру, инновацияларды коммерцияландыру тетіктері әзірленді, университеттің халықаралық өсу және академиялық орта тарапынан мойындалу индикаторлары анықталды.

Халықаралық талаптарға сәйкестік бойынша өзін-өзі бағалау нәтижелері жапырақша диаграммаларда берілген (4,5 суреттер), мұнда барлық көрсеткіштердің жақсаруы көрнекі ретте келтірілген. Бұл университеттің білім беру қызметі сапасын қамтамасыз ету бойынша таңдалған жолдың дұрыс екенін растайды.



Сурет 4 – Өзін-өзі бағалау нәтижелері, 2007 жыл

Болашақта жоғары оқу орнын басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру көзделіп отыр, оған мыналар кіреді: 1) еңбек нарығы қажеттіліктерін, үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын бәсекеге қабілетті мамандармен қамтамасыз ету; 2)

корпоративтік менеджмент қағидаларын, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жүйесін енгізу; 3) ата-аналар, жұмыс берушілер, ҒӨБ, кәсіптік ассоциациялардың қатысу есебінен қамқорлық кеңесінің рөлін күшейту; 4) ғылым, білім және өндірісті ықпалдастыру, зияткерлік меншік өнімдерін коммерцияландыру. Біздер әлемдік білім кеңістігіне ықпалдасуға, бар күшімізді білім бепу қызметі сапасын арттыруға, инновациялық академиялық орта үшін тұғырнама жасауға толық шешім қабылдап отырмыз.

Әдебиеттер:

1. Болонский процесс: 2007-2009 годы. Между Лондоном и Левеном. /Под ред. В.И.Байденко.- Астана, 2010. – 302 с.
2. Жумагулов Б.Т. Инновации – в образования.// Страна и мир. -2011.-7 ноября.
3. Қазақстан Республикасында 2011 - 2020 жылдарға арналған білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2011. -18б.
4. Каланова Ш.М., Бишимбаев В.К. Менеджмент качества в высшем образовании.- Астана: Фолиант, 2006. – 476 с.

ӘОЖ 37.026:809.434.2

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ МҰРАСЫНДАҒЫ ОҚУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Х.Е.НҰҒМАНОВА, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,

А.А.КАМАЛАТДИН, магистрант,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Ахмет Байтұрсынов –ақын, әдебиет зерттеушісі, көсемсөзші, аудармашы, түрколог, қазақ тіл ғылымының, әдебиеттанудың негізін қалаушы ғалым. Ахмет Байтұрсынов – қазақ мәдениетінің тарихында үлкен бір дәуірді алып жатқан алып тұлға. Ол өзінің құдай берген талантын туған халқына деген сүйіспендікпен суғарып, толассыз еңбекпен шыңдаған қайсар да қаһарман ғалым. Ол – қараңғылық тұңғығынан жарық жұлдыздай жарқырап шығып, айналасына нұр, шуақ себумен өткен ағартушы. Байтұрсынов тек қана әдебиеттанушы, педагог, лингвист қана емес, ол сонымен қатар қазақ жазуының негізін қалаған реформатор. Байтұрсынов енгізген жазу үлгісін тек елдегі қазақтар ғана емес, сонымен қатар шетелде тұратын қандастарымыз да қолданған. Бұл 1912 жылы пайда болып, таза араб дыбыстары алынып тасталып, тек қазақтың төл дыбыстық жүйесіне негізделген «Жаңа емле» деп аталатын жазу қазіргі күні де Қытайда, Ауғанстанда, Иранда тұратын қазақтар арасында қолданылады.

Бұл санамалап отырған атақ, дәреже, лауазымдардың өзінен өзі келмегені мәлім. Ол талмай ізденіп тамаша туындылар берген. Өмірдегі өзінің басты мақсатын – туған халқына қызмет ету деп түсінген Ахмет Байтұрсынов небір тар, тайғақ кешулерден өте келе тамаша еңбегімен қазақ халқының ары мен ұятына айналған өте күрделі де, көсем тұлға.

Бұл мақалада Ахмет Байтұрсынов білім беру, оқыту мәселелеріне қатысты пікірлерінің қазіргі кезде өзекті екендігі туралы айтылады.

Кілт сөздер: оқыту, білім беру, әдістеме, ана тілі, дидактика.

Аннотация

Ахмет Байтұрсынов был блестящим поэтом, учёным, тюркологом, переводчиком, педагогом, публицистом, общественным деятелем. Ахмет Байтұрсынов – важная личность целой эпохи в истории казахской культуры. Он великий ученый, пропитавший свой талант любовью своего народа и закалявший его непрестанным трудом. Он- как комета, появившаяся в темном небе, просветитель, озоривший своим светом вокруг себя. Байтұрсынов был блестящим литератором, педагогом, лингвистом. Он реформировал казахскую письменность на основе арабской графики, дав возможность пользоваться ею миллионам казахов, живущих за границей. В 1912 году Ахмет Байтұрсынов исключил все чисто арабские буквы, не используемые в казахском языке, и добавил

буквы, специфические для казахского языка. Новый алфавит, получивший название «Жаңа Емле» («Новая орфография»), до сих пор применяется казахами, живущими в Китае, Афганистане, Иране.

Все эти достижения дались ему благодаря его трудолюбию. В результате он оставил после себя множество научных трудов. Главным жизненным кредо Ахмета Байтурсынова было служение народу. Несмотря на трагическую судьбу, он остался в памяти казахского народа как духовный вождь.

В данной статье анализируются идеи Ахмета Байтурсынова об обучении и образовании, говорится об актуальности его трудов и в сегодняшний день.

Ключевые слова: обучение, образование, методика, родной язык, дидактика.

Annotation

Ahmet Baitursynov was a brilliant poet, writer, scientist, turkologist, translator, teacher, publicist and public figure. Ahmet Baytursynov is an important personality of whole epoch in history of the Kazakh culture. He is the greatest scientist who impregnated his talent by love of the people and tempered his incessant labour. He was as a comet who appeared in dark sky, he was an enlightened who illumed his light around himself. Ahmet Baytursynov was a brilliant author, teacher, linguist. He reformed the Kazakh alphabet based on Arabic script, making it possible to use it to millions of Kazakhs living abroad. In 1912, Ahmet Baitursynov excluded all purely Arabic letters that are not used in the Kazakh language, and added the letters that are specific to the Kazakh language. New alphabet, called "Zhana Emle" ("new spelling"), is still used by Kazakhs living in China, Afghanistan, Iran.

All these achievements were given to him because of his hard work. As a result, he left behind a number of scientific papers. The main credo of Ahmet Baytursynov was serving to people

In spite of tragic fate, he remained in memory of the Kazakh people as a spiritual leader. In this article ideas of Ahmet Baytursynov are analysed. They are about educating and education, talked about actuality of his works nowadays.

Key words: Educating, education, methodology, the native language, didactics.

Егемендік алған еліміз талай ғасырларға созылған мәдени бұркемені ысырып тастап, өзінің ұлттық мәдениетін дамытуда келелі жұмыстар атқарғаны белгілі. Қоғам дамуының бүгінгі кезеңінде жанаша ой-пікірлер мен педагогикалық көзқарастардың қалыптасуы, әсіресе, гуманитарлық ғылымдардың ауқымы кеңейіп, оларды зерттеу жұмыстары жан-жақты жүргізілуде. Дегенмен де, ұлтымыздың жүріп өткен жолына үңілмей, жаңа ғылыми ойларды қалыптастыру қиын. Сондықтан қазақ халқының тарихын зерттеп, елдігіміз бен егемендігімізді сақтау жолында өмірлерін сарп еткен ұлы тұлғалардың еңбегі зор екені белгілі.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында халқымыздың ұлттық болмысын, салт-дәстүрлерін сақтап қалуда, оларды әрі қарай дамытуда ұлт интеллигенциясы реакциялық саясатқа қарсы тұрып, мүмкіндігінше бастаған істерін алға бастыруға тырысып бақты. Сол кездегі ағартушылар, ақындар А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатовтар қазақ мектептерінің ашылуы үшін, ондағы білімнің ана тілінде берілуі үшін күресті.

Бүгінгі Қазақстанда ұлт зиялыларының өмірі, ғылыми-ағартушылық қызметі, әлеуметтік-философиялық, әдеби көзқарастары жан-жақты зерттеліп, жастар тәрбиесінің кәдесіне жарап жатқаны белгілі. Қазақстан ғалымдары: Қ.Б.Бержанов, Қ.Б.Жарықбаев, С.Қалиев, Л.К.Керимов, К.Қ.Құнантаева, Н.Р.Сембаев, Ә.Сыдықов, Т.Т.Тәжібаев, И.Б.Мадин, С.Мусин, А.Е.Илиясова, Г.М.Храпченко, Ж.Ж.Наурызбай, Ж.Әбиев т.б. осы мәселелерді жан-жақты зерттеді. Аталған ғалымдардың зерттеулеріне талдау жасау негізінде ақын, ағартушы, қоғам қайраткері А.Байтұрсыновтың дидактикалық көзқарастарының зерттелуі өз алдына жеткіліксіз қарастырылғандығын байқадық.

Ахмет Байтұрсыновтың ағартушылық ой-пікірлерін сонау 1913-1918 жылдары «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналдарындағы мақалаларынан көреміз. Оған «Мектеп керектері», «Қазақша оқу жайынан», «Бастауыш мектеп», «Орысша оқушыларға», «Маса», «Қырық мысал», «Білім жарыс» деген еңбектері дәлел бола алады. Ахметтің аталған еңбектерінің басты дидактикалық тақырыбы-оқу, білім, ынтымақтастық,

шешендік тіл мен ой бірлігі, ана тілінің мәртебесін көтеру.

А. Байтұрсынов - – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына да көп күш жұмсады. 1902 жылдан бастап ашылған үш жылдық бастауыш мектептерде шәкірттер сауат алдымен орыс тілінде ашатын. Қазақша оқылатын пәндердің тілі қазақша болғанмен, жазуы, яғни ресми түрде қабылданған графикасы жоқ еді. Сондықтан да әр мұғалім өз ыңғайына қарай не орыс, не араб жазуларын пайдаланатын. А.Байтұрсынов бастаған бір топ қазақ зиялылары 1905 жылы 26 шілдеде Ресей Империялық Министрлер Советінің Председателіне петиция жазады. Ондағы қойған талаптардың бастылары: «Қазақ даласында оқу-ағарту ісі дұрыс жолға қойылсын, ол үшін ауыл мектептерінде балалар қазақша сауат ашатын болсын. Оқу ана тілінде жүргізілсін» т. б.

Осы талаптарды жүзеге асыру үшін А.Байтұрсынов қазақ тілі дыбыстарының өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, араб графикасы негізінде жаңаша жазу, жаңа әліпби енгізіп, оқулық шығарды. Бұл білім саласындағы үлкен реформа болатын. Латын графикасына негізделген қазақ жазуы оны пайдаланушыларға үлкен қиындықтар туғызатынын ескерген ғалым, 1926 жылы Бакуде болған түркітанушылардың халықаралық конгресінде осы мәселені күн тәртібіне қойды. Қазақтар үшін араб графикасын қолданудың жеңілдігі туралы А.Байтұрсыновтың пікірі алғашқыда қолдау таппады. Ол өзінің білім беру саласындағы педагогикалық көзқарастарын жоғарыда аталып кеткен бірнеше еңбектеріне қосымша «Оқу жолы», «Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек» деген мақалаларында айтып кеткен.

Ұлы ағартушы мектеп директоры мен ұстаздары жоғары жақтан тағайындалмай, олар дауысқа салыну арқылы сайлану керек деген құнды пікір айтқан. Ақынның бұл идеясын бүгінде демократиялық даму жолындағы елімізде пайдаланса болар еді. Себебі, бұл идея арқылы оқыту мен тәрбие жұмысында педагогикалық-демократиялық қағидалар іске асар еді деп есептейміз.

А. Байтұрсынов 1914 жылы «Бастауыш мектеп» атты көлемді еңбегін жариялайды . Мұнда автор қазақтың бастауыш мектептері қандай болуы керек деген мәселе қойып, сол кездегі қазақ жеріндегі ауыл мектептерінің жай-жағдайы мәз емес екендігін, оларда бағдарлама, оқу құралдары дегендердің жоқтығын, мұғалімдердің жетіспейтіндігін айтады. Бастауыш мектеп миссионерлік саясаттан аулақ болуы керек дей келіп, халық сауатын ана тілінде ашуы керек, атап айтқанда бастауыш мектеп бесжылдық болсын, алғашқы үш жылды балалар ана тілінде, кейінгі екі жылында орысша оқысын деген ұсыныс білдіреді. Ол балалардың оқудағы жетістіктері ұстаздың рухани дүниесіне, білімінің тереңдігіне, әдістемелік шеберлігіне, қарым-қатынас мәдениетіне тікелей байланысты екендігін атап көрсетті.

Ахмет Байтұрсынов «Мектеп керектері» атты мақаласында: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі хәм сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі, мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы хәм сайлы болуы, құралсыз іс істелмейді хәм құрал қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Істің толық жақсы болуына құралдың сайлы хәм жақсы болуы шарт. Үшінші, мектепке керегі – белгілеген программа. Әр іс көңілдегідей болып шығу үшін оның үлгісі я мерзімді өлшеуі боларға керек, үлгісіз я мерзімді өлшеусіз істелген іс олпы-солпы, я артық, я кем шықпақшы. Керексіз нәрселерді үйретіп, балалардың өмірін босқа өткізбес үшін, үйретерге тиісті білімді кем үйретпес үшін, балалардың күші жетпейтін өте алысқа сүйреп кетпес үшін бастауыш мектепте үйрететін нәрселердің кесімі-пішімі болуға тиіс. Сол пішім программа деп аталады», - деп жазады. Оның осы еңбегінде айтылған пікірлері бүгінгі күнгі білім алу принциптерімен үндеседі. Білімді мұғалімдер санының аздығына, арнаулы бағдарламаның жоқтығына, оқудың белгілі бір жүйеге түсе қоймағанына реніш білдіреді. Ол осылайша оқытуға қажетті мәселелерді ғылыми жағынан талдаған. Бұл еңбекте көтерілген басты мәселе- жастарға сапалы білім, саналы тәрбие беру ең алдымен,

мұғалімнің даярлығына, оның іс-тәжірибесіне байланысты екендігі. Ақынның бұл дидактикалық ойлары бүгінгі күні уақыт талабына байланысты оқытудың жаңа технологияларын оқу-тәрбие үдерісінде тиімді пайдалану, жас ұрпаққа халықаралық стандарттарға сай жан-жақты білім

Ақынның педагогикалық, психологиялық еңбектерінде оқушылардың қызығушылығын, ес, талап, дағды, ықылас, жігер сияқты ерекшеліктеріне қатты көңіл бөлінген. Ол өзінің «Баяншы» атты еңбегінде мұғалім балалардың оқуға деген қызығушылығын, жігерін оятып, берілген білім мазмұнын есте сақтау қабілетін дамытуы қажет деп Ахмет оқу-білімді, ағартушылықты «ерге теңдік, кемге кеңдік, азды көп теңгеретін» бостандық жолы деп түсіндірді. Шынында, зиялылықты анықтайтын тәрбиемен берілген таза білім. Тәрбиелі жан ғана өз рухын биіктетіп, рухани жетіле алады. Білімін орнына жұмсай алмаған жан бойында мәдениеттілік деңгейі де төмен болады.

«Қазақ салты» деген тамаша өлеңінде Ахмет Байтұрсынов:

«Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,
Сахара көлге қонып салқындаған.
Бір өртке қаудан шыққан душар болып,
Не қалды тәнімізде шарпылмаған?
Алаштың адамының бәрі мәлім:
Кім қалды таразыға тартылмаған?
Дегендер мен жақсымын толып жатыр,
Жақсылық өз басынан артылмаған.
Тықылдап құр пысықсып сөйлейтін көп,
Екпіндеп ұшқыр атша қарқындаған.
Бос белбеу босаң туған бозбала көп,
Киіздей шала басып қарпылмаған.
Еңкендеп ет аңдыған шалдар да көп,
Телміріп бір тойғанын ар қылмаған.
Ақ көңіл алаң-бұлаң адамдар көп.
Есептеп азын көпке аңқылдаған.
Қайырсыз неше сараң байлар да бар,
Қайықтай толқындағы қалтылдаған.
Бәрінен тыныш ұйықтап жатқандар көп,
Ұмтылып талап ойлап талпынбаған
Солардың қатарында біз де жүрміз,
Мәз болып құр түймеге жарқылдаған.
Не пайда өнеріңнен, біліміңнен

Тиісті жерлеріне сарп ұрмаған?!» – деп толғанады. Егер де оқыған адам ел пайдасына жарамаса, оны зиялыға жатқызуға болмас. Нағыз зиялының сөзі мен ісі үндеседі. Сондықтан ғана зиялылықтың қуаттылығы да күшті болмақ. Осы мәселені қазақ даналығы ер мен ел жарастығы деп ұғындырады. Ер мен ел бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Тұлға мен мемлекет жарастығы нағыз зиялылар ісі арқылы қалыптаспақ.

Ұлы ұстаз профессионализмге ерекше көңіл бөлді. «Бас қосу турасында» атты еңбегінде: «Жұртқа керегін білетіндер көп, істейтіндер аз. Білушілеріміз білгенімен қоймай, істеуге кіріссе екен. Білушілеріміз істеуші болса, оларды көріп, өзгелер де істер еді. Сөйтіп, көсемдер көбейсе, ерушілер де көбейер еді», – деп ой өрбітті.

Ахмет. Байтұрсынов ұлы ұстаз-теоретик ретінде бала тәрбиесінен бастап, ұлттық санаға дейінгі педагогикалық проблемаларды жан-жақты зерделейді. «Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екенімізді білдірер едік», – деп армандайды.

Жұрт ісіне жаны ашып, жұрт намысына қаны қызатын» азаматқа Ахмет: «Ұлт намысы...екі ауылдың, екі таптың я екі рудың намысы емес» екендігін ескертеді. Ал, «Орысша оқушылар» деген мақаласында: «Балам деген жұрт болмаса, жұртым деген бала қайдан шықсын! Балам деп бағып, оқытып, адам қылғаннан кейін, жұртым деп танымаса, сонда өкпелеу жөн ғой... Баланы ұлша тәрбиелесең, ұл болмақшы. Құлша тәрбиелесең, құл болмақшы», – деп пайымдайды. Рухани отаршылдықтың сырын терең түсінген халықты бұралқы құлдықтан, «соқыр санадан», «бұратана санадан», «адамдық айуандықтан» құтқарып, «ауруын аздырып», «тәнін күшейтіп», «қазаққа ес кіргізу» жолын іздейді.

Ұлы ақын қазақ халқының сана-сезімін ояту үшін жаппай сауаттандыру жұмысын жүргізу қажет деп санаған. Бұл ойын А.Байтұрсынов «Тіл құрал», «Қазақша әліппеге баяншы», «Тіл жұмсар», «Қай әдіс жақсы?» т.б. еңбектерінде жан-жақты баяндаған. Ол ана тілінің жас ұрпақ үшін білімдік, тәрбиелік мәнін ашып, әр бала ана тілінде білім алуы шарт деп есептеген.

1928 ж. “Жаңа мектеп” журналының 8-санында жарияланған “Қай әдіс жақсы?” деген көлемді мақаласында ұлы педагог Л.Н.Толстойдың “Үйрету әдістері туралы” деген еңбегіне талдау жасай отырып, “әдіс деген қатып-семіп қалған догма емес... Жақсы дерлікте, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олқылықтың белгісі – бір ғана әдіспен болу. Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу” деп ойын тұжырымдайды.

Ол сауаттылықты негізгі жазуға жаттықтыру деп қарады. Жазу дегеніміз – әріптердің суретін салу, ал оқу дегеніміз – суреті салынған әріптердің дыбысын дұрыс айту. Балалар дыбысты ажыратып үйренген соң, сол дыбыстың таңбасы – кәріпті көрсету керек. Оны меңгергеннен кейін оқу, жазу жұмыстарының бәріне сол тіреу болады деп балаларды оқуға, жазуға үйретудің әдіс-тәсілдерін сөз етті. 1920 ж. Қазанда “Баяншы” деген атпен тілді оқытудың методикасына арналған әдістемелік құрал шығарды. А.Байтұрсынов оқытудың білімділік-танымдық жағымен бірге тәлімгерлік қызметіне де баса көңіл бөлді. Әрбір оқылатын тақырыптардың білім бере отырып, тәрби де беруін қарастыруды талап етті.

А.Байтұрсынов жас ұрпақты адамгершілік рухына тәрбиелеп, елін, жерін, ұлтын сүйетін азамат етуде қазақтың ауыз әдебиеті үлгілері мен салт-дәстүрлерінің, әдет-ғұрыптарының маңызы зор деп санады. Ғұлама ақын өзінің педагогикалық ой-пікірлерін 1913-1918 жылдар аралығында «Қазақ» газетінде жариялаған. Газет беттерінде ол халықтың надандықтан шығу жолы- білімге, ғылымға ұмтылу деген. 1911 жылы Орынборда «Маса» атты жинағын шығарып, онда халықты маса болып шағып, оятып,

Бұл неткен жұрт ұйқышыл,

Болсын кедей, болсын бай,

Жатыр бейқам, жым-жырт [1, 34 б.],- деп оларды күреске, білімге, өнерге шақырады. Ол жалқаулықты, арзан істермен айналысуды, надандықты, білімсіздікті сынады.

Ақын өзінің «Қазақша оқу жайынан» атты шығармасында былай деп жазды: «Біз әуелі елді түзетуіміз керек. Неге десек, болыстық та, бүлік те, халық та оқумен түзеледі. Қазақ ішіндегі неше түрлі кемшіліктердің көбі түзелгенде, оқу-біліммен түзеледі» [2, 56 б.]. Ақынның бұл ойы білім, ғылымның қоғамды өзгертуші күш екендігін көрсетеді. Өйткені білім, ғылымның қазіргі күні де елді, жерді, Отанды дамытуда маңызды құрал екендігіне көзіміз анық жетіп отыр.

А.Байтұрсыновтың тағы бір көтерген педагогикалық идеясы – ана тілінің тәлім-тәрбиелік маңызы. «Әліппе», «Әдебиет танытқыш» атты оқулықтарында берілген өлең-жыр, аңыз әңгімелер, жұмбақтар, мақал-мәтелдерді жас ұрпақ тәрбиесі үшін тиімді құрал ретінде санаған. Ол былай деп жазды: «Адамды ғылым тілімен де, көркем сөзбен де әрі білімді, әрі тәрбиелі етіп, жан-жақты жетілдіруге болады. Ана тілімен оқу бізге керек екендігіне еш талас болмаса керек» [3, 68 б.].

Ағартушы Ахмет Байтұрсынов қазақ балалары үшін оқулықтар, оқу құралдарын жасау керектігін айтып, талап етуден жалықпаған. Ол өзінің «Тіл жұмсар» атты екі

бөлімнен тұратын әдістемелік көмекші құралында былай дейді: «...білімді үйрету жолы басқа. «Тіл – құрал» қазақ тілі қандай құрал екендігін тұтас түрінде таныту үшін түрлі бөлшектерін, тетіктерін, ұсағын ұсағынша, ірісін ірісінше жүйелі тұрған орнында алып көрсетіп танытады. «Тіл – жұмсар» сол үлкен құралдың бөлшектерінен, тетіктерінен балаға шағындап бөлек-бөлек ойыншық сияқты құрал жасап, соларды танытып, соларды жұмсату арқылы барып үлкен құралды танытады» [4, 1-2 бб.]. Бұл кітаптың басты мақсаты – баланы сауатты сөйлеуге, оқуға, жазуға, жаңа емлені қиындықсыз қабылдауға дағдыландыру. Яғни, сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы таныту, үйрету.

Ғұлама ғалым, әдіскер-ұстаз, ақын, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың білім беру, оқыту мәселелеріне қатысты еңбектеріне шолу жасай келе ол ұсынған әдістемелік тәсілдер қазіргі күні де өз өзектілігін жоймағанын көреміз. Ол оқытушыларға мынадай ақыл береді: «Жаңа берілетін сабақты баланың білетін мағлұматтарымен ұштастыру, сабақтың мазмұнына ынталандырып, ілтипат аудару, баланың ішін пыстыратын біркелкі мағлұматтардан сақтану, лайықты салыстыру, теңестіру, ұқсасын табу, түрлі әдісті оңтаймен оқытуды жандандыруға тырысу, өзгерлерді ынталандыру үшін оқытушы өзі үйрететін нәрсеге өзі де ынталы болып, оны өзі де жақсы көруі керек. Оқытушы сүйген нәрсені оқушылар да сүйеді». Міне, бұл мәселелер қазіргі күні де өзекті, өткір, қажетті. Сондықтан да Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері ХХІ ғасырда да өз мәнін жоймағанын, қайта кең қолданысқа түсу керектігін көрсетеді.

"Ахмет Байтұрсынов - ұлттың тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға", - деп Ә.Кекілбаев атап көрсеткендей, ғалымның артына қалдырған мұрасын расында да ешкіммен салыстыруға болмайды. "Жаңа жазу. Жаңа әліппе. Тұңғыш емле. Тұңғыш фонетика. Тұңғыш грамматика. Тұңғыш синтаксис. Тұңғыш терминология мен әдістеме. Тілашарлар. Тіл танытқыштар. Тіл жұмсарлар". Ол ашқан "Қазақ" газеті мен қазақ мектептері, Қазақ мұғалімдер курсы, ол жасаған қазақ терминдері қоры, осылай санай берсек, ұлы ағартушының қазақ мәдениетіне, Қазақстан ғылымы мен оқу-ағарту ісіне қосқан іргелі үлесі ұшан теңіз.

А.Байтұрсынов – ХХ-шы ғасыр басындағы ұлттық мәдениеттің шыңы ғана емес, қазақ халқының рухани көсемі. Академик тарихшы Манаш Қозыбаев «Ахмет Байтұрсынұлы – ХХ-шы ғасырдың ірі құбылысы, феномені. Оның есімі, осы дүбірлі ғасырдың түбірлі, түбегейлі құбылыстарымен тағдырлас. Сондықтан байтұрсынұлытану шын мәнінде ғасыртану десе болады. ...Ахметтануды дамыту барлық гуманитарлық ғылымдардың ортақ парызы», - деген екен. Бұл осыдан ондаған жыл бұрын айтылған пікір болса да, әлі толық нәтиже берген жоқ. Ахмет Байтұрсыновты «Ана тілінің айбары», «Ғасыр саңлағы» десек те, оның дидактикалық мұраларын бүгінгі күн талабынан қайта саралап, ғалым ұсынған әдіс-тәсілдерді оқу үдерісіне пайдаланса, оң нәтиже беретіні сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Ахметов Қ. Ахмет Байтұрсыновтың ағартушылық қызметі.// «Қазақ». -2007. - №23(328).- 8 маусым.
2. Байтұрсынов А. Ақ жол. Шығармалары, өлеңдер, аудармалар, зерттеулер.- Алматы: Жазушы,1989.
3. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақтың ой-пікірлер антологиясы. II том.-Алматы: Рауан, 1995.-205б.
4. Қалиев С., Иманбекова Б. Ахмет Байтұрсыновтың педагогикалық мұраларын оқу-тәрбие жүйесіне пайдалану.- Алматы: Өлке, 2002.-48б.
5. Тіл – жұмсар. 1- бөлім: Практикалық грамматика. -Қызыл-Орда, 1928.-46 б.

МАЗМУНЫ

ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР	
Аппазов Н.О., Акылбеков Н.И. Микроволновая активация в синтезе циклогексизовалерата	3
Байтасов К.Н., Абуова Р.К. Эффективность песчаных бетонов на основе смешанного вяжущего	7
Будикова А.М., Нұрмұратова А.Б. Іргетастардың біркелкі емес шөгүлерінің даму себептері	11
Каршигаев Р.О., Курбанов К.К. Использование техногенного сырья для производства гипсовых и гипсоцементно-пуццолановых вяжущих веществ	17
Остаева А.Б., Мырзабаева А.Ш., Әміржанқызы Г. Электронды құжат айналымының қорғалғандығын қамсыздандыру саласында электронды қолтаңбаның рөлі	21
Сейтмуратов А.Ж., Жаканова А.А. Уравнения колебания трехслойных пластин из вязкоупругого материала	27
Сеитов Т.И., Будикова А.М., Кашакова Э.А. Шөгінді топырақтың компрессиялық модулін анықтау	32
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМДАРЫ	
Абдешев К.Б. Тұзданған суғармалы жерлердегі ауылшаруашылық дақылдардың өнімділігін математикалық өрнектеу	40
Буланбаева П.У. Водный баланс рисового чека	47
Қарлыханов Т.Қ., Далдабаева Г.Т., Токтаганова Г.Б. Климат өзгерісі жағдайында Солтүстік Арал теңізінің болашағы, сақтау мүмкіндіктері	50
Нурғалиев Н.Ш., Таутенов И.А., Шедүжен А.Х. Влияние фосфогипса на пищевой режим почвы под рисом	55
Шаянбекова Б.Р., Шонбаева Г.А., Балмаханов А.А. Экологически оптимальные параметры технологии орошения риса	60
ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ	
Абызбекова Г.М., Абдраманова М.Қ., Сағымбаева М.Д. Тұрақты даму жолындағы химия: «жасыл химия»	66
Лещева М.Г. Использование инструментального аппарата моделирования интегрированных формирований	72
Kilic Muharrem Challenges, policy reforms and regulations for a green economy	79
Таранова И.В. Экономическая оценка эффективности инновационного развития сферы медицинских услуг	84
ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ	
Баймаханова Ш.Ү., Боранқұлова Г.А. Жыраулар поэзиясындағы тәуелсіздіктің көрінісі	93
Есимкулов Б.Н. Типовая и необычная сочетаемость в художественном тексте	97
Камишева Г.А. «Қорқыт ата кітабындағы» жырлардың ортақ сюжеттік желісі	102
Құдайбергенова К.Т.	

Күдерікожа мен Ұлбикенің жұмбақ айтыстарындағы көркемдік ерекшеліктер	107
Нұрғабылова Н. Қорқыттану ілімі: кеше, бүгін, ертең	114
Токсанова С.К. Влияние глобализационных изменений на язык современной периодики	120
Хамидова А.Х. Применение различных подходов в развитии культурологической компетенции студентов	121
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР	
Камишева Г.А., Сайғы Г.Б. Сыр бойындағы Жәдит мектептері	131
Мірхалықов Ж.У., Нұрашева К.К. ЖОО басқару жүйесін дамыту білім беру қызметі сапасының кепілі ретінде	136
Нұрманова Х.Е., Камалатдин А.А. Ахмет Байтұрсынов мұрасындағы оқу мәселелері	142

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің **ХАБАРШЫСЫ**

1999 жылғы наурыздан бастап шығады

Издается с марта 1999 года

Жылына екі рет шығады

Издается два раза в год

Редакция мекен-жайы:
120014,
Қызылорда қаласы,
Әйтеке би көшесі, 29"А"
Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда
мемлекеттік университеті

Телефон: (7242) 26-17-95

факс: 26-27-14

E-mail: ksu@korkyt.kz

Адрес редакции:
120014,
город Кызылорда,
ул.Айтеке би, 29 "А",
Кызылординский
государственный университет
им. Коркыт Ата

Құрылтайшысы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
Учредитель: Кызылординский государственный университет им. Коркыт Ата

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі
берген 450-Ж бұқаралық ақпарат құралын есепке алу куәлігі, 29 қазан, 1998 ж.

Техникалық редакторы: **С.А.Кұлманова**

Корректоры: **Қ.Жұмабаева**

Теруге 15.11.2014 ж. жіберілді. Басуға 12.12.2014 ж. қол қойылды.
Форматы 60x84¹ г. Көлемі 15,25 шартты баспа табақ. Таралымы 500 дана.
Тапсырыс 115. Бағасы келісім бойынша.

Сдано в набор 15.11.2014 г. Подписано в печать 12.12.2014 г.
Формат 60x84¹ г. Объем 15,25 усл.п.л. Тираж 500 экз. Заказ 115. Цена договорная.

*Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.
Мақала мазмұнына автор жауап береді.
Қолжазбалар өңделеді және авторға қайтарылмайды.
"ХАБАРШЫДА" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.*

*«Ақмешіт Баспа үйі» ЖШС баспаханасында басып шығарылды.
120014, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 31.*